




YESSENOV
UNIVERSITY

ISSN 1684-9299

Подписной индекс **76061**

Yessenov Science Journal

№1 (33) 2018



Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың
маусым айынан бастап шығарылады.
Жылына 2 рет шығады.

Жекеменшік –

Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университетінің ЛБХ
бойынша РМҚ

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
130000, Ақтау қ., 32 шағын аудан,
Есенов университеті, бас ғимарат.

Тел./факс: +7(7292)42-02-29,
+7(7292)42-57-80

Сайт: : www.yu.edu.kz.

Журнал Қазақстан
Республикасының мәдениет және
ақпарат министрлігінде қайта
тіркеуден өткен құлқ №17181-Ж
21.06.2018 ж.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 дана

Ш.Есенов атындағы
ҚМПУ-ның редакциялық-баспа
орталығында басылған.

Мекен-жайы: Ақтау қаласы,
32 шағын аудан.

Редакция қеңесі

Бас редактор: Ахметов Б.Б., т.ғ.қ.,

Академик

Бас редактордың орынбасары:

Нрмаганбет Е.П., доктор PhD

Жауапты хатшы: Джанисенова А.М.,
магистр

Чоудхури Д., доктор PhD,

Ұлыбритания

Боран-Кешишьян А.А., т.ғ.қ., доцент,

Новороссийск қ., Ресей

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of Communication Technology
and Network Faculty of Computer Science
and Information Technology, Universiti
Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, Познань қ.,

Польша

Кошимова Б.А., ф.ғ.қ., профессор

Жумаев Ж.Ж., т.ғ.д., профессор

Саймағанбетова Т.А., э.ғ.қ., доцент

Кулиманова М.Р., ф-м.ғ.қ., доцент

Пабылганов М.П., т.ғ.қ., доцент

Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002
года. Периодичность 2 номера в год.

Собственник –
ҚТУПМ им. Ш. Есенова

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 130000,
г. Ақтау, 32 мкрн., здание университета
Есенова.

Тел./факс: +7(7292)42-02-29,
+7(7292)42-57-80

Сайт: : www.yu.edu.kz

Журнал перерегистрирован в
Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан Свидетельство
№17181-Ж 21.06.2018 г.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-
издательском отделе ҚТУПМ

им. Ш. Есенова

Адрес: г. Ақтау, 32 мкрн.

Редакционный совет:

Главный редактор: Ахметов Б.Б.,
к.т.н., Академик

Заместитель главного редактора:
Нрмаганбет Е.П., доктор PhD

Ответственный секретарь:

Джанисенова А.М., магистр

Чоудхури Д., доктор PhD,

Великобритания

Боран-Кешишьян А.А., к.т.н., доцент,

г. Новороссийск, Россия

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of Communication Technology

and Network Faculty of Computer Science
and Information Technology, Universiti

Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, г.Познань,

Польша

Кошимова Б.А., к.ф.н., профессор

Жумаев Ж.Ж., д.т.н, профессор

Саймағанбетова Т.А., к.э.н., доцент

Кулиманова М.Р., к.ф-м.н., доцент

Пабылганов М.П., к.т.н., доцент

Yessenov Science Journal

Scientific Journal published

Since June 2002.

Periodicity: 2 times a year

Proprietary-

RSE on RFU «Sh.Yessenov Caspian state

university

Of technologies and engineering »

Editorial address: Republic of

Kazakhstan,

130003, Republic of Kazakhstan,

Mangystau region

 *Aktau city, 32 microdistrict*

Web-site: www.yu.edu.kz

Journal is re-registered in the Ministry of

Culture and Information

Republic of Kazakhstan

Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018

ISSN 1684-9299

Circulation: 300 copies

Printed in Sh.Yessenov Caspian State

University

Of technology and engineering

Address:  Aktau, 32 microdistrict

*Chief Editor: Ahmetov B.B., (Cand.Sci
(Eng.), academician)*

Deputy Chief Editor: Nurmaganbet E.T.,

Dr. PhD

Executive Secretary: Dzhanisenova A.M.,

master

Chowdhury D., Dr. PhD, Great Britain

Boran- Keshishyan A.L., Cand.Sci (tech),

Novorossiysk, Russia

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department

of communication technology and

Network faculty of Computer Science and

Information Technology, Putra University,

Malaysia

Jankowski G., prof., Poznan, Poland

Koshimova B.A., (Cand.Sci. (Phil)),

Zhumaev Zh.Zh. (Dr. Sci. (Eng.))

Professor

Saimaganbetova G.A., (Cand.Sci. (Econ.),

associate professor),

Kulmanova M.R. (Cand.Sci. (Phys-Math),

associate professor),

Tabylganov M.T. (Cand.Sci (Eng.),

associate professor)

МАЗМҰНЫ

Ұлттық көркем ойлау көріністері	
Қамарова Н.С.	10
Маршал Әбдіхалықов шығармаларындағы ұлттық идея	
Отарова А.Н.	19
Луций Апулейдің «Метаморфоза» романы	
Кобланов Ж.Т.	29
Марат Қабанбаев шығармаларындағы көркемдік ізденістер	
Абишева Ш. С.	36
Өндіріс ғимараттарын қайта конструкциялау	
Есеева Л.Б.	42
Құрылыс өнімінің сапасын қамтамасыз ету	
Оспанова С.М.	46
Біртексіз термомеханикалық жүктелу кезіндегі тік стерженнің орнықтылығы	
Байсарова Г.Г.	50
Кеме энергетикалық қондырғыларын техникалық диагностикасының қазіргі заманғы негізгі аспектілері	
Табылов А.У., Сатжанов Б.С.	54
Құрылыс өнімінің сапасын қамтамасыз ету	
Оспанова С.М.	61
Жалпылама статикалық моменттер және келтірілген ауырлық центрі координаттары	
Байсарова Г.Г.	66
СБС Л 30-01А маркалы стирол-бутадиен-стиролды блок-сополимерды пайдалана отырып битумды түрлендіру	
Аккенжеева А.Ш., Сыдыков С.У.	71
Жосықсыз бәсекелестік актілерін шетел заңнамалары бойынша саралау	
Косжанов К.Б.	79
Мұнай және газ өндірісінің дайындауын ресурстардың және өндірістік пәндерін экономикалық бағалау	
Бақытқалиқызы Н., Естурлиева А.И.	90
Жаңғырту жолында кадрларды даярлаудың өнеркәсіптік секторының инновациялық даму үшін Қазақстан Республикасының экономикасы	
Кулмурадов А.С., Досмамбетова Ф.К.	103
Даму перспективалары ҚР сыртқы саудасының төмендеуі жағдайында мұнайдың әлемдік бағасының	
Айтджанова Г.О., Естурлиева А.И.	114
Бағалау маркетингтік зерттеулер мен қауіпсіздігін азық-түлік нарығында	
Маңғыстау облысы	
Нурнепесов Ш., Аманиязова Г. Д.	124
«Жарық интерференциясы» тақырыбы бойынша деңгейлік есептер	
Таймуратова Л., Джанғалиева А.	134
Б. Майлин туындыларының көркемдік әлемі	
Абишева Ш. С.	140
Белсенді туризмді дамытудың шетелдік тәжірибесі	
Байискакова К.А.	147
Драма жанрында фольклорлық дәстүрді игеру мәселесі	
Қобланов Ж.Т.	155
Физиканы оқыту үдерісінде үдеу ұғымын қалыптастыру әдістемесі	
Туркменбаев Ә. Б., Мамбетов О. К.	162

Математикалық есептерді шығару арқылы экономикалық сауаттылықты қалыптастыру	
Кощанова Г.Р., Шаленова С.М.	169
Ақпараттық технологияны мамандар даярлауда қолданудың ерекшеліктер	
Байназарова Р.М.	176
Жазушы шеберлігі	
Абишева Ш.С.	179
Мемлекеттік коммуналдық өнімдердің өнімдердің мемлекеттік деңгейлі деңгейін экономикалық мәтіні	
Естурлиева А.И.	185

СОЖЕРЖАНИЕ

Проявления национальных художественных мысли	
Камарова Н.С.	10
Национальная идея в произведениях Маршала Абдыхалыкова	
Отарова А.Н.	19
Роман «Метаморфоза» Луций Апулея	
Кобланов Ж.Т.	29
Художественные поиски в произведениях Марата Кабанбаева	
Абишева Ш.С.	36
Реконструкция производственных зданий	
Есеева Л.Б.	42
Обеспечение качества строительных изделий	
Оспанова С.М.	46
Устойчивость прямого стержня при неравномерном термомеханическом нагружении	
Байсарова Г.Г.	50
Основные аспекты современной технической диагностики судовых энергетических установок	
Табылов А.У., Сатжанов Б.С.	54
Обеспечение качества строительных изделий	
Оспанова С.М.	61
Обобщенные статические моменты и координаты приведенного центра тяжести	
Байсарова Г.Г.	66
Модифицирование битума с использованием стирол-бутадиен-стирольного блок-сополимера	
Аккенжеева А.Н., Сыдыков С.У.	71
Внешняя конкурентоспособность деятельности в иностранной валютной экспертизы	
Косжанов К.Б.	79
Экономическая оценка ресурсно-производственного потенциала предприятий нефтегазодобывающей промышленности	
Бақыткалиқызы Н., Естурлиева А.И.	90
Пути модернизации подготовки кадров промышленного сектора для инновационного развития экономики Республики Казахстан	
Кулмурадов А.С., Досмамбетова Ф.К.	103
Перспективы развития внешней торговли РК в условиях снижения мировых цен на нефть	
Айтджанова Г.О., Естурлиева А.И.	114
Оценка маркетинговых исследований и безопасность продуктов питания на рынке Мангистауской области	
Нурнепесов Ш.К., Аманиязова Г.Д.	124
Уровневые задачи по теме «интерференция света»	
Таймуратова Л., Джангалиева А.	134
Художественный мир Б. Майлина	
Абишева Ш.С.	140
Зарубежный опыт развития активного туризма	
Байискакова К.А.	147
Проблема использования фольклорных традиции в жанре драмы	
Кобланов Ж.Т.	155
Методика формирования понятии ускорения в процессе обучения физике	
Туркменбаев А.Б., Мамбетов О.К.	162

Формирование экономической грамотности при решении математических задач Кощанова Г.Р., Шаленова С.М.	169
Особенности использования информационных технологий в обучении специалистов Байназарова Р.М.	176
Мастерство писателя Абишева Ш.С.	179
Экономические методы государственного регулярного уровня продуктов по рациональным коммунальным продуктам Естурлиева А.И.	185

CONTENTS

Manifestations of national artistic thought	
Kamarova N.S.	10
The national idea in the works of Marshal Abdyhalykov	
Otarova A.N.	19
Roman Metamorphosis of Louisia Apuley	
Koblanov Zh.T.	29
Artistic search in Marat Kabanbaevas literary works	
Abisheva Sh.S.	36
Reconstruction of production buildings	
Yesseyeva L.B.	42
Quality assurance of construction products	
Ospanova S. M.	46
The stability of a straight rod with no uniform thermomechanical loading	
Baisarova G.G.	50
Basic aspects of modern technical diagnostics of ship power plants	
Tabylov A.U., Satzhanov B.S.	54
Quality assurance of construction products	
Ospanova S. M.	61
Static generalized moments and coordinates of the given center of gravity	
Baisarova G.G.	66
Modification of the bitumen using the styren-butadiene--styrenic block sopolimer SBS L 30-01A	
Akkenzheyeva A.S., Sydykov S.U.	71
External competitiveness activities in foreign currency examination	
Koszhanov K.B.	79
Economic evaluation of resource and production potential of oil and gas industry preparations	
Bazykkalikyzy N., Esturliyev A.I.	90
Ways of modernization of training of industrial sector persons for innovative development of the economy of the Republic of Kazakhstan	
Kulmuradov A.S., Dosmambetova F.K.	103
Prospects of development of foreign trade of RK in the conditions of decline of world oil prices	
Aitdzhanova G., Yesturliyeva A.I.	114
Evaluation of marketing researches and safety of food products on the marginal region market	
Nurnepesov Sh.K., Amanyazov G.D.	124
Level tasks on the theme "interference of light	
Taimuratova L., Jangalieva A.	134
Literary world of B. Mailin	
Abisheva Sh. S.	140
Foreign experience of active tourism development	
Baiiskakova K.A.	147
The problem of using folklore traditions in the genre of drama	
Koblanov Zh.T.	155
The method of forming the concept of acceleration in the process of teaching physics	
Turkmenbayev A., Mambetov O.	162
Formation of economic literacy through at the solution of mathematical tasks	
Koshanova G., Shalenova S.	169
Specific features of the use of information technology in the training of specialists	
Baynazarova R.M.....	176

The writer's skill	
Abisheva Sh.S.	179
Economical methods of state regular of the rational utilities oil products	
Yesturlieva.A. I.	185

Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру

ӘОЖ 82-7

Қамарова Н.С.¹

¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМ ОЙЛАУ КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа. Ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан қазақ әдебиетінің даму жолы халқымыздың рухани ұлттық сипатын танытады. Қазақ поэзиясының көркемдігін зерттеу үстінде поэзиядағы бейнелеу мен ажарлаудың ұлттық сипаты, ұлттық көркем ойлау көріністері ашылады.

Қазақтың белгілі ақыны Фариза Оңғарсынованың поэзиясы – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Ақынның ішкі терең сырлары лирикалық өлең арқылы аңғарылады. Ф. Оңғарсынова поэзиясындағы лирикалық «Мен» кейіпкер пішініндегі ақын бейнесінде көрініс табады. Ақын өлеңдеріндегі тура психологизм мен жасырын психологизмге таладаулар жасалады. Ақынның ішкі монологы тұтас поэзиясының көркемдік ерекшелігі екендігі дәлелденеді.

Ұлттық ойлау ақын поэзиясының өн бойында желі тартып жатқандығы нақты мысалдармен айтылады. Ақын өзінің бейнесі, ойы, сезімі арқылы өлеңдерінде халқының ұлттық мінезін танытады.

Түйінді сөздер: Қазақ поэзиясы, Фариза Оңғарсынова, психологизм, поэзия падишасы, лирикалық өлең, лирикалық «Мен», ішкі монолог, ұлттық көркем ойлау, ұлттық мінез, ұлттық рух.

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қазақстандық қоғамда да мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы тиіс деген қызу пікірталас қалыптасып отырғандығын аңғаруға болады. Қазақтың ата-бабалардан сақталып, ұрпақтарға ұлықталып жеткен ұлағаты – ұлттық қарым-қатынас мәдениетін, мінез-құлықтың ең ізгі қасиеттерін құрметтейтін дүниетаным көзқарастары. Ақындық поэзияның

лирикалық-дидактикалық өлеңдерінде, айтыстарында, дастандарында қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ойлау дүниетанымына тән өрнектер мақал-мәтелдер арқылы ұрпақтар жадына жаңғырта ұсынылды [1, 8-9]. Бұл мақалада поэзия падишасы атанған Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы ұлттық көркем ойлау көріністерін сөз етпекшіміз. Поэзиядағы сұлулық, сезімнің кір шалмаған шынайы тазалығы, ойдың тереңдігі арқылы Фариза қазақ поэзиясының рухын асқақтата түсті. Талантты ақындар шығармашылығындағы қабілет-қарымын айқындайтын көрсеткіш – тек шынайы сезім ғана емес, сонымен бірге ерекше ойлау өнері. Нағыз сыршыл поэзияны туғызатын – ақынның үлкен жүрегі.

Ақын поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның қазақ екендігін танытатын психологиялық және ойлау өзгешелігі ақынның тылсым сырлары ашып көрсетеді. Фариза өлеңдерінен лирикалық «Мен» арқылы терең түйсік аңғарылады. Кейде тұтас бір буынның өзекжырды сыры ақын тебіренісімен жарыққа шығады. Ф.Оңғарсынова терең сырлы өлеңдерінде тура психологизммен бірге жасырын психологизмге көп ден қояды. Ұлтымызға тән мінез ақын өлеңдерінен көрініс тапқан. Бұл тәсіл – ақынның ерекше шеберлігі. Ақын жанының тереңінде тұнған сезімді тек көкірек көзімен ғана көру керек:

Елесің қуантардай,
сен жайлы ой кешемін.
Өзіңе дым да айта алмай,
Құрбыңмен сойлесемін.
Қолыңды алам да мен,
Қысуға қысыламын.
Гүлімді саған деген,
Мен оған ұсынамын [2, 282].

Мұнда бозбала психологиясы жасырын психологизм арқылы ашылады. Ғашығының елесі қуантып тұрған бозбаланың кездескенде ештеңе айта алмай, құрбысымен сөйлесетіні қалай? Немесе алған гүлін басқаға ұсынатыны несі? Бұл – нағыз ғашық халі.

Кездесем жеке мүлдем,
Кетер деп сыр жалғасып,
Байқамай өтемін мен,
Жаныңнан жылдам басып [3, 205].

Алдыңғы шумақтардан жігіт жанын байқасақ, бұл шумақтағы сезім – қыз сыры. Қанша көруге ынтықса да, жанынан жылдам басып, байқамай өту де – қыздың сүйген

жігітіне сыр бермеуі. Қазақ қызының табиғатына ғана тән ибалы мінез әдемі жырланған. Қыз жанының жұмбақ сырын мына мысалдардан да аңғарамыз:

Жиында жұртқа жарқылдап,
Көзге ілмей сені тұрамын [4, 49],
немесе
Қыздардан өрлік қалған ба -
Құлай сүйсе де шектелген:
Сен алғаш сүйіп алғанда,
Ашуланған боп кеткем мен...[4, 50].

Бойжеткен қыздың пәк көңілі, ақ жүрегі көрінеді. Ол бірақ сыртқа байқалмайды. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» деген Абай афоризмінің көрінісі. Қазақ қызының ұяң мінезі де тармақтар тасасында жасырынып тұр..

«Әр ақынның өз дарыны, өз интеллектісінің дәрежесіне орай шығар биігі бар. Құс қанатының қуаты жеткен жеріне дейін көтеріледі десек, ақын да сондай» [5, 42] - деп көрнекті зерттеуші М. Дүйсенов жазғандай әр ақынның дүниетанымы оның адами кейпін, азаматтық позициясын, ішкі жан дүниесін танытады. Сондай-ақ әр қаламгердің өз шама-шарқына қарай дараланған стилі де айқындалады. Ал дара стильдің поэтикасы Ю.И.Минералов көрсеткендей «ішкі қозғалыс кешені» [6, 32]. Адам жанына қабылданған нәрсенің бәрі қозғалысқа негізделеді. Лирикалық өлеңнің ішкі қозғалысы – адамның сезім құбылыстары, эмоциясы, жалпы ішкі әлемі. Ішкі әлем ақын жасаған астарлы образдармен астасып жатады. Ақынның ішкі дүниесіндегі құбылыстар ғайыптан пайда болмайды, ол – өмір құбылыстарының әсері. Лирикадағы тартыс, драматизм, психологизм өзге жанрлардағыдай сюжеттік ситуация арқылы көрінбесе де, ақынның, лирикалық «Меннің» күйініш-сүйініші, ой-сезімі арқылы көрінеді. Лирик ақын ішкі әлемнің ерекше ырғағын, сұлу қозғалысын тудырады.

Ішкі монолог тәсілінің әдебиеттің барлық жанрында да белгілі бір көркемдік қызметі, өзіндік ауыр жүгі бар. Ал лирикалық өлеңдегі көрінісіне Фариза ақыннан бір мысал алайық:

Мен қашанғы ішімнен шыңғырамын,
Қашан, қашан басылар бұл құмарым.
Ей, адамдар, айтсаңшы біреуің кеп,
Қандай емнен жазылар жынды жаным? [3, 303]

Ақын алай-дүлей сезімін осылай өлеңге түсірген. Ішкі монологты лирикалық «меннің» баламасы деуге де болады. Фариза ақынның тағы бір өлеңіндегі ішкі монологқа құлақ түрейік:

О, жасаған! Сүйе алар жүрек беріп,
Неге маған сүюді мұң еткенің,
Дәл осындай қасірет тілеп пе едім? [3, 279].

Мұнда ақынның лирикалық «Мені» мұң шағып тұр. Осылайша лирикалық өлеңдердің көбінесе ішкі монологқа, кейде ішкі диалогқа құрылу себебі, бұл – автордың өзгеше өрелі тыңдаушысын іздеп шарқ ұрғаннан туындайтын құбылыс. Лирикадағы мұң барлық ақында бірдей болғанымен, оның жеткізілуі әр қалай. Қазіргі қазақ әдебиетінің кемелденуіне байланысты, көркемдеу құралдарының, бейнелеу үлгілерінің молаюына байланысты ішкі монолог түрленіп қолданылып, шығармаға көркемдік нәр береді. Бұл тәсіл көбіне психологиялық талдау ретінде беріледі. Ф.Оңғарсынованың «Әйелдің монологы», «Бақыттының монологы», «Бойжеткеннің сөзі», «Жастық шақ монологы», «Қоштасу» («Қыз Жібектің соңғы сөзі»), «Жантолының монологы», «Жастық шақ туралы элегия», «Кек немесе келіншектің ызасы», «Аңсау немесе жесірдің зары», «Мұқтаждық немесе жетімнің монологы» сияқты лирикалық өлеңдердің сезімдік психика циклі – эстетикалық өріс емес, зерттеу. Ақын өзін ғана зерттеп қоймайды, жалпы адам жанын зерттейді, лирикалық кейіпкерін де танытады. Жоғарыда аталып өткен ақынның монологтары – лирикалық кейіпкердің, атап айтсақ, бойжеткеннің, Майраның, Жантолының, Қыз Жібектің, т.б. атынан айтылады. «Әйелдің монологынан» үзінді келтірейік:

Сенің от құшағыңда
дүниені ұмытып талықсыдым.
Жүрегімді өртеді жан ыстығың...
Бірақ өзің айныдың.
Ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,
сен мысқылдап, мен дағы жылап тұрдым.
Өмір деген бұрқанған дарияға
бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.
Сонда ғана есейіп бұл жалғанда,
Бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім [7, 68].

Лирикалық кейіпкердің жан айқайын ақын дөп басып, дәл көрсете білген. Алдамшы сезім жетегінде кеткен әйел үні ақын жүрегінен сүзіліп шыққан. Бұл – кейіпкер пішініндегі ақын сөзі. Сонымен бірге лирикалық кейіпкердің ішкі рухани дүниесі лирик ақынның дүниетанымын да байқатады. Кейіпкер психологиясын танымдық тұрғыдан тану өлең өрімін табиғи тұтастықта талдауда шеберліктің шынайылық сипатына саяды. Бірсыдырғы мазмұндау, қарадүрсін, қарабайыр жүйелеу жыр әлемінің жүйесін жасытып, жемісін

желілей алмайды. Нағыз психологиялық өлең – шын ақынның өмірден көрген-түйіндерінен туған терең толғаныс, әсерлер.

Фариза Оңғарсынованың өзі туралы монологының тағы бірі мынадай:

Жұрт мені қатал дейді,
 Найзағайдай мінезі шатырлаған,
 Біреулері айтады ақыл маған:
 Өркөкірек, тәкаппар, менменсіген...
 Ұнатпайды дәл мұндай ақынды адам,
 (Одан сайын мен шіркін қатуланам).
 Біреулер қиялдайды,
 Мұндай адам ешкімді сүйе алмайды,
 Өтірік өлең жазады талықсыған,
 Қайдан ғана бал сезім таныс бұған?
 (Түсініксіз қалпыммен байғұстарды,
 Ойларымен өздерін алыстырам) [4, 165].

Лирикадағы монолог – ақынның шынайы да мөлдір жаны, ішкі тынысы, ішкі демінің дірілі. Фариза ақынның кейіпкер психологиясын дәл ашуы бозбала атынан үн қатуы «Мен өмірді сен деуші ем» (бозбаланың күнделігінен) циклді лирикасынан аңғарылады:

Асықтым әр таңға мен,
 Жүзінді көрем бе деп.
 Бұл қайғым тарқар демен,
 Өмірде сенен бөлек.
 Тіл қатсаң жігіттерге,
 Қызғандым аласұрап.
 Күңкілшіл күдіктен бе –
 Сенделдім дара шығып... [4, 95].

«Қыз сыры» аталатын лирикасында да бойжеткеннің ішкі жан-дүниесі әдемі өріледі. Бұл айтылған лирикалық кейіпкер жанының толқындары – ақынның өз басынан кешірген сезім сәттері. Құйылып түскен мөлдіреген әрбір лирикалық өлеңнен Фариза ақын жүрегінің аяулы лүпілі сезіледі.

Ұлттық көркем ойлау – қазақ поэзиясында кеңінен көрініс тапқан тәсілдердің бірі. Фариза поэзиясында ұлттық ойлау, ұлттық мінез көбіне төрт түлікті образға айналдыру арқылы танылады. Ақын жырларында ең көп кездесетін ұлттық образ – жылқы түлігі.

Арман деген елесті қуып келем,
 Алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен... [8, 30].

Адам көңілін жылқының ең асыл тұқымды түріне, дүлдүліне, жүйрігіне балау – қазақ поэзиясында әуелден қалыптасқан дәстүр. Алып-ұшқан, көтеріңкі көңіл-күйді бейнелейтін осындай лирикалық туындылардың басым бөлігінде арғымақ, тұлпар образдары ілесіп жүреді.

Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
Қуат сорып, ұшқын ап іштегі үннен.
Табанымнан тілінген шөңге жұлып,
Сәйгүлік күшке мінем [9, 170], -
немесе:

Сонысымен тәтті де өмір деген,
тұралаған өмірді өмір демен.
Құлазисың, құлайсың, тағы тұрып,
Тағы ілгері желеді көңіл-дөнен [3, 253], -

деп бірде көңіл күйін сәйгүлікке баласа, біресе дөненге телиді. Сәйгүлік күшке міну, желген көңіл-дөнен – оптимистік сарындағы бейне. Бұл жердегі сәйгүлік те, дөнен де – ақынның ұшқыр қиялы, оттай ыстық сезімінің көрінісі.

Құпиясы мол ақын жанының күрделілігі мына бір жолдардан да байқалады:
Менде бір толғаныс бар,
(Кейде өзім де түсінбеймін),
Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген,
Бәйге алаңы сияқты дүсірлеймін [8, 31].

Қырдағы дүсірлеген бәйге алаңы – ақын басындағы әрқилы көңіл-күйлер, психологиялық драматизм, сезім-қиял шиеленісуі мен шарықтауы. Қандай да болмасын күрделі ой мен сезім күйлерін осылайша қарапайым, көзге елестетерліктей бейнелі жеткізе білу – Фариза ақын қаламына тән қасиет.

Жыл сайын, ауыл, сендегі,
Қымбаттарыма оралам.
Сақталған көңіл- теңдегі,
Сырды ақтаруға оралам [3, 76].

Тең – ұлттық өмірімізде ата-бабаларымыздың көшпелі өмірінен қалған мұра, көлікке арту үшін буып-түйген жүк болса, ақынның көңілді теңге балауы, жүрекке артатын сыр толы «теңі» – ұтқырлықпен бірге ақын жан-дүниесінің байлығы, қымбат қазынасы.

«Жайлауға келгенде» деген өлеңде жайлауға сағынышпен келген, бірақ ауылда туып, қалада өскен, қала сәнімен киінген ақынның жан дүниесі жайлаудай шалқи жөнеледі:

Жоқ, менің жаным – қазақтың жаны кіршіксіз,
 Бал қымыз қайда – әкелші, қалдық күнсіп біз.
 Келдім ғой мұнда (қарама, жеңге, аңырып)
 Тезекке піскен таба нан иісін сағынып...
 Домбыра бар ма? Берейін әсем ән салып,
 Қазақтың әнін тыңдайсыңдар ғой тамсанып...
 «Қалада өстім, бәрі ерсі мұнда», - демейін,
 Қол тимей жатса, сиыр да сауып берейін... [2, 220].

Нағыз ұлттық психология. Ауылын аңсап келген, қалада жүргенде жүрегі «ауылым» деп соғатын әрбір қазақтың жүрек түкпіріндегі алып-ұшқан сезімді дөп басып көрсеткен. Сәні қалалық болғанмен, жаны далалық ақынның шынайы толғанысы бұл өлеңде әдемі өрілген. Атамекенге сағынып жеткенде ақын жаны әсем күймен күмбірлеп кеткендей күй кешеді:

Сағынып жеткен шағында,
 Жаз жайлау – атамекенге.
 Дала боп дарқан жаның да,
 Жадырап қалады екен де...
 Ән-күйің қымбат мұнда аса,
 Күтпейді сізден сый бөтен,
 (домбыра төрде тұрмаса.
 Қазақтың үйі үй ме екен!) [8, 18]

Ақын өзінің бейнесі, ойы, сезімі арқылы бұл шумақтардан халқының ұлттық мінезін танытады. Әр тармақты сипаттап жатудың өзі артық. Қарапайым жолдарға мол сыр ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелтетін Ф.Оңғарсынованың лирикасындағы ұлттық бояу мына өлеңдерден де танылады: «Жаулықтар», «Түс», «Жайлау. Той», «Жерошақ», «Боздақ», «Ертегі елестері», «Туған ауыл», «Киіз үй», «Оюлар», «Ер-тұрман», «Айналайын ауылдың адамдары-ай!», «Тілеу», «Қазақтың дәстүрлері», «Қырдағы бәйге», «Жайлау таңы», «Қыз қуу», «Тағдыр», «Қыр қазағының қартайғандағы сөзі», «Арғымақтары қайда екен бұл даланың», «Жаралған деп жат үшін», «Ауыл қызы» және т.б. Жақсы болып көріну – мақсат емес, // ар аттамау – мен үшін басты мұра [9, 254], – деп ақын өзі жазғандай жан сұлулығы, шынайылық, арлылық – ақынның өмірде ұстанған басты мақсаты. Бұл мақсат – күллі оқырманына өсиет.

Ф.Оңғарсынова поэзиясын ұлттық поэзиямызды өз жаңашылдығымен байытқан, өзіндік дәстүр қалыптастырған жаңа арна деп атауымызға болады. Ақындық әлемі сыршыл сезім, парасатты ой, азаматтық ұстаным, ақындық өлшем бірлігінен тұратын Фариза

поэзиясының қашанда тұғыры биік, жұлдызы жоғары. Ұлттық мінез – Фариза Оңғарсынова поэзиясының алтын қазығы. Ұлттық идеяға негізделген ақын поэзиясы қазақпен бірге жасайды. Ф.Оңғарсынова өлеңдерінің поэтикалық қуатын күшейтіп тұратын ерекшелігі – ондағы ұлттық сипатты танытатын ұлттық мазмұн мен пішіннің бірлігінде, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған ақын өлеңдерінде тың ой, жаңа ізденіс, рухани кеңдік, көркем суреттер мен шынайы образдар көптеп кездеседі. Ақын поэзиясындағы дала, домбыра, бесік, тау, тұлпар, киіз үй сияқты ұғымдар символдық мәнге айналған ұлттық көркем дәстүріміз. Фариза ақын қазақ поэзиясында ұлттық ұғымға негізделген тұтас көркемдік ойлау жүйесін қалыптастырды, қазақ халқының ұлттық көркем образын мүсіндеді. Фариза – қазақ поэзиясын ұлттық нақыштармен әрлеген, ұлттық көркемдік ойлау дәстүрін жалғастырған және жаңа көркем образдар тудырған қайталанбас тұлға. Қазақтың ұлттық поэзиясына, өз көркемдік әлемімен, өз таңбасымен келген ақын шығармашылығы әркез әдебиеттану ғылымы мен сынының назарын аударып жоғары бағасын алып отырды. Ақын поэзиясы қазақ әдебиетінің тарихына өшпес мұра ретінде енген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
- [2] Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. – Т.1. – 324 б.
- [3] Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1978. –Т. 1.
- [4] Оңғарсынова Ф. Ғашық сезім. Лирика. – Астана: Фолиант, 2013. – 224 б.
- [5] Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім // Кітапта: Жанр сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971.
- [6] Минералов Ю.И. Поэтика индивидуального стиля. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Москва, 1986.
- [7] Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. – Алматы: Білім, 1999.
- [8] Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. – Т.2. – 328 б.
- [9] Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1978. –Т. 2.

ПРОЯВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ МЫСЛИ

Қамарова Н.С. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г.Актау, Казахстан.

Аннотация. Способ развития казахской литературы, которая развивается на протяжении многих веков, отражает духовный национальный характер нашего народа. В изучении художественности казахской поэзии отражается национальный характер и проявления национальных художественных мысли.

В этой статье анализируется психологизм поэзии известной поэтессы Фаризы Онгарсыновой, раскрывается красота и идейный смысл ее лирических произведений. Ее поэзия - неповторимый шедевр. Глубокие тайны души акына становятся понятными через его лирическую песню. В его лирике особое место занимает образ лирического «я». В своих творениях Онгарсынова создает предпосылки для развития прямого и скрытого психологизма. Через внутренний монолог целиком раскрываются художественные особенности ее поэзии.

Национальные мысли поэтессы подтверждаются конкретными примерами из ее поэзии. Через свой образ, мысли, чувства она создает в своих произведениях национальный характер народа.

Ключевые слова: казахская поэзия, Фариза Онгарсынова, психологизм, королева поэзии, лирический стих, лирическая «Я», внутренний монолог, национальное художественное мышление, национальный характер, национальный дух.

MANIFESTATIONS OF NATIONAL ARTISTIC THOUGHT

Kamarova N.S. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Abstract. The way of development of Kazakh literature, which has been developing for many centuries, reflects the spiritual national character of our people. The study of the artistry of Kazakh poetry reflects the national character and manifestations of national artistic thought.

This article analyzes the poetry psychology of known poet Fariza Ongarsynova, reveals the beauty and meaning of her ideological lyrical works. Her poetry is a unique masterpiece. Deepest secrets of akyn's soul become clear through her lyrical song. The image of the lyric "I" occupies a special place in her lyrics. Ongarsynova creates prerequisites for the development of direct and hidden psychology in the works. Through inner monologue reveals the entire artistic features of her poetry. National thoughts of poet are confirmed by specific examples from her poetry. In her works, she creates the national character of the people through her image, thoughts and feelings.

Key words: Kazakh poetry, Fariza Ongarsynova, psychology, queen of poetry, lyrical verse, lyrical "I", internal monologue, national artistic thinking, national character, national spirit.

Отарова А.Н.¹¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан**МАРШАЛ ӘБДІХАЛЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ**

Андатпа. Аталған ғылыми мақалада белгілі жазушы Маршал Әбдіхалықовтың әңгімелеріне шолу жасай отырып, ондағы негізгі рух ұлттық сипаттың басымдылығымен байланысты екендігі пайымдалған. Қаламгер шығармаларындағы азаматтық ұстаным, ұлттық рух сияқты халықтық мәселелер талданып, олардың маңыздылығын туындылары арқылы негіздеген.

Сонымен қоса М. Әбдіхалықов әңгімелеріндегі адамгершілік аясы, ұлттық ерекшеліктермен бейнеленген қоғам қайраткері Тобанияз Әлниязұлы бейнесі арқылы жан-жақты талдау жасалынған. Әңгімелерінің басты кейіпкерлерін прототиптік негізде ала отырып, өзіндік көркемдік қиял, ойдан шығару шешімін де үйлестіре қолданатындығы сарапталған.

Жазушы қандай кейіпкерді сипаттаса да ұлттық мінез, ұлттық орта, ұлт жағдайынан туындарлық әлеуметтік ой айтатындығы дәлелденген. Қаламгердің ұлтжанды, отансүйгіштік асыл қасиеті, шығармаларындағы патриотизм мәселелерін туған жер мен халқының, оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қашан да адалдығын ұлттық идеялармен байланысты саралайды.

Түйінді сөздер: философиялық проза, көркемдік ерекшелік, стиль, поэзия, ұлттық үрдіс, эпитет, метафора, эстетикалық көзқарас.

Өткен ғасырдың 60-80 жылдары қазақ романдары тақырыптық жағынан кеңейіп, сан түрлі мәселелерді әр қырынан танытып, жанрды игерудің жемісті кезеңі ретінде көрінді. Бұл кезеңдегі қазақ прозасының жаңа сатыға көтерілуіне М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин секілді қаламгерлер, соғыстан кейінгі жылдары әдебиетке келген І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Ә.Әлімжанов, Ә.Нұршайықов, С.Шаймерденов, Т.Ахтанов, З.Шашкин, З.Қабдолов, Ш.Мұртаза секілді жазушылармен қатар М.Әбдіхалықовтың да өзіндік үлесі бар. Әрбір дәуір әдебиетіне тарихи құбылыстар мен үрдістерге негізделген өзіндік ерекшелік, өзіндік стиль, өзіндік бағдар тән. Жетпісінші-сексенінші жылдары ғылыми - техникалық өркениеттің қарыштап дамуы сол техниканы игеріп, өрістетіп отырған адамды танып білу, оның жан - дүниесіне тереңірек бойлау әдебиетте ерекше мәнге

ие болды. “Бір кездегі өндіріс тақырыбына жазылған С. Ерубаевтың “Менің құрдастарым”, Ғ. Мұстафиннің “Қарағанды”, Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке”, З. Шашкиннің “Теміртау”, З. Қабдоловтың “Жалын”, І. Есенберлиннің “Айқас” романдарының қатарына: А. Жақсыбаевтың “Егес” (1975) пен “Бөгеті” (1981), Ш. Мұртазаевтың “Қара маржаны” (1976), Ә. Таразидің “Бұлтқа салған ұясы” мен “Тас жарғаны” (1980), М. Әбдіхалықовтың “Жердің асты жеті қат” (1978), М. Сәрсекеевтің “Жаңғырық” (1979) т.б. романдары келіп қосылды. Бұл романдардың бәрінде де ортақ тақырып – өндіріс тақырыбы, жұмысшы өмірі роман желісіне арқау болған”[1, 81]. Қоғам мен адам өмірінің алуан түрлі оқиғаларын, әлеуметтік қайшылықтарды, тартыстарды кең әрі жан-жақты көрсетуі жағынан романмен ешбір жанр теңесе алмайды. Романда адамдар арасындағы қарым - қатынастар сыры, түрліше дәрежеде шиеленіскен драмалық тартыстар, адамның ішкі жан әлемін сипаттар тұстар ауқымды келеді. Жазушының ұлттық идеяны арқау еткен әңгімелерінің жөні бір бөлек. Енді соған тоқталайық.

Тәуелсіз Қазақстанның қоғамы санасындағы өзгерістер тарихи тағдыр тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен құндылықтарды қайта жаңғыртумен сипатталып, ерекшеленеді. Ол бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету, мемлекеттік деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұраны игеру сияқты міндеттерді шешуді жүктейді. Сонымен қатар, тәуелсіздік алған жылдардан кейін еліміздің алдындағы өзекті мәселелердің бірі – жаңа заман талабына жауап бере алатын мемлекеттің ұлттық идеясын жасау мәселесімен қатар, қазіргі модернизациялану жағдайында қоғам өміріндегі ұлттық идеяның алатын орнын анықтап, рухани жетілу, адамгершілікті дамыту, идеологиялық біріктіру қызметтерін кеңейту мүмкіндіктерін іздестіру қажеттілігі туды.

Қазақ халқының тарихында “ел басына күн туған” алмағайып кезеңдер аз емес. Кеңестік идеологияның әсерінен тарихи маңызы жоғары оқиғалар мен халқымыздың талайлы тағдыры тудырған көтерілістер, оның басшылары туралы деректер шындықтан мүлдем алшақ жазылды. Қазақстандық көпұлтты қоғамның қазіргі ұлттық даму сатысындағы өзіне тән ерекшеліктердің бірі – әртүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқан сан-алуан әлеуметтік-мәдени құрылымдардың қатар өмір сүруі және олардың әрқайсысына сәйкес қоғамдық сана мен мінез-құлық үлгісінің пайда болуы деп айтсақ болады. Сонымен қатар, бұрынғы концепциялар қайта қаралып, тарихта ұмытылған немесе тоталитарлы кезеңде тыйым салынған құбылыстарды қайта жаңғырту үрдісі байқалуда.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ғана тарихи мәселелердің шынайылығына көз жеткізу жүзеге аса бастады. Жетпісінші жылдардың өзінде М.Әбдіхалықовтың туған жерінің, өлкенің тарихи тұлғалары “халық жауы” ретінде жазықсыз жапа шеккен, кейін ақталған көрнекті қоғам қайраткерлері Тобанияз Әлниязов (“Қаратөбе келісімі” – 1973ж), Төлесін Әлиев (“Полковник Т.Әлиев” – 1989ж), Нұрсұлтан Оңғалбаев (“Революция оятқан жігіт” – 1985ж), Жалау Мыңбаев (“Ж.Мыңбаев туралы” – 1964ж), Сыдиық Жұбаев (“Атылған ақын. Ол кім?” – 1989ж) т.б. туралы очерктер жазуы – оның тарих, қоғам алдындағы үлкен еңбегі, ерлік ісі деуге болады. Жазушы шығармашылығындағы ұлттық идея тамырын тереңнен алады.

Ұлттық идея, академик Д. Кішібековтың пікірінше этностың болмыстық табиғатын түзеді, оның тарихымен және мәдениетімен байланысты болады. Ұлттық идея этникалық сезімдердің негізінде пайда болады. Ал идеология қоғамдық сананың жоғары даму сатысы болып табылады. Егер ол ұлттық идеяға негізделсе, оны құндылықтармен толықтырса, күшке ие болады. Идеялардың маңызды топтастырушысы болып табылатын идеология стихиялы түрде пайда болмайды, оны адамдар қалыптастырады және оның өзіндік мақсаты мен қызметі болады. Ұлттық идеяның одан айырмашылығы – оны адамдар жасамайды, ол табиғи түрде пайда болады. Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қазақстандық қоғамда да мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы тиіс деген қызу пікірталас қалыптасып отырғандығын аңғаруға болады. Бұл мәселеде Қазақстанның зиялы қауым өкілдерінің пікірлері келесідей бағыттарға бөлінеді: кеңестік заманда ұмыт болған дәстүрлі мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту және нығайту; батыс құндылықтарын енгізу; батыс құндылықтар жүйесі мен дәстүрлі сананың араласуы. Сонымен қатар, елімізде анағұрлым кең интеграцияны білдіретін «еуразияшылдық» идеясы да кеңінен талқыланды. Сондай-ақ, қоғамның идеялық шоғырлануына септігін тигізетін әлеуметтік-экономикалық сипаттағы «Қазақстан – 2030» стратегиясы, «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік ұлт қалыптастыру» идеялары да соңғы кездері ресми билік тарапынан да, бейресми ұйымдар тарапынан да қызу пікірталастар тудырып отыр. Өзінің «Ұлттық идея және идеология» деп аталатын еңбегінде академик Д. Кішібеков оны былайша тарқатып айтады: «Мемлекеттік ұлт деп, егер ол тұтас мемлекетті қамтыған жағдайда (ұлттық біртұтас мемлекет) немесе ұлттық гомогендіктің (біртектіліктің) тасымалдаушысы болған жағдайда аталады. Алайда бұл ұғымның астарынан, сондай-ақ бірнеше ұлттарды қамтитын кейбір мемлекетте (мультимәдени) қалыптаса алатын біртұтас сананы білдіретін жетекшілік рөлді аңғаруға да болады. Ал егер ұлттық әралуандылықты құрайтын бір ұлттың жағдайына келсек, онда ол субұлтты

білдіреді. Ақырында, мәдени ұлт дегеніміздің мемлекетке бірегейленуге қатысы жоқ ұлтты айтады. Бұл ұлт біртұтас ұлттық мемлекет құруға қабілетсіз немесе бірнеше мемлекеттерге бөлінген болуы да мүмкін» [2, 4].

М.Әбдіхалықовтың 1973 жылы “Жұлдыз” журналында жарық көрген “Қаратөбе келісімі” [3] очеркінде 1918 жылы тұңғыш Адай ревкомының төрағасы болып сайланған кеңес өкіметін ақгвардияшылардан қорғау, елді сауаттандыру, елшілік, шаруашылық істерімен айналысқан қоғам қайраткері, шешен, би, отызыншы жылдардағы қуғын - сүргіннің құрбаны болып “халық жауы” ретінде атылған Тобанияз Әлниязұлы туралы баяндалады. Тобанияздың бейнесін алғаш рет әдебиетте бейнелеген – халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов еді. Сәттіғұл ақын Тобаниязды көзі көрген, оның халқына істеген қызметін, Адай ревкомының тұңғыш төрағасы болып сайланғанын, артынан қатал тағдыр шырғауында темір тордан босана алмай, “солақай саясат құрбанына айналғанына куә болған. Осы жайларға байланысты Тобанияз Әлниязұлына арнап “Тобанияз туралы толғаулар” атты екі үлкен жыр-толғау шығарған. (“Тобанияз хан тұрғанда” (1918 ж), “Тобанияз ұсталғанда” (1929 ж). Олар қауіпсіздік комитетіндегі “Тобанияз ісіне” байланысты жұртшылыққа жариялану құқығынан айырылған. Тек еліміз егемендік алған соң Сәттіғұл ақынның сол толғауларына алғысөз жазып филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Тілепов Маңғыстау облыстық газетінің бетіне жариялады. 1919 жылы Ә.Жангелдин отряды Маңғыстауға келіп, төңкеріс комитетінің төрағалығына Тобаниязды сайлағанда халық ақыны Есмағанбет Мекеұлы Тобаниязға арнау сөз шығарған. Көркем әдебиетте бұдан кейін Тобанияздың тарихи тұлғасын ақын Қ.Бекхожиннің сомдауына ақынның өзі айтқандай, Әлібидің үлкен ықпалы тигені сөзсіз. Әйтпесе ақын оны білмеуші еді. Ол кезде Тобанияз Әлниязов “жабық тақырып” болғандықтан, комиссар Маңғыстау сапары, Тобаниязбен кездесулерін жасырын түрде айтқан. Сол себепті Тобанияз есімі “Атанияз” деп өзгертілген болатын.

“Тобанияз есіміне кесір кезеңі салған тозанды тазалауға тұңғыш талпынған марқұм Маршал Әбдіхалықов. Компартия айға азуын білеп тұрған уақыттың өзінде ол осы тақырыпқа қалам тартты... – Жалпы Тобекен жайлы бір сүбелі шығарма жоспарымда бар, – деп жүретін еді қайран Маршекен. Амал не, сұм ажал ол арманына жеткізбеді ғой”, – деген Ә. Спан [4, 99], - дерегіне сүйенсек, Тобанияз Әлниязовтың тарихи бейнесін баспасөз бетінде алғаш рет танытқан Маршал Әбдіхалықов екендігіне шүбәсіз көз жеткіземіз.

Очерктен “ТобаниязӘлниязұлы кім болған?” деген сауалға жауап ала аламыз. Ол – 1918 жылықазақдаласының төтенше комиссары Ә. Жангелдин Қаратөбеде өткізген он екі болыс өкілдері съезінде сайланған Адай төңкеріс комитетінің төрағасы. Әрине, бұндай жауапты істі атқару ел мүддесін қорғай алатын, халықты етене білетін, тиісті орындарда

қажетті сөзін айта алатын би, өткір, әділ, шешен ұйымдастырушылық қабілеті зор Тобанияз сияқты үлкен жүректі, Адай елінің бетке ұстар азаматының ғана қолынан келетін еді. Шағын очерктің өзінен көптеген тарихи жайттарға қанығуға болады.

Бұдан М.Әбдіхалықовтың сол жетпісінші жылдардың өзінде Тобанияз Әлниязұлы туралы тиісті мәліметтерді білгендігін, оны толықтай жариялауға заманы мүмкіндік бермегенін аңғарамыз. Қаламгер Тобанияз бейнесіне бұдан әрі дендей түсіп “Екі әңгіме” (“Алданияз”) әңгімесінде, “Ынтызар жүрек лүпілі” очеркі, “Ленин тапсырмасы” повестерінде оралып отырады.

“Қаратөбе келісімі” [3] очеркі зерттеу негізінде жазылғандығымен құнды. Себебі, автор осы тақырыпты жазу үшін мұрағат деректері, әскери құжаттармен жұмыс жасаған, кәрікұлақ шежіреші қариялардан Тобанияздың көзін көрген Жазмағанбет Қызылбаев, туысқаны Бүркітов Айтуар, ғұлама ғалым Әлкей Марғұландардың естеліктері негізінде баяндау әдісімен деректерді келтіре отырып жазады. Қазақстан тарихына “Қаратөбе жиыны” деген атпен енген оқиға Маңғыстау түбегінде 1918 жылдың 22-25 қыркүйек күндерінде өтеді. Әліби Жанкелдиннің интернационалдық отрядының Маңғыстау сапарында кеңес өкіметін жариялауы очерктегі негізгі оқиға желісін құрайды. Ә.Жанкелдин отрядына Тобанияз елден күш-көмек жинап беруді өз мойнына алады. Үш күнге созылған екі жақты даулы мәжілістің соңы Маңғыстауда Совет өкіметін жариялаумен шешіледі. Оны басқаратын революциялық комитет құрылып, төрағасы болып Тобанияз Әлниязов сайланады. 1919 жылғы Советтердің бүкіл қазақстандық бірінші мәжілісінде Маңғыстау еңбекшілерінің өкілдерін Т.Әлниязовтың бастап алып баруы, 1920 жылы Ақтөбе облысына қарасты Қопа жерінде Адай, Табын, т.б. рулардың съезінде де Ленин атына телеграмма жібергендігі әңгімеленеді.

“Мен күнге сенемін” атты жазушының жеке мұрағатынан табылған очеркте Тобанияз туралы мұрағаттардан деректер келтіре отырып, оның өміріне, қоғамдық қызметтеріне тоқталады. 1918 жылы Маңғыстау түбегінен Ақтөбеге бағыт алған Ә.Жанкелдин отрядына көмек ұйымдастырғаны үшін ел билеуші атаман Толстовтың Тобаниязға, ол құрған ревкомға деген ашу-ызасы адайлардан ақшалай, малдай салық төлетуге мәжбүрлейді. Олардың бұл құқайынан Тобанияз айлакерлікпен “сүндет той” жасап құтылып кетеді. Бұл жөнінде сол кезде “Яицкая” газетіне мақала жазылды. Тобанияздың совет өкіметіне деген өшпенділігі болмаса да 1930 жылы “Ш.Ералиев деген кісіні кемеден суға лақтырып жіберген” деген жалған жаламен Маңғыстаудан қамалған 31 адамның бірі ретінде ұсталып, 1933 жылы жазықсыз, айыбын мойындамаған күйде “атылғаны” турасында айтылады. Очерк соңы: “қазір біздің қолымызда ол кісі ақталды. Ешқандай кінәсі жоқ” деген бір жапырақ қағаз бар” деп аяқталады.

Тобанияздың ақталғандығы туралы қағаздың ең алғаш Маршалдың түсіргені туралы М.Дүйсенов естелігінде де айтылады: Тобанияз Әлниязұлының тағдыры Маршал ағаны қатты толғандырып жүргені есімде: “Т.Әлниязұлының ақталғандығы жөнінде анықтама қағазды қолға түсірдім” деп балаша қуанғанының да куәсі болуыма тура келді. Подольск архивінен тауыпты...” [5].

Тобанияз туралы деректерді, тарихи танымдық мәні зор ел тарихына қатысты ресми материалдарды жинақтаған І.Сариев: “Бұл деректерді жазушы Маршал Әбдіхалықовтың да айтқанын естіп едім. Марқұм Маршал тірі кезінде Тобанияз жөнінде бірқатар материалдар жинаған деп естіп едік, олардың қазір қайда, кімнің қолында білмейміз” [6, 34], – деген өкінішін де білдіреді. Расында, Тобанияз Әлниязұлы, Тұрмағанбетұлы туралы мол мәлімет, дерек көздерін жинақтаған М.Әбдіхалықовтың ауызекі естігеніміз бойынша көркем туынды жазу ойында болған. Әйтсе де, өкінерлігі сол, ол материалдардың жазушының жеке мұрағатында сақталмауы, қолымызға түспеуі.

“Қаратөбе келісімі” очеркі жазылған тұста Тобанияз туралы жазбақ түгілі, айтуға тиіс емес болатын. Ол туралы деректер жабулы жатқан кез. Дейтұрғанмен, жазушы қызыл империяның қылышы қылпылдап тұрған заманның қатал кезеңінде әдебиетті пайдаланып Тобанияздың көркем бейнесін жасады. Бұл жазушының ұлттық рухының мықтылығы, елдік қасиеттерге адалдығынан дер едік.

Жалпы Тобанияз Әлниязұлының тарихи бейнесі мен атқарған қызметтері жөнінде мәліметтер бүгінде көптеп саналады. Соның алғашқыларының қатарында осы бір ірі тарихи әрі трагедиялы тұлғаның халқымен қайта қауышарына ерлікке тең іске барып, атын атап түстеген М. Әбдіхалықов екендігін ерекше атап өтеміз.

Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы да өзінен-өзі пайда болмай, бір кезде жазушыны толғандыратын әлеуметтік не болмаса өмірден көрген оқиғасы арадан біраз уақыт өткенде жаңа мазмұнмен, мол тәжірибемен толығып барып, суреткердің санасында қайта жаңғырады. 1977 жылы “Жұлдыз” журналында “Екі әңгіме”(“Қызыл жұлдыз” және “Жау мен жау”) деген атпен шыққан екі әңгімесінде М.Әбдіхалықовтың көңіліне із салып, көкейіне орныққан тақырыптардың бірі – Тобанияз Әлниязовтің өмірі мен қоғамдық істері арқау болған. Кейін бұл әңгімелерді біріктіріп 1991 жылы “Алданияз” деген атпен жариялады.

Әңгіменің оқиғасына “Қаратөбе келісімі” атты очеркінде сөз болатын Маңғыстау өлкесінің тарихына қатысты жайттар алынған. “Қызыл жұлдыз” атты әңгімеде қазақ ауылына біртіндеп ене бастаған кеңес өкіметінің өзгерістерін сипаттайды. Әңгіме шағын көлемді болғанмен, көтерген жүгі салмақты, көркемдік қуаты мен идеялық мақсаты тұрғысынан да көңіл аудартады. Кедей өмірі мен ауыр тұрмыстары шындық сипатында

бейнеленеді. Шығарманың бас кейіпкері Мұраттың әкесі Кенжебайдың жылқысын бағып жүріп, байдың әділетсіз ісіне шыдамай дау үстінде қатты сойыл тиіп өледі. Күндіктегі шешесі де ауыр тұрмыс азабынан ауырып өліп, Мұраттың алдындағы апасы Ақкүміс он бір-он екілер шамасында болады. Ақкүмісті Кенжебаймен келіскен біреу әйел үстіне зорлықпен тоқалдыққа алып кетеді. Байда есесі кеткен бала да болса намысшыл Мұрат еріксіз әлдекімнің жетегінде кеткен апасын құтқарудың әрекетіне шындап кіріседі. “Саған көмектессе бір-ақ адам көмектеседі, ол – Алдакең –Алданияз” дегенді естігесін Алданиязға барады. Алданияз – Маңғыстау өлкесінің тұңғыш ревком төрағасы Тобанияз Әланиязұлының прототипі.

Жаңа заман өкілі ретінде Алданияз адамдарының “Ақкүмісті қайда, кімге жібердің?” деген сауалдарына ескіліктің содырлы сарынын көкसेген, ауыл адамдарын өз уысында ұстап, ескі жолмен жүруді аңсаған, сол арқылы ұпайын түгендеп, дүние жинап, бедел алғысы келетін Кенжебай тіпті айтқандарына құлақ аспай, мойын ұсынбайды. Ақкүміс іздеп келген бауыры Мұратқа қанша ет-жүрегі езіліп бордай босап тұрса да, тағдыр ісіне басын иіп “әйел жолы жіңішке” деген ұғым-түсінікпен келген жерінде қала береді. Ақкүміс кеңес өкіметі орнауының алғашқы жылдарында өмір сүргенмен, оның басына теңдік әперерлік күш бар еді. Алайда қазақ қызының өз бас бостандығын толық сезініп, шындап ұғынуы, өзінің мүддесін қорғауға қаймықпай қадам басуы аз уақытта іске аспайды, санаға біртіндеп енетін күрделі өзгеріс екендігі шындықтан алыс кетпеген.

Мұрат – бірбет, өз дегенінен қайтпайтын қайсар, намысшыл бейне. Оның бұл мінезі Кенжебай мен оның төңірегіндегілерге қарсылығынан танылады. Қаламгердің кейіпкер тұлғасын мүсіндеудегі психологиялық иірім, ұтымды штрихтары табиғи әсерлі. Мәселен, апасын Кенжебай байдың уәделескен адамдары өңгеріп алып кеткеннен кейінгі көңіл-күйі былайша суреттеледі. “Мұрат үйіне жеткенше олар қырқадан асып қараларын үзіп кетті. Ауыл адамдарын біреу жұтып қойғандай. Далаға бір жан шықпады. Мұрат не істерге білмеді. Мұраттың көзі қарауытып, басы мең-зең болғандай. Әлдекім қолқасынан тартып, бүкіл іші-бауырын суыратын секілді. Сол бүгілген күйі үйіне кіріп, төрге құлай кетті. Әлдекімге ерегесіп, екі жұдырығын түйіп алған. Дыбыс шығарып ыңқ етпеуге бекініп, тас түйінген. Іші қаншама егіліп бара жатса да көзінен бір тамшы да жас шықпады. Жарқырап жалын атады...” [7, 11]. Әңгіменің соңын Алданияздың “Әнеукүні кеткен Әліби бір нәрсе айтты ғой. Қалаға бар. Шәрлі жерде оқу бар. Қызылдардың адамын тап, соларға ер. Тілегім, берер батам сол”, –Мұраттың келешегі оқып-білім алуда екенін, жаңа заманның беталысын, өзгерісін көріп-танысын деген тұжырымдайды. “Бағытын сонау алыста теңіз жағасында жатқан қалаға түзеп Мұрат кетіп барады. Маңдайындағы алқызыл жұлдыз күнге шағылысып, бір сәт шынында да отша жанатын секілді еді...” [7, 12].

Автор осы бір кезеңнің ауыр зардаптарын жетім бала Мұраттың көңіл-күйімен сабақтастырып, байланыстырады. Туған әпкесі Ақкүмістің ауыр да аянышты тағдыры баланың ойымен, іс-әрекетімен астастырыла беріледі. Жалғыз апасының еріксіз әлдекімдердің жетегінде “лақша өңгеріліп” кете беруі, ескілікті көзқарастың шылауынан шыға алмай тағдырына көнбістік танытуы бала көңілін жүдетеді, жанын сыздатады. Қаламгер кейіпкер бойындағы, сезіміндегі осындай сәттерді, жан дүниесіндегі өзгеріс-кұбылысты күйініш-сүйінішті табиғи, әрі дәл жеткізе білген. Мұрат басындағы жай арқылы бір жанұяның, сол арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің, әлеуметтік ортаның келбетін көз алдымызға әкеледі. Еркіндік таңының кедейлер өмірі үшін қымбатқа түсіп жатқаны Алданияз, Мұрат бейнесі арқылы көрінеді. Бұл бейнелер – еркін өмір теңдік заман жолында қашан күреске екендіктерімен, болашаққа деген сенімдерінің жоғарылығымен нанымды әрі әлеуметтік теңсіздікке, үстемдік атаулыға жан-тәнімен қарсы кедей табының өкілдері.

Осы әңгіменің жалғасындай “Жау мен жау” атты әңгімесінің оқиғасы бейқам отырған Алданияз ауылына ақтардың келуінен бастап, өрбиді. Алданияз бұл кезде суы тапшы өлкеде мал суарудың қиындығын шешпек болып бұрынғы ата-кәсіптің бірі – құдықшылықты кәсіп етіп, бес-алты жігітпен шыңырау құдық қазып жатырған болатын. Алданияз ауылға келгесін тілмаш та, қасындағылар да оны сұрақтың астына алып, өздерінің Толстовтың адамдары екенін білдіреді. “Олардың талабы – бүкіл Маңғыстау елінен салық жинау екен. Үй басынан жүз сом. Ақшалай не малдайжинау. Генерал Толстов өзін “Осы түбектіңқожасы” деп жариялаған. Олардың туралап келіп Алданияз ауылына ат тірегені оның өткен жылы бұлардың жауына істеген қызметтерін білетін көрінді. Енді, генералға сондай қызмет көрсетсе, кінәсі кешіріледі. Әйтпесе, мұны қол-аяғын байлап, Гурьевке алып келутапсырылған” [7, 18].

Комиссар ӘлібиЖангелдин отряды 1918 жылы осы Маңғыстау арқылы Шалқарға өтерінде қаржы-қаражат, қару-жарақ, ат-көлік, адамдармен көмектесіп, өткізіп жіберген Алданияз бен оныңқасындағыжолдас-ауылдастарыеді. Онкүннің ішінде аталған салық, малды жинап беруді бұйырып, ауыл тұсына пулемет құрып қояды. Алданиязқарулықісілердің “берсе қолынан, бермесе жолынан” деп неге де болса тайынбайтын, шын жаулық ниеттерін түсінгеннен кейінелақсақалдарымен ақылдасады. Ақылдасакеліп, бұлардан құтылудың бірайла-амалы, жолы – “той, сүндеттойын” өткізуге рұқсат алу деп шешеді.

Әңгімедегі негізгі ірі оқиға – той өткізілетін күн. Алданияз тойға ертеден кірісіп, мал сойғызып, сүндеттеуге тиісті ауылбалаларынжатқызып, молдаларын да шақыртып қояды. Ол әрі-бері ойланып, сенімді деген адамдармен ақылдасқан соң оқысқимылға бел байлайды. Толстов әскерлерін ың-шыңсыз қолға түсіруде Алданияз тапқырлықтың,

парасаттылықтың, тосын әрекеттің ерекшебір үлгісін танытады. “Тентексуға” қымыз қосып беріп, буындары босаған жауларды қарусыздандырып қолға түсіреді.

Алданияз – ертеңін ойлайтын өте әділ, дұшпанына да қажет жерінде өзін қай қырынан да мойындатып, бағалата алатын жан. Қолғатүсіп, ойламаған жерден мүсәпір күйге түскен атажауына да мәртмінезкөрсетеді. Қолға түскен жауларды бірі “өлтіру керек” дегенмен Алданияз бір шешімге келіп: “Бұларды өлтіргенде бізге не түседі? Сонау қияннан қайбір еркімен келді дейсің? Анау генерал жұмсағансоң амалдары бар ма? Пәле сол генералдағой. Бүлікшығарыпжүрген де өзі. Ендеше соладамдарының кейпін өзі көрсін. Әйтпесе, қапиясын тауып тасадан өлтіріп тастады дер. Содан кейін бүлелге қайта қоқыраңдамасын деп те жеткізетін кісілер керекқой” деген тоқтаммен, оларды адамдарына Құлсарыға дейін апарып тастауға тапсырмабереді.

Кейін осы оқиғажөнінде 1919 жылдың 31 қазанындағы “Яицкаягазетінің” № 47-санында “Ретікелмегеналым” деген мақала жарияланады. Генерал Толстов әскерінің елге тұтқиылдан келіп салық салмақ болған жәбір-жапасына, қанды қырғынның болуының алдын алуда Алданияздың терең ақылымен пайымы, көптікөргендігі, айлалығы себепболды. Алданияздың бүліс-әрекеті оның нағыз халық үшін туған, қайраткерлік, күрескерлік дәрежесін танытады. Тарихи тұлға, қайраткер туралы жазғанда өткенді біліп қанақоюжеткіліксіз. Ол өткеннің өнегесі мен өкінерлік жерлерін де жетік білуі қажет. М. Әбдіхалықов әңгімелерінде Тобанияздың өмірінің жекелеген кезеңін суреттей отырып, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік тартысты тереңірек көрсетуді мақсат етеді.

“Жау менжау”, “Қызылжұлдыз” әңгімелерінде тартыс сипаты Алданияз бен ақтардың офицерлері, қанаушы тап өкілдерінің арасынан байқалады. Әдеби шығармаларда тартыс көбінесе тақырыптың өзегін құрайды, тартысты ашу шығарма авторының идеялық нысанасына айналады.

Шағын екі әңгімеде Маңғыстауда кеңес өкіметінің орнауы, сол жылдардың қиын-қыстау, дүрбелең кезеңінің ақиқаты айтылған. Шығармасының кейіпкері – Алданиязды ел басына қиындық түскен, сын кезеңде көреміз. Оныңсалмақты, салқынқанды, қысталаң шақтарда жолтапқыш, халқын шын сүйген, ер мінезді, өжет, батыл тұлғасынан небір қауіп-қатерде де елі үшін басын тіге алатын ел басшысының образын танимыз. “Қиын кезеңнің адам бойындағы рухани қасиеттерді жарқыратып көрсететіні көпке белгілі” [8, 309]. Күшібасым, “ажал оғын себуге” келген аяусыз дұшпанның өрекіпген астамшылкеудесін басу, айла-тәсілмен ұтқырлықт аныту, ажал құрығынан бүкіл ауыл-аймақ, жеке қарабасын алып шығу үшін тиімді де төте жолды тани алуының өртұлғасына лайықжайттар. Қаламгер негізгі оқиғаларды ғана баяндап отырып, кейіпкерлер психологиясын, мінез-құлық ерекшеліктерін көрсетуге, көбінесе революциялық комитет төрағасы, ел басшысы

Алданияз образынжан-жақтыашуға баса назараударады. Ол кейіпкермінезін ашу, жағымды қасиеттерін бейнелеуде сөз арқылы дәлме-дәл сипаттамай, Алданияздың іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, сөз саптауымен де оқырманға әсерлі түрде ұқтырып отырады.

Жазушы азамат соғысы жылдарында ақтар жүрген жерде жақсылық болмайтынын, ел ішін үрейлендірер әрекет-істерге баратындарын Тобанияздың ойлары арқылы береді. Жаңа заман орнатуға тілектестік танытып жүрген Мұраттың жас болса да ел тілегіне үн қосып, ертеңгі күнге сеніммен қарауын нанымды суреттейді. Алданияз Маңғыстауда жаңадан орныға бастаған қоғамдық-саяси жүйе кеңес үкіметінің өкілі ретінде халықпен тілдеседі, жүрегіне жол табады. Осы түбекке ревкомның төрағасы етіп сайлап кеткен комиссар Жанкелдиннің өзіне тапсырған қоғамдық үлкен жүкті, елдің ертеңгі тағдырының жауапкершілігін сезінеді, соған сәйкес әрекет жасайды.

М. Әбдіхалықовтың қаламгерлік шеберлігі – ел тағдырындағы тұтас бір кезеңнің тарихи, қоғамдық-әлеуметтік өмірін қатардағы ауыл адамдарының күнделікті тыныс тіршілігін суреттеу арқылы ашып көрсетуінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 348 б.
- [2] Кшибеков Д.К. Национальная идея и идеология // Известия Казахстана, 2005, 25 мая. С.4-5.
- [3] Әбдіхалықов М. Қаратөбе келісімі // Жұлдыз. – 1973. – №1. –186-189-бб.
- [4] Спан Ә. Тобанияз. – Алматы: Жазушы, 1996. – 110 б.
- [5] Дүйсенов М. Менің Маршалым // Маңғыстау. – 1986. – 10 тамыз.
- [6] Сариев І. Қанды ойран. – Алматы: Жазушы, 2001. – 208 б.
- [7] Әбдіхалықов М. Екі әңгіме. Қызыл жұлдыз. Әңгіме // Жұлдыз. – 1977. – №11. – 11-18-бб.
- [8] Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 312 б.

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАРШАЛА АБДЫХАЛЫКОВА

Отарова А.Н. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова. г.Ақтау. Казахстан.

Анотация. В данной научной статье рассказывается о произведениях известного писателя Маршала Абдыхалыкова, дается обзор всей истории того периода, показывается

национальный приоритетный характер духа народа. В произведениях писателя затрагиваются такие проблемы людей, как гражданская позиция, национальный дух и их значение в жизни.

Гражданская позиция, национальные особенности в произведениях Абдыхалыкова были всесторонне раскрыты через образ общественного деятеля Тобанияза Алниязулы. Было заключено, что основные герои его произведений были созданы на прототипной основе, что доказывает совпадение художественного воображения действительностью. Какой бы образ писатель не создавал, он передавал через них национальный характер, национальную среду, являющимися основой нации.

Ключевые слова: проза, художественные особенности, стиль, поэзия, национальная традиция, эпитет, метафора, эстетическое мировоззрение.

THE NATIONAL IDEA IN THE WORKS OF MARSHAL ABDYHALYKOV

Otarova A.N. - Caspian state university of technology and engineering to the name Sh.Essenov, Aktau, Kazakhstan.

Annotation. This article describes the works of the famous writer Marshal Abdyhalykov, gives a review of the whole history of that period, and shows the national priority character of the spirit of the people. In the writings of the writer, such problems of people as civil status, national spirit and their significance in life are touched upon.

The civil position, national peculiarities in the works of Abdyhalykov were comprehensively revealed through the image of the public figure of the Tale of Alniyazuly. It was concluded that the main characters of his works were created on a prototype basis, which proves the coincidence of the artistic imagination with the effectiveness. Whichever image writer creates, he passed through them the national character, the national environment, which are the basis of the nation.

Highly patriotic, devoted to his homeland, the writer linked the patriotism of the heroes of his works with fidelity to his native land, his traditions and customs, national ideas.

Key words: prose, artistic, features, style, poetry, national tradition, philosophical thought, aesthetic outlook.

ӘОЖ 82-7

Қобланов Ж.Т.¹

¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы

ЛУЦИЙ АПУЛЕЙДІҢ «МЕТАМОРФОЗА» РОМАНЫ

Аңдатпа. Рим әдебиетінің тууы, қалыптасуы, гүлденуі және дағдарысқа ұшырауы грек әдебиеті сияқты құлиеленушілік қоғам жағдайында болған еді. Сондықтан, Грекия тарихының әртүрлі дәуірлерінде пайда болған идеялық мәселелер Рим қоғамының кейбір даму сатыларына да сай келді және тарих алаңына едәуір кейін қадам басқан римдіктерге мектеп қызметін атқарды. Міне осы жағдай, яғни бір халықтың өмірінде екінші халық тарихының белгілі бір дәрежеде қайталануы – Рим қоғамы дамуының барлық саласында терең із қалдырды. Көркем әдебиетте өз қызметін төрт-бес ғасыр соң бастаған Рим халқы үшін бұл бағыттағы барша істі дәл сол қалпында қайталаудың ешқандай қажеттілігі жоқ болатын. Римдіктер жүздеген жылдар бойы грек әдебиеті қалыптастырған көркем туындылардан өнеге ала отырып, сол құнды мұралар негізінде өздерінің ұлттық әдебиетін жасады.

Мақалада ежелгі рим әдебиетіндегі Луций Апулейдің романдарының мәнін көрсету, әлеуміттік тақырыпқа жазылған шығармаларының табиғатын ашу мәселелері қарастырылады. Қаламгердің суреткерлік шеберлігі, өзіндік ерекшеліктері талданып, шығармаларына ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: роман, фольклор, тақырып, идея, поэтика, сюжет

II ғасырда Рим империясы мәдени дамудың ең жоғарғы сатысына көтерілді. Астананың зәулім қамалдары, әдемі театрлары, биік ғибадатханалары, тас төселген даңғыл жолдары, су құбырлары және қазіргі уақытта сәулет өнерінің таңғажайып үлгісі болып қалған тағы да түрлі ғимараттар негізінен соңғы императорлар заманында салынды. Жалпы, Рим мәдениеті осы кезеңде көршілес жатқан көптеген мемлекеттерге таралды. Бірақ II ғасырда Рим уалаяттарында басталған экономикалық және мәдени жанданумен бір қатарда құлиеленушілік қоғамның ішкі және сыртқы қайшылықтары да шиеленісіп бара жатқан еді. Осы қайшылықтар арасында ең маңыздысы, әрине, Рим халқы ортасындағы әлеуметтік теңсіздік болды. Жоғары билеуші топтар ұлы империядағы барша байлықты өз уыстарында ұстап, ойын-сауық пен тоқшылықта өмір сүрді. Жерінен айрылып күйзелген орта және кедей шаруалар, Рим қоғамының көпшілігін құраған құлдар тобы ауыр жағдайда жасады. Күннен-күнге өршіп бара жатқан жоқшылық, еріксіздік жүгі астында езілген еңбекші халық бақытты күндердің орнайтындығынан үмітін үзіп, діни нанымдардан, аңыздардан жұбаныш іздейді.

Жоғарыда айтылған өткір әлеуметтік қайшылықтар, рухани бұзықшылықтар Италияның болашақ дамуына кедергі болды.

II ғасырдың басында-ақ Рим империясының алыс уалаяттарында күшейген экономикалық даму нәтижесінде Римнің жиһангерлік-жетекшілік рөлі бірте-бірте Шығыс

мемлекеттеріне, Африканың солтүстік жағалауларына ауыса бастайды. Бір кездегі құдіретті орталық өзінің бұрынғы маңызынан мүлдем айрылып, қарапайым провинцияға айналады.

«Іштей құлдырап, күйреуге бет алған соңғы антикалық қоғам жағдайында өнер мен әдебиет өзінің қоғамдық маңызынан айрылып, күнделікті өмір талаптарынан бой тартып, жай бір ермек, байлар мен императорлардың сойылын соғатын думанды мадақнама рөлін атқарды»[1,34].

Міне осы дағдарыстар дәуірінде шығармалар жазып, әдебиет тарихында терең із қалдырған және замандастарының рухын өзгелерден гөрі толығырақ бейнелеген қаламгер Апулей болды.

Луций Апулей 124-жылы солтүстік Африканың Мадавра қаласында дәулетті отбасында туды. Алғашқы сауатын туған жерінде ашып, соңынан Карфаген мен Афинада оқуын жалғастырады. Апулей өте талантты, заманасы үшін қажет болған барша ілімдерді (шешендік, философия, тарих, жаратылыстану) игерген, латын және грек тілдерін жақсы меңгерген, түрлі тақырыптарда мол шығармалар жазған, жан-жақты білімді және зиялы жан болған. Жазушы өз өмірінің көп бөлігін Рим империясын бойлап саяхатта өткізеді, әдебиет және басқа да ғылыми тақырыптарда сөйлеген сөздерімен даңққа бөленеді, замандастары арасында жинаған абыройы және мәртебесі арқасында Карфагенде тіпті әкімдік лауазымға дейін көтеріледі. Апулейдің қанша өмір сүргендігін анық білмейміз. Ғалымдардың пікіріне қарағанда, жазушы шамамен 180-жылдары қайтыс болған.

«Апулейдің ғылыми, философиялық және әдеби тақырыптарда жазылған мол мұрасы арасында, оның есімін дүние жүзілік әдебиет тарихында мәңгілік қалдырған жалғыз шығармасы - «Метаморфозалар» романы. Өзінің биік көркемдік ерекшеліктеріне байланысты шығарма кейін «Алтын есек» атымен даңққа бөленген» [2,128].

Романның қысқаша мазмұны төмендегідей:

Луций деген грек жігіті сауда істерімен Фессалия уалаятындағы, бұрыннан таныс дәулетті отбасына келіп түседі. Фессалия халқы ежелден сиқыршылықпен аты шыққан болатын. Көп ұзамай Луций үй бикесі Памфиланың сиқыршы екендігін сезеді және жәдігөйлік сырын білу мақсатында осы үйдің кәнізегі Фотидамен жақын байланыс жасайды. Фотида түнде Луцийді бір есіктің алдына алып келеді. Жігіт есіктің саңылауынан қараса, Памфила жалаңаш денесіне әлдеқандай дәрілерді жағып жатқан екен. Кенет ол жапалаққа айналады да, терезеден далаға ұшып кетеді. Мұндай таңғажайып оқиғаны көрген Луций Фотидаға жалбарынып, сиқырлық сырын үйретуді сұрайды. Сиқырлық істе оншалықты тәжірибесі жоқ Фотида Луцийді құсқа емес, есекке айналдырып қояды. Қайтадан адам бейнесіне оралу үшін Луций әтіргүл жеуі керек еді. Бірақ қазір әтіргүл табудың лажы болмағандықтан, кәнізек қыз оны уақытша атқораға қамап қоюға мәжбүр

болады. Осы күннен бастап Луцийдің азабы басталады. Түнде байдың үйіне ұрылар түседі де, ұрланған заттарды есек бейнесіндегі Луцийге артып қашады. Кейін біз оны түрлі адамдардың қолында, біресе қайғылы, біресе күлкілі оқиғалар арасында көреміз. Луций есек бейнесінде болғанымен, оның адамдық ақыл-парасаты өзгермеген еді. Сол себепті, ол әр бір нәрсеге зейінмен назар аударады, айналасындағы бірер оқиғаны көзінен таса қылмайды. Адамдар болса, одан бейхабар, түрлі қылмыстар мен зинақорлық істерді еш нәрседен қорықпай істеп жатады.

Қолайлы жағдай болмағандықтан, Луций көп уақытқа дейін әтіргүл таба алмайды. Бір күні ол қожайнынан қашып кетіп, теңіз жағасына келеді және құдай Цзидаға жалбарынып, адам қалпына қайтаруын, болмаса жанын алып, азаптан құтқаруын сұрайды. Луцийдің зарын естіген Құдай оның түсіне кіріп, жәрдемдесетінін айтады. Ертеңіне Цзида құдайдың құрметіне ұйымдастырылған салтанатты діни мереке кезінде Луций әкімнің қолындағы гүлшеңберді жеп, бұрынғы қалпына келеді және өмірінің соңғы күндеріне дейін осы Құдайға құлшылық қылады.

«Алтын есек» романында бейнеленген оқиғалар антикалық әдебиет тарихында жаңа тақырып емес. Адам баласының сиқыр күшімен әр қилы жануарларға айналу жағдайларына ежелгі заман адамы, әсіресе II ғасыр адамдары шынымен де сенген, бұл жайлы Апулейге дейін де шығармалар жазылған. Оқырманды күлдіру, оның көңілін көтеру мақсатында осы аңыздық сюжетті қолға алғандығын романның кіріспе бөлімінде жазушының өзі ескертеді. Бірақ осы көңілді күлкінің астарында өзінің замандас адамдарын тәрбиелеу, оларға үгіт-насихат жүргізу мақсаттарын көздегендігі романның соңғы бөлімінде айқын сезіледі.

Апулейдің терең сенімі бойынша, «әр бір адам өз тұрмысында, бүкіл іс-қимылында, жүріс-тұрысында дұрыс, адал, таза болуы, құдайлардың тәртібімен жасауы тиіс, егер олай болмаса, ол тағдырдың қаһарына душар болады, басы қасіреттен шықпайды. Луций жастықтың желігімен ойсыз өмір сүрді. Адам бола тұрып, есек сияқты құмарлыққа берілді. Қанағатсыздықпен тылсым дүние сырларын білуге ұмтылды. Бұл қылмыстары үшін тағдырдың қарғысына ұшырап, нағыз есекке айналғаннан кейін де, сол мақұлық бейнесінде әрдайым өзінің алдыңғы жағымсыз істерін қайталайды. Шамадан тыс ауыр азаптар тартқан соң, тәубеге келіп, Цзида құдайдың көмегімен есектіктен құтылып адам болды, тағдырдың құдіретімен тыныш ғана өмір сүре бастады».

Жалпы, адамның бақытын тек діни сенімдерге, тылсым күштер құдіретімен байланыстыра баяндау - жазушының діни наным-түсінігінің жемісі екендігі даусыз. Міне, осындай діни талаптарға сай, жазушы өз шығармасына халық ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған шағын хикаяларды енгізіп жібереді. Бұл хикаялардың барлығы роман

қаһармандарының сұқбаттарында баяндалған яки есек бейнесіндегі Луцийдің өзі естіген оқиғалар түрінде берілген.

Романды оқи отырып, қорқынышты аңыздардың, қарақшылардың басынан кешірген оқиғаларының, ауыр қылмыстардың, зинақорлықтардың және басқа да қызықты өмір үзінділерінің куәсі боламыз.

Осындай әдемі хикаялар арасында ең ғажабы - Амур мен Психея туралы ертегі. Шығарма халық ауыз әдебиеті нұсқасында былай басталады: Бір бар екен, бір жоқ екен, баяғыда бір патша болған екен. Оның әдемі үш қызы бар еді. Психея деген кенже қызының сұлулығы сондай, оны көрген адам Венера құдай екен деп ойлап, оған иіліп құрмет көрсетеді. Бұл жағдай қызғаншақ Венераның намысына тиіп, ызасын қоздырады. Махаббат құдайы қыздан кек қайтару мақсатында баласы Амурды құзырына шақыртып, оған жүрегін өртеген қызғанышын айтып, басқаларға ғибрат болу үшін «Психея жаман бір құбыжыққа ғашық болсын» деп тапсырады. Осы кезде шахзадалардан құдалар келіп, Психеяның апалары ұзатылады. Кенже қыздың құдіретті сұлу жүзінен шошынып, ешбір жігіт оған ауыз салуға батпайды. Мұндай жағдайға қайғырған қыздың ата-анасы кеңес сұрап, бір ғибадатхананың абызына барыпты. Абыз патшаға «қызыңды биік таудың шыңына апарып таста, осы жерге тіпті Юпитерден де құдіретті, үлкен қанаттары бар бір құбыжық келеді. Маңдайына жазылған сол жарымен Психея мәңгілікке табысады», дейді. Патша мен ханым көз жастарын төгіп, қыздарымен мәңгіге қоштасып, абыздың айтқанын орындапты. Таң нұры Психеяны орнынан көтеріп, гүлге оранған көк шалғынға алып түсіпті. Сорлы қыз қорқып айналасына қараса, көз алдында ертегідегідей ғажайып бір сарай пайда болыпты. Бірақ, бұл жерде бірер тірі жан көрінбейді, тек Психеяны еркелеткен тәтті сөздермен тамақтануға шақырған дауыстар естіледі. Ханша сарай ішіне кірсе, түрлі тағамдар, қымбат ішімдіктермен толтырылған мол дастарқан тұр екен.

Түн ортасында қыздың алдына қалыңдығы келіпті. Бейтаныс жан қыздың құлағына жалынды ғашықтық сөздерін сыбырлайды, бірақ өзінің көзге көрінбейтінін, егер де көрінсе, әйелінің өміріне қауіп төнетіндігін қайта-қайта ұқтырып, таң алдында ұшып кетеді.

Осылайша бірнеше күн өтеді. Психея да сиқырлы мекенге көндігіп, сырлы қалыңдығына үйренеді. Сүйген жарын күте-күте шыдамы таусылған ханша ата-анасын, туыскандарын қатты сағынады. Осы кезде апалары сіңлісін іздеп, сиқырлы сарайға қарай жолға шығыпты. Психеяның өмірі, байлығы олардың жүрегінде қызғаныш сезімін оятыпты. Белгісіз күйеудің кім екенін білуге, егер ол дию немесе айдаһар болып шықса, оны өлтіруге Психеяны көндіреді. Түн ортасында жас келіншек орнынан тұрып, шырақ жағып жарының қасына келіпті. Тәтті ұйқыда жатқан махаббат құдайының сұлу жүзін

көріпті. Қайран қалған Психея иіліп, оны бауырына баспақшы, еріндерінен сүймекші болған екен, шырақтан тамған ыстық май Амурды оятып жіберіпті.

Сұлу құдай орнынан атып тұрып, әйеліне ренжіп, мұның соңы жақсылықпен аяқталмайтындығын айтып, көзден ғайып болыпты. Қайғы мен азап шегіп, жалғыз қалған Психея алдын апаларынан кек қайтарыпты, кейін жарын іздеп жолға шығыпты. Шөлдаланы кезіпті, тау-тастардан асыпты, қала-қыстақтардан өтіпті. Сансыз азаптарды көріп, бірнеше рет ажалға бетпе-бет келіпті. Осы күндері Амурдың жарақаты ұлғайып, төсек тартып қалыпты. Ұлының «ұрлығын» сезіп қалған Венера, оны ешқайда шығармай, қамап қояды. Қыздан кек қайтаруды ойлап, оның ізіне түсіпті. Бақытсыз қызды тауып, оны қауіпті сапарларға, қиын істерге жұмсапты. Бұл арада Амур науқасынан айығып, тұтқындықтан әрең құтылып, сүйіктісін іздеп жолға түседі. Өлім құшағында жатқан жарын қайта тірілтіп, онымен бірге Олимп тауына келіпті. Юпитер махаббат құдайының тілегін қабылдап, салтанатты тойды бастайды, Психеяға мәңгілік өмір сыйлайды. Көп өтпей Психея әдемі қыз босаныпты, құдайлар оған «Валюита» (Ләззат) деп ат қойыпты.

Ғажайып поэтикалық мазмұн, образдар жасаудағы нәзік шеберлік, бандаудағы көркемділік – «Амур мен Психея туралы ертегіні» көркем әдебиеттің үздік үлгісі дәрежесіне көтерген. Романға енген қалған хикаялардың да өзіндік жетістіктері бар.

Жоғарыда айтқанымыздай, Апулей өз замандастарына әдептілікті үйрету мақсаттарын негізгі міндет қылып алған тәрбиеші жазушы. Сондықтан ол реалистік бояуларда тұрмысты шынайы көрсету талаптарынан едәуір алыс жатқан. Рим өмірінің кейбір жақтары, мәселен, құлдардың өте ауыр тұрмысы, диқандардың кедейлігі, еріксіздігі, езілгендігі, билеушілердің озбырлықтары, қылмыстары, соттардың жемқорлығы «Алтын есек» романында анық және шынайы суреттелген. Жазушы мұндай маңызды әлеуметтік жағдайларды көрсетуге кіріскенінде, оның алдыңғы қарқыны біраз бәсеңдеген, сатиралық қуаты едәуір ақсап қалады.

Мәселен, «жазушы шығарманың бір жерінде халыққа азап берген қарапайым әскердің озбырлығын сынайды, бірақ жоғары лауазымдағы әскери адамдарға тіл тигізбейді. Сот билеушілерінің сатқындығы, жемқорлығы туралы жалпы айтып, нақты образ жасамайды. Гибадатхана абыздарының екіжүзділігін, халықтан жиналған қайыр-садақаларды ойын-сауыққа, бұзақылыққа жұмсайтынын аяусыз әшкерелейді, шығарма соңында өзі соларға қайтадан бас шұлғиды. Жалпы, қаламгер қоғамдағы әлеуметтік құрылысқа келгенінде маңызды кемшіліктерді елемей, тек тұрмыстың майда, ұсақ мәселелеріне шырматылып қалады. Сондықтан, Апулейдің сатиралық қуаты, реалистік күші «Сатирикон» романының авторы Петронийге қарағанда әлде қайда әлсіз»[3,205].

«Алтын есек» авторының негізгі ерекшелігі - оның жан-жақты, әдемі көркемдік әдісінде. Бұл романды қолға алған әрбір оқырман ғажайып оқиғаларға еріксіз беріліп, біресе Олимп тауындағы құдайлар ортасында, тылсым табиғи аңыздар, сансыз сиқыршы-жәдігөйлер әлемінде болады, біресе ақсүйектердің думанды ойын-сауықтарында жүреді яки Рим театрларының көрерменіне айналады немесе қарақшылардың басынан кешіргендері туралы хикаяларға құлақ түреді. Жазушы міне осы оқиғаларды бейнелегенде, оның шығармашылық қазынасында солардың барлығы үшін жеке-жеке әдіс пен өрнектер бар. Жазушы шешендік мектебінде меңгерген сұлу, нәзік, мығым көріністерді кең түрде пайдаланады, халық ауыз әдебиетіндегі жеңіл, ойнақы сөздерді қолданады.

Апулейдің атағы өзінің көзі тірісінде-ақ антикалық дүниеде кең таралды. Орта ғасырларда, Қайта өрлеу дәуірінде, XVIII ғасырда жазушының даңқы көкке шырқайды. «Алтын есек» романының кейбір хикаялары Боккаччоның «Декамерон» шығармасына едәуір өзек болған; «Амур мен Психея» ертегісінің жаңа замандағы өнер мен әдебиетке тигізген әсері өте күшті. Осы аңыз негізінде атақты ақындар (Францияда - Лафонтен, Ресейде- Богданович), ұлы суреткерлер (Рафаэль) жаңа шығармалар жазды.

Апулей - классикалық антик әдебиеттің ең соңғы ірі өкілі. IV ғасыр Рим империясын апатқа алып келді. Мұнан кейінгі ғасырларда адамзат тарихының жаңа кезеңі – Христиандық дәуір басталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Ковалев С.И. История Рима. – Ленинград: 1948.–386 б.
- [2] Всемирная история. . – Москва, т. I. 1955. – 450 б
- [3] Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. – Алматы: 2015.–234 б.

РОМАН «МЕТАМОРФОЗА» ЛУЦИЙ АПУЛЕЯ

Кобланов Ж.Т. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова. г.Ақтау. Казахстан.

Аннотация. Возникновения, становления, развития и кризис римской литературы как и греческая происходила в условиях рабовладельческого общества. Поэтому идеологические вопросы, возникшие в разные эпохи греческой эпохи, совпали с некоторыми этапами развития римского общества и служили школой для римлян, которые вошли в поле истории гораздо позже. Греческая история оставил глубокий отпечаток во всех аспектах развития римского общества.

Римляне создали свою национальную литературу на основе этого ценного наследия, многовекового из литературных произведений на греческом языке.

В статье рассматриваются романы древнеримского писателя Луций Апулея, определяются природы произведения, написанных на социальных тем. Анализируются и оцениваются с научной точки зрения творческие навыки и особенности писателя.

Ключевые слова: роман, фольклор, тематика, идея, поэтика, сюжет

ROMAN "METAMORPHOSIS" OF LOUISIA APULEY

Koblanov Zh.T. - Caspian state university of technology and engineering to the name Sh.Essenov Aktau. Kazakhstan

Abstract. The emergence, formation, development and crisis of Roman literature, like the Greek, took place under the conditions of a slave society. Therefore, the ideological issues that arose in different epochs of the Greek epoch coincided with certain stages in the development of Roman society and served as a school for the Romans, who entered the field of history much later. Greek history left a deep imprint in all aspects of the development of Roman society.

The Romans created their national literature on the basis of this valuable heritage, a centuries-old literary work in Greek.

The article reviews the novels of the ancient Roman writer Lucius Apuleius, determine the nature of the work written on social themes. Analyzed and evaluated from a scientific point of view, the creative skills and characteristics of the writer.

Key words: roman, folklore, theme, idea, poetics, cute

ӘОЖ 82 –3'894. 342

Абишева Ш.С.¹

¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

МАРАТ ҚАБАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада қаламгер Марат Қабанбаевтың балаларға арнаған шығармаларының көркемдік әлемі, жазушылық шеберлігі сөз болады.

Түйінді сөздер: Марат Қабанбаев, жазушы, көркем шығарма.

Марат Қабанбаевтың балаларға арналған шығармаларының кейіпкерлері белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында алынып, өзіндік дара ерекшеліктерімен, мінез-құлқымен,

балалық арман-аңсарымен алынған персонаждар. Олардың бойындағы ұқсас қасиеттерді жазушы уақыттың ағымымен, белгілі бір кезеңнің тұрмыс-тіршілігімен астастыра суреттейді. Мәселен, кейіпкер тілінің даралығы туралы айтқанда, мына бір мәселені ескеру қажет сияқты. Балалар әлемінің өз тілі бар. Жеке тұлға болып қалыптасудың бастапқы сатысындағы бала көбіне ұжымдық тілмен сөйлейді. Мәселен, «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» атты шығармаларында ұжымдық көзқарас, көпдауысты полилогтар шығарманың идеясын ашуда, кейіпкердің табиғатын танытуда шебер қолданылады. Туындылардағы бала тілі – сөздік қоры да ұқсас. Әрі белгілі бір мәселелер аясын қамтиды. Әсіресе ойын түрлері, мектеп өміріне қатысты, табиғат құбылыстарына байланысты балалар тілінің өзіндік шеңберін көрсететін тіл. Бала тілі пәлсападан алыс. Жазушы өзінің балаларға арналған шығармаларында баланың барлығы бірдей сөйлейтін, ұғынатын қарапайым тілді қолданады.

Көркем шығарма негізінен үш компоненттен тұрады. Олар: ой-идея, тіл және образ немесе характер. Осы үшеуі бар туындының ғұмыры қашан да ұзақ, әрі абыройлы. Бұл үшеуін ешуақытта бір-бірінен бөлуге болмайды. Міне, Қабанбаев шығармаларында айтар ой да, нақты идея да, көркем тіл мен нанымды образ да бар. Жазушының палитрасы өте бай. Бірде автор атынан төгілте әңгімелесе, бірде кейіпкерлердің өзіне сөз беріп олардың өздерін сөйлетеді. Енді бірде автор кейіпкерлердің жан дүниесіне еніп, солардың не сезініп, не қойғанын, не ойлағанын солар болып баяндайды. Кейіпкерлерінің жан дүниесі, психологиялық құбылыстары, қуаныштары, күйзелістері, мақсаттары мен армандары жазушы назарынан бір сәт қақас қалмайды.

Қабанбаев әдеби шығармаларда қолданылатын көркемдік тәсілдердің барлығын да өз ретімен, кейіпкердің табиғатын ашуда, бітім-болмысын айқындауда, сол кезеңдегі орта, табиғат көрінісі, заман шындығы т.б. тұстарды ашуда сәтті пайдаланған. Мәселен, «Бақбақ басы толған күн» атты повесте де Заманбектің ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын образ жасаудың бір үлгісі монолог түрімен ашуы жазушының іштей сөйлету үлгісі арқылы бала психологиясын оқырмандарға дәл жеткізуге деген ұмтылысы еді: «Шабындық үлкен, қаншама шапқыласаң да шет-шегіне жете алмайсың, бірақ, географиялық картада неге екені белгісіз, аталынбапты. Глобусты қаншама ұқыптап айналдырып қарасам да «Жасаң» атты жерді таба алмадым» [1, 16] – деген Заманбек ойын автор балаға тән сезіммен суреттей білген. Күнделікті өмірдің әр құбылысынан өзінше ой түйіп, ерекшеліктерін аңғара алатын кейіпкер бейнесі көркемдік шындықтың көрінісі.

Жалпы монолог – кейіпкердің өзімен өзі сырласқандай, ойланып-толғанғандай болып айтатын сөзі. Басқа біреу ол сөзді еститіндей болса да, жауап қайыру деген болмайды, бірыңғай бір кейіпкердің сөзі ғана беріледі. Монологтың мағыналылығы – сол

адамның ішкі сырын, көңіл-күйін, психологиясын терең ашып көрсетуге өте ыңғайлы. Монологта кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдары айтылып, оның тағдырына байланысты маңызды кезеңдегі жай-күйі айқын аңғарылып отырады. Жазушы монологты шығарманың кіріспесі ретінде оқиғаны айқындайтын деталь ретінде қолданады.

Қаламгер шығармаларында сан түрлі әлеуметтік орталар көрініс тауып, образдар мен мінездер сипаты ашылады. Академик З. Қабдолов: «Әсер ету үшін алынған өмір эпизодының шағын көрінісінің өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызықты болуы керек. Сюжетке ене бастағаннан-ақ оқырманның көз алдына іші-сыртын, мінез-құлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып Адам келе бастауы керек. Ол адам өзіне тән ең бір елеулі өзгешелігімен шұғыл даралана беруге тиіс, кейіпкер тұл көрінбейді, оның өзін қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол арқылы белгілі бір әлеуметтік топ, қоғамдық орта танылуы керек; әлгі адам соның өкілі, типтік тұлға болуы қажет» [2, 200], – дейді. Мұның барлығы жазушыдан өмірді терең де, жан-жақты білуімен қабат, шұрайлы сөз байлығын, жіті байқағыштықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамаша суреттілікті, бір сөзбен айтқанда, қалам тиген жерді өмірдің өзіне айналдырап нағыз шеберлікті, соған қоса кемел идеяға апарар терең білім мен биік мәдениетті талап етеді.

Жазушының портрет суреттеудегі шеберлігі – образ ашуда көркемдеу тәсілінің ұтымды көрінісі. «Басы домалақ, жұмыр. Шағын басқа құнтып кішкене мұрын біткен. Денесі қағылез, ықшам. Оған жиектеріне су жүгіріп қызарған оң жақтағысы әманда тапжылмастан мұнарлы көкжиектің көкірегін дәлдеп атқан көздерді қосыңыз» [1, 32], – деп, Қоқай портретінің көркем бейнеленуі жазушының үлкен талғамын, шеберлігін танытқандай. Автор Қоқай бейнесіне тән белгілі ерекшеліктерді шынайы суреттей отырып, типтік образ жасаған. Бүгінгі шындықтан туған мұндай типтік образдар үлкен эстетикалық талғамды танытса керек. Академик З. Қабдолов айтқандай, «Типтің белгілі бір қоғамдық ортадан көп және жиі кездесетін қасиеттен жинақталатыны» [1, 205], шындыққа саяды.

Қаламгер шығармаларында кейіпкерлердің іс-әрекеті, көңіл-күйі, ой-сезімі арқылы жан дүниесі танылады да, оқиғаның шым-шытырық сәттеріне оқырманын еріксіз жетелейді. Осы заңдылық жазушы туындыларының өн бойынан көрінеді. Қаламгер шытырман оқиғаға апарар жолды кейіпкер ойы, сезімі арқылы салт-санаға лайық өрнектейді, бүкіл адами проблемаларды, бір кезеңдік бала өмірін, ондағы жаңа тіршілік-тынысты, сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Повестегі оқиғаны баяндау барысында автор мен кейіпкердің ойы мен сөзі көбіне бірігіп кетіп отырады. Жазушы өз кейіпкерінің жан дүниесіне үңіліп, сыртқы әсерден туындайтын түңілу, торығу, күйіну, шошыну секілді ішкі жан-күйлерін көрсету арқылы образды даралай түседі. Шығарманың идеялық мазмұнын ашу мен кейіпкер мінез-

құлқын, сана-сезімін, түйсік-түсінігін жеткізуде де диалогтің орны айрықша. Олай дейтініміз: «Көркем шығармада адам әйтеуір сөйлеуге тиіс болғандықтан сөйлемейі керек. Әр сөз жасанды емес, табиғи түрде айтылып, геройдың мінезін танытып, образын аша түсіп, оны даралап жатуы керек. Сонда ғана диалог көркем шығармада өз рөлін ойнай алады» [3, 218].

Мына бір диалогте: «Заманбек Жәнипа мен Қоқай арасындағы жақындықты сезетін секілді.

– Мен оны сабаймын, аға, аңдып отырмын.

- Қоқай күйбеңінен жаңылысты.

Ақырын:

- Кімді? – деп күңк етті.

- Оқасты. Жәнипаның баласын.

- Не дейсің, пәтшағар? – Жалт қарады. Қазір оның көзі – қорқыныш пен жеккөрініштің қосындысы, мені жеп қоя жаздап тұр. Иә, ие шіркіннің пысығын. Мұның Оқасы бір емес, он онбағандық жасағанда, неге тым болмаса жалғыз рет қарымта қайтармасқа? Айтпақшы, Қоқай Оқасты қорғаштап неге шыр-пыры шыға қалды. Не де болса тегін емес. Қашан шынын шығарғанша қарыса түспекпін» [1, 47]. Осы екі кейіпкердің арасындағы аз ғана диалогтан жазушының нені меңзегенін аңғару қиын емес, Заманбек ойы арқылы шындықтың шетін сездіреді. Кейіпкер мінезін оқиға-сюжет серпінімен емес, психологиялық тебіреністерді сипаттайтын авторлық ремаркасыз диалогтер арқылы беру Қабанбаев қолтаңбасын айқындайтын көркемдік тәсіл. Заманбектің айналасындағы кейіпкерлермен ара-қатынасы өзгеше. Ол ылғи қиял жетегінде жүретін бала. Жазушының ылғи қырғи қабақ боп жүретін Оқасты таныстыруы да қызық.

Әкесінің томырық мінезі, Оқастың іс-әрекеті, Қоқай шалдың мінез-құлқы, Күләштің өзінен қашқақтауы – бәрін-бәрін ой-санасында қорытып, нәтижесін іздейді. Кітаптағы Томға еліктеп Күләшқа ғашық болуды армандайды. Хаты ұсталып күлкі болғалы баланың аңғал да аңқау сезімін жазушы тапқыр суреттеген: «...Суайт американдықтарға сол жерде жатып ренжідім. Кітаптар да алдайды екен. Мұғалімдер соны бізге алдын ала неге ескертіп қоймайды? Ондайда Күләшқа хат жазар ма едім. Бүйтіп ренжіспейтін де едік» [1, 22], бұл тұста да кейіпкердің ішкі монологы арқылы ойын аңғаруға болады.

Марат Қабанбаевтың «Туған жердің төрт мезгілі» повесіндегі табиғат көрінісін суреттеу тәсілдері – жазушы шеберлігінің бір қыры. Мұнда пейзаждың көркем көрінісі арқылы табиғаттың төл үнін, дыбысын, туған даланың сырлы әуенін естіртеді, тірі табиғатты еріксіз көз алдыға әкеледі. Жазушы бұл шығармада да жинақы, шымыр, суретті тілмен төгілтіп жазу тәсілін шыңдай түскен. Повесть «Астарлы көк сәтенмен тысталған

аспан астында қалғыған шағын ауыл мойнын ішіне салып, бейжай бұйығы жатыр», – деп, жүрекке жылы, жанға жақын, таныс суретпен басталады. Бұл әсем сурет, пейзаж ауылда өскен қазақ баласының барлығына етене таныс. Мәселен, шығарма кейіпкерлері Рәтәй мен Саматтың да өзара диалогтері барынша нанымды шыққан: «Жел (жер – А.Т.) үлкен», «Аспан үлкен» деп таласқан «Р» әрпіне тілі келмейтін Рәтәй мен Саматтың «таласы» талай шындықтың бетін ашып тастайды. Жер дегенің көп үйлі колхозды да, алып тауларды да қыңқ демей көтеріп тұр екен. «Ал аспанда не бар? Табақтай күннен басқа түк те жоқ. Оның өзі күні бойы жалғыздан-жалғыз қанкөбелек ойнап жүреді де, айналып-айналып барып, қаны басына шабады, ақыры кешқұрым көкжиекке қып-қызыл бетін басып құлай кетеді [4, 61]. Бұл – Рәтәйдің көзімен. Ал Самат аспан үлкен дейді. Әсіресе түнгі аспан ғаламат. Басындағы шашыңнан көп жұлдыз аспанда ілініп, салбырап тұрады. Сансыз будақ-будақ бұлттар да аспанның қолтығының астында тығылып тұрады. Аспан бұлтты бұрап-бұрап сығып жіберсе, қалың нөсер жаңбыр әлгі үлкен деген жеріңнің өзін ағызып әкете жаздайды. Қыста бұрқырап жауатын қар да аспаннан түспегенде, қайдан түседі? Оны да аспан бауырына тығып жатады. Қар жауса шексіз көп жауады, деген балалардың таласы бала түгілі үлкеннің өзін, рас-ау бізді аялаған табиғат қандай шексіз еді, сұлу еді, қандай күшті еді деген ойға тартады.

Балаларға арналған «Жиһанкез Тити» әңгімесі де нанымды, бас-аяғы жинақы шығарма. «Ол сол мезетте кішкентай көшенің төрт бұрышын, онда тұратын адамдарды бірін қалдырмай түгел жақсы көріп тұр еді. Бәрі-бәрі – түлкі жаға ішікті апай, Хайдардың папасы, мамасы, Алмас ең жақсы көретін адамдары екен...» [5, 77]. Бұл кішкентай кейіпкеріміздің білуге, өзін қоршаған ортадағы болмысты ұғуға деген құштарлығы басым. Айналасындағы болып жатқан құбылысқа селсоқ қарамай, өзінше ойлап, толғап отыратын қабілетті бала екендігін танытады. Әңгіме құрылымы шағын болса да, тартымды, қызықты.

Повестегі сюжет айқындығы, оқиғаның балғындар танымына сай баяндалуы, характерлерінің табиғи бейнеленуі, бала жанының ішкі иірімдерін аша білуі көркемдік шындықтың шырайын арттыра түскен.

Әдетте шығарма арқауы шындық делінеді. Шындықты тауып, оны көркемдікпен бейнелеу дарынды жазушылардың қолынан ғана келетін іс. Жазушы дарынды болғанда ғана, өмірдегі айтылуы тиіс мәселелерді өз шығармасына арқау етеді. Әдебиеттің, әсіресе балалар үшін тәлім-тәрбиелік мәнінің айрықшалығы, қуаттылығы олардың көркемдік қабылдауындағы ерекшелікке байланысты. Балалар болмысты әр қырынан көруге құштар. Сондықтан жазушы болмысты бала түсінігіне сай суреттеуі кажет. Шығарма жан-жақты, күрделі, шыншыл да объективті, алуан қырлы тұрғыдан жазылғанда ғана көркемдік шындықтың балғындар танымын толықтыра түсетіні баршаға аян.

Марат Қабанбаев қаламгерлік мұрат, ұстанымы биік өр, таза, бала жанындай жарық дүниелер жаза білді. Оның балалар әдебиетінде өзіндік дара қолтаңбасы қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қабанбаев М. Бақбақ басы толған күн. – Алматы. «Жазушы», 1975.
- [2] Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. «Мектеп», 1976.
- [3] Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы. «Алаш», 2003.
- [4] Қабанбаев М. Туған жердің төрт мезгілі. – Алматы, «Раритет», 2004.
- [5] Қабанбаев М. Жиһанкез Тити. – Алматы. «Жалын», 1982.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПОИСКИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАРАТА КАБАНБАЕВА

Абишева Ш.С. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова. г.Ақтау. Казахстан.

Анотация. В этой статье говорится о творчестве писателя Марата Кabanбаева, о роли художественных методов в его рассказах.

Ключевые слова: Марат Кabanбаев, писатель, художественная работа.

ARTISTIC SEARCH IN MARAT KABANBAEVAS LITERARY WORKS

Abisheva Sh.S. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Abstract. This article is written about the works of the writer Marat Kabanbaeva, and the importance of literal methods in his stories.

Key words: Marat Kabanbayev, writer, artistic work.

**Транспорт, строительство,
информационные системы и энергетика**

ӘОЖ 38.7

Есеева Л.Б.¹

¹Ш. Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ӨНДІРІС ҒИМАРАТТАРЫН ҚАЙТА КОНСТРУКЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақала өндіріс кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтау және қайта конструкциялаудың мақсаты және міндеттерін, өндіріс өнімдерінің көлемінің ұлғаюының негізгі қоғам қажеттілігінің өсуін қанағаттандыруға арналған.

Түйінді сөздер: Қайта конструкциялау, ғимараттар, жаңалану, схема, факторлар, механизациялау, автоматизациялау, техникалық, қондырғылар, құрал саймандар.

Өндіріс өнімдерінің көлемінің ұлғаюының негізгі қоғам қажеттілігінің өсуін қанағаттандыруға арналған. Ол үшін: өндірістердің материалды техникалық базасына сапалы өзгеріс енгізуді интерфикациялау арқылы жүзеге асырады. Демек, өндіріс қуатын толығырақ пайдалады, сонымен қатар шикізат қорының барлық түрін қолданылады, жұмысшылар еңбегін жеңілдету арқылы жұмыстың өнімділігін жоғарлатады. Осы аталған жұмыстар арқылы біз өндірісті қайта конструкциялау және техникалық тұрғыдан қайта қаруландырудың соңғы мақсатына жетеміз. Бұл жерде өндіріс орынының шығара бастауын бірден-бір фактор ретінде ескеру керек.

Қайта конструкциялау негізінде, ескі техниканы бүгін күнталабына жауап беретін жаңа техникаға ауыстыру қондырғылар мен құрал саймандарды модернизациялау өндірісте комплексті түрде механизациялау және автоматизациялау технологиялық процестерді өндірісті ұйымдастыруды жақсарту оның ішінде мамандандырылу және кооперациялауды ерекше өсіру шикізатының эффективті түрін қолданады. [1].

Шығарылатын өнімнің сапасын жоғарылату және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру болып табылады. Бұл үшін келесі түсініктер өндірісте қайта конструкциялау және техникалық қайта қаруландыру үшін орнықтылған:

1. Кеңейту;

2. Қайта конструкциялау;

3.Өндірісте қайта конструкциялау;

1. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту, бұл қосымша жаңа өндіріс орындарының құрылысы, нақты цехтар және негізгі объектілерді кеңейту, аталған аймақта қызмет атқару және қосалқы ғимараттарды қосымша немесе жаңа өндіріс алаңдары ретінде пайдалану сонымен қатар осы өндіріс құрамына кіретін, жаңа өндіріс құрамына кіретін жаңа өндіріс және филиалдар құрылысы. Аталған жаңа өндіріс орындарының барлығы негізгі өндіріс балансында орналасқан.

2. Қайта конструкциялау - бұл нақты цехтар және негізгі объектілерінің негізгісі қайта құру. Әдетте аталған жұмыстар атқару барысында өндіріс орындарын кеңейтілу іс-шаралар қарастырмайды.

3. Техникамен қайта қаруландыру – бұл жекеленген өндіріс орындарының техника-экономикалық деңгейін жоғарлату алдыңғы қатарлы техника және технологияларды учаскілерге және цехтарға ендіру механизациялау, автоматизациялау және тозған ескі құрал-саймандармен қондырғыларды жоғарғы өнімді жаңаларына ауыстыру демек техникалық қайта қаруландырудың негізгі мақсаты бұл өндірісте түбегейлі интектификациялау өнімді шығаруеңбек өнімділігін артырып, өнім сапасын жоғарлату жаңа технология аркасында жұмыс орындарын қолданатын материалдар көлемін үнемдеп өнімнің өзіндік құнын кеміту, мұнда техникалық қайта қаруландыруға қарастырған қаржы көлемін оның құрылыс мантаждау жұмыстарының 10% аспауы тиіс.



Сүрет 1 - Қайта конструкциялау және техникалық қайта қаруландыру факторлар схемасы

Өндірістік ғимараттарды қайта конструкциялау ерекшеліктері.

Өндіріс ғимараттарын қайта конструкциялау барысында келесі міндеттер атқарлады:

1. Нақты ғимараттар көлемдік жоспарлық құрылымын мадэрнизацияланатын немесе орнықтырлатын жаңа өндірісінің қажеттілігіне келтіру, ал кейбір ғимараттардың функционалды арналуы өзгереді. Демек, мұны жаңа қызмет және цехтар жағдайына келтіру.

2. Нақты ғимараттардың көтергіш және қорғау конструкциялардың эксплуатациялық сапасын жоғарлату және оны жаңа өндіріс талаптарына сәйкестендіру.

3. Ғимараттың негізгі құрылыс өлшемдерін өзгерту (пішімін, жоспарын, бөлмелерін биіктігін, ұстын торын) аталған жұмыстар технологиялық процесстер тоқтатылмай атқарылуы тиіс.

4. Мадэрнизацияланатын өндірістің инженерлік жүйелерін мадэрнизациялау арқылы қажеттілігін қамтамасыздандыру және оны жұмысшылар жоғарғы норматалаптарына келтіру.

5. Ғимараттың сыртқы және ішкі көрінісі сәулет көлемдік сапасын жетілдіріп, көркейту. [2].

Өндіріс ғимарат мен үймереттерді қайта конструкциялау жүргізу қажеттілігі.

Шығарылатын өнім және оған қажетті жаңа аспаптар жаңалату қысқа мерзім арасында болып тұрады, ал олар орналасқан ғимараттар мен үймереттер бастапқы қалыпта сақталады, атап айтсақ машина құрылыс өндірісінде технологиялық өзгеруі және өндірістік аспаптардың жаңалануы 10-15 жыл, химия өндірісінде 6-8 жыл, электроникада 5 жыл. Ғимараттар мен үймереттердің оның физикалық тұрғысынан ұзақ мерзім қызмет етуі 50-100 жыл. Демек, егер біз ғимараттарды ұзақ қызмет етуіне төменгі шекарасын алатын болсақ, онда атқарлатын негізгі технология өзгеріп тұрады. Бұл дегеніміз аспаптарды ауыстыру өзгерту барысында өндірістік ғимараттарды жаңалап қайта конструкциялау қажеттілігі туындайды. Ол үшін қайта конструкциялау алдында кәсіпорындарда бастапқы параметрлермен анықтау үшін және негізгі қорды жаңалау концепциясын анықтау ретінде комплексті зерттеу жүргізеді. [3].



Сүрет 2 – Негізгі қорды жаңалаудың комплексі концепциясы

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Власов С.В. Контроль качества строительно-монтажных работ. М.;1982 г.
- [2] Долидзе Д.Е. Испытание конструкций и сооружений М.: «Высшая школа», 1974г.
- [3] Шевчук Д. Управление качеством М.: Гросс Медиа, РОСБУХ, 2008. - 216 с.

РЕКОНСТРУКЦИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ЗДАНИЙ

Есеева Л.Б. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова. г.Актау. Казахстан.

Аннотация. Эта статья технического перевооружения предприятий и производства цель реконструкции и конструирования увеличение объемов производства продукции для удовлетворения потребностей общества.

Ключевые слова: Реконструкция зданий, обновления, схема, факторы, механизация, автоматизация, технические, установки, инструменты.

RECONSTRUCTION OF PRODUCTION BUILDINGS

Eseeva L.B. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Annotation. This article of technical rearmament of enterprises and production aim of reconstruction and constructing increase of production of goods volumes for satisfaction of necessities of society.

Key words: Reconstruction of, buildings, upgrades, schema, factors, mechanization, automation, technical, installation, tools.

УДК 621.762.4

Оспанова С.М.¹

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова

НАЧАЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ К РАСЧЕТУ ТОКА ПРИ КОНТАКТНОЙ СВАРКЕ ПЕРЕКРЕЩИВАЮЩИХСЯ КРУГЛЫХ СТЕРЖНЕЙ

Аннотация. В результате анализа исследования доказано, что эффективная к.п.д. $\eta_{\text{и}}$ процесса нагрева при контактной сварке перекрещивающихся стержней высокое 0,7-0,8 и чем больше длительность сварки, тем меньше эффективный к.п.д. процесса нагрева. Показано также, что чем больше ток при данной длительности сварки, тем меньше эффективный к.п.д. процесса нагрева при сварке.

Ключевые слова: контактная сварка, нагрев поверхности, сварочный ток, сварка.

При контактной сварке арматуры железобетона, свариваемые стержни сжимаются между электродами контактной машины так, что центры контактных площадок располагаются на концах одного диаметра стержня (рисунок 1).




Рисунок 1 - Схема контактной сварки перекрещивающихся стержней и очертания контурных площадок: 1, 3 - между электродом и стержнем; 2 - между стержнями.

Схематизируя процесс контактной электросварки перекрещивающихся стержней, можно представить его как совокупность одновременно протекающих и непрерывно взаимодействующих процессов [1], основными из которых являются: а) пластическая деформация металла в зоне сварки стержней (осадка); б) распределение тока в стержнях; в) распределение источников теплоты; г) распределение температуры.

Эти процессы хорошо известны для контактной сварки перекрещивающихся стальных стержней большого диаметра (более 16 мм).

Введение. Актуальность работы. Нефтяные битумы являются крупнотоннажными продуктами и находят широкое применение в строительстве, промышленности, сельском хозяйстве. В последнее время в связи с ростом грузонапряженности движения,

ужесточением требований к состоянию автомобильных дорог значительно повышаются требования к качеству нефтяных битумов. Поэтому уделяется внимание получению модифицированных битумных материалов. Главной целью модифицирования является получение битумов или материалов на их основе, которые позволили бы расширить интервал пластичности битумов, усилить адгезию к металлическим и минеральным материалам, увеличить устойчивость к старению, обеспечить коллоидную и механическую прочность, расширить рабочий интервал температур. Использование модифицированных битумов позволяет решить проблему получения долговечных дорожных покрытий, которые обладают комплексом необходимых структурно-механических и эксплуатационных свойств в соответствии с требованиями потребителя [1].

Новизна. Модифицирование нефтяного битума специальными структурно-образующими добавками – полимерами различного состава и строения с получением так называемых полимербитумных вяжущих ПБВ является одним из наиболее перспективных методов воздействия на целый ряд параметров дорожного битумного вяжущего. Одной из отрицательных сторон использования данного метода является высокая стоимость полимермодификатора и соответственно удорожание производимого вяжущего [2].

Методы (методология) эксперимента. Нами были проведены лабораторные исследования ПБВ, для оптимизации рецептуры с целью получения различных марок ПБВ с улучшенными характеристиками и снижения себестоимости ПБВ. Для получения, полимерно-битумного вяжущего был использован модификатор - SBS (стирол-бутадиен-стирольный блок-сополимер марки СБС Л 30-01А) [3].

Используемое сырье и реагенты: гудрон от компании Caspi Bitum, затемненная вакуумная фракция (ЗВФ), модификатор-термоэластопласт марки СБС Л 30-01А (порошок производства ОАО «Воронежсинтезкаучук»), сера (ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод»). Характеристика исходного сырья для приготовления образцов модифицированного битума приведена в таблице 1. Характеристика реагентов для приготовления образцов модифицированного битума приведена в таблице 2.

Для модификации битумов в лаборатории использовалось оборудование для смешения, состоящее из лабораторного эмульсатора ВМЕ 100LT, мешалки, термометра.

Методика приготовления лабораторных образцов полимерно-битумных вяжущих:

- В гудрон добавляем ЗВФ, смешивается нагретый в емкости до 180-185°C, вставляется в коллоидную мельницу со скоростью 3200 оборотов в минуту вводили расчетное количество полимера, массу вяжущего перемешивали с указанной выше скоростью в течение 30 минут, затем переставляли на мешалку скорость перемешивания до

600 об/мин в течение 1 часа далее добавляли стабилизатор (сера) и продолжали перемешивать массу в течение 1,5 часов при заданной температуре.

- По окончании указанного времени снижали скорость вращения мешалки до 400 об/мин и осуществляли процесс созревания массы вяжущего в течение 30 мин.

Таблица 1 - Характеристика исходного сырья для приготовления образцов модифицированного битума

Наименование	Глубина проникания иглы, 0,1 мм		Растяжимость, см		Температура размягчения по кольцу и шару, °C	Вязкость динамическая при 60°C	Вязкость кинематическая при 135°C	Температура хрупкости по Шарру, °C	Температура вспышки, °C	Изменение массы	Изменение температуры размягчения
	при 25 °C	при 0 °C	при 25 °C	при 0 °C							
Гудрон №1	95	21	>150	5,3	42,7	132,5	314,6	-14	296	0,05	4,7
Гудрон №2	110	23	>150	4,3	43,1	104,2	341,9	-16	298	0,08	5,4

Таблица 2 - Характеристика реагентов для приготовления образцов модифицированного битума

Наименование	структура	Содержание связанного стирола,	Твердость по Шору А, усл. ед.	Массовая доля летучих веществ %	Массовая доля золы %	Относительный удельный вес	Условная прочность при растяжении, МПа	Показатель текучести расплава, 200 C/5кгс
Модификатор термоэластопласт марки СБС Л 30-01А	линейная	30	80	0,8	0,3	0,95	21	1

Для проведения анализов использовалось следующее оборудование: пенетромтр, аппарат для определения температуры размягчения, прибор для определения хрупкости по Фраасу, дуктилометр, печь RTFO.

Результаты исследования. Результаты испытаний модифицированного битума приведены в таблице 3. Как видно из таблицы 3, фактические показатели ПВБ такие как температура размягчения 61,5⁰ С, хрупкость по Фраасу-20⁰ С, пенетрация при 25 °С - 82 дмм, растяжимость при 25 °С - ≥ 150 см, эластичность при 25 °С - 87,8%, однородность, изменение температуры размягчения после прогрева -0,1 °С соответствуют требованиям по СТ РК 2534-2014 [4].

Таблица 3 - Результаты испытаний модифицированного битума

№	Наименование показателей	СТ РК 2534-2014		Гудро н №1+ ЗВФ	Образец №1 (первонач альный)	Гудро н №2 +ЗВФ	Образец №2 (первонач альный)
		БМП 70 -100					
1	Глубина проникания иглы, 0,1 мм, не менее:						1
	при температуре 25 °С	70	100	95	82	110	
2	Растяжимость, см, не менее:						2
	при температуре 25 °С	25	30	>150	>150	>150	
3	Температура размягчения по кольцу и шару, °С, не ниже	60	58	43,3	61,5	41,9	3
4	Температура хрупкости по Фраасу, °С, не выше	-20	-18	-14	-20	-16	4
5	Эластичность, %, не менее:						5
	при температуре 25 °С	60	60	-	94,1	-	
6	Температура вспышки, °С, не ниже	230	235	296	284	298	6
7	Стабильность к расслаиванию, °С, %, не менее	2	2		1		7
8	Изменение температуры размягчения после прогрева, °С, увеличение, падение не более	5	6	4,7	-0,1	5,4	8
9	Эластичность, %, не менее:	50	50		87,8	-	9
10	Изменение массы, не более	0,6	0,6		0,06		10
11	Растяжимость, см, не менее:	Не нормируется			>150		142
12	Однородность	однородно		-	однородно	--	однородно

Сравнительные результаты испытаний ПБВ ТОО «СП «CASPI BITUM» согласно требованиям СТ РК 2534-2014 приведены в таблице 4. Данные испытания были проведены для снижения себестоимости модифицированного битума путем подбора наиболее дешевого и качественного модификатора. В качестве модификаторов для сравнительных испытаний были использованы СБС (КРАТОН Германия), СБС Т- 6302L КНР, ЭЛВАЛОЙ ®4170 (США), Калпрен (Испания), LG 520 (Корея) [5].

Таблица 4 - Сравнительные результаты испытаний ПБВ

№	Наименование показателей	ПБВ 70 - 100 СТ РК 2534		гудрон с бочки	100% гудрон + 2%эваллой	100%гудрон + 6% бутонал NS198	100% гудрон + 5% SBS(СИБУР) + 0,15 % сера	100% гудрон + 5% SBS (КРАТОН)+ 0,15 % сера	100% гудрон + 5% SBS (Т6302L)+ 0,15 % сера
					ПБВ 31	БВ 2	БВ 3	БВ 4	БВ 4
1	Глубина проникания иглы, 0,1 мм, не менее:								
	при температуре 25 °С	70	100	100	81	4	9	7	7
2	Растяжимость, см, не менее:								
	при температуре 25 °С	25	30	>150	93	50	1	1	1
3	Температура размягчения по кольцу и шару, °С, не ниже	60	58	43,1	59,3	0,6	5	8	6
4	Температура хрупкости по Фраасу, °С, не выше	-20	-20	-13	-16	20	-	-	-
5	Эластичность, %, не менее:								
	при температуре 25 °С	60	60	-	72,8	9,3	8	9	9
6	Температура вспышки, °С, не ниже	230	230	296	298	286	00	3	2
7	Изменение температуры размягчения после прогрева, °С, увеличение, падение не более	5	5	4,7	4,5	5,6	5	-	-
8	Эластичность, %, не менее	50	50		71,8	5,2	8	9	8

9	Изменение массы, не более	0,6	0,6	0,05	0,04	0,06	0,06	0,05	0,06
10	Растяжимость, см.	Не нормируется		>150	84,7	150	105	9,3	5,5
11	Однородность	однородно				Неоднородно	однородно		

Сравнительный анализ данных приведенных в таблице 4 показал, что при добавлении в сырье (гудрон) модификатора термоэластопласт марки СБС Л 30-01А (порошок производства ОАО «Воронежсинтезкаучук») в объеме от 4,0% до 6,0% и добавлении стабилизатора (сера техническая) производства ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» от 0,05% до 0,15% улучшаются все показатели ПБВ.

Результаты испытаний показали, что СБС Л 30-01А порошок производства ОАО «Воронежсинтезкаучук» не уступает своим зарубежным модификаторам производство Испании, Германии, США и Китая по некоторым параметрам даже превосходит.

Выводы. Результаты испытаний по подбору рецептуры полимерно-битумного вяжущего будут использоваться на установке модифицированного битума, предназначенной для производства полимерно-модифицированного дорожного битума из вакуумного остатка Каражанбасской нефти (гудрона) с установки ЭЛОУ-АВТ и термоэластопласта SBS (стирол-бутадиен-стирольный блок-сополимер).

Установка состоит из следующих секций:

1. Секция нагрева гудрона поступающего из резервуаров хранения в товарно-сырьевом цехе с помощью ВОТ;
2. Секция предварительного смешения (диспергации и гомогенизации ингредиентов): ёмкость (5 м^3) с 2-х ярусной пропеллерной мешалкой и ВОТ-змеевиком, коллоидная мельница, дозаторы СБС и стабилизатора, насос циркуляционно-выгрузной;
3. Секция созревания: шесть комплектных параллельно работающих вертикальных емкостей (75 м^3) с 3-х ярусными пропеллерными мешалками, выгрузной насос;
4. Система эвакуации хвостовых газов из емкостей (компрессорный отсос с подачей в печь дожига хвостовых газов окисления гудрона).
5. Система управления на базе ПЛК

Проектная производительность установки примерно 120 000 тонн в год модифицированного битума.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Н.М. Лихтерова, Е.С. Лобанкова, Т.Н. Каштанова. Теоретические основы и технология получения нефтяных битумов. – Москва.МИТХТ имени М. Ломоносова, 2010. – С.99.
- [2] Белоконь Н.Ю., Васькин А.В., Сюткин С.Н. Современные проблемы модифицирования битумов //Нефтепереработка и нефтехимия. - 2000. - № 1. - С.72-74.
- [3] Полимерно-битумные вяжущие материалы на основе СБС для дорожного строительства. Информационный центр по автомобильным дорогам. Обзорная информация. Выпуск 4. – 2002. - С.28-29.
- [4] «Битумы и битумные вяжущие. Битумы нефтяные модифицированные дорожные. ТУ». Технические условия. СТ РК 2534-2014. - Астана.
- [5] Урчева Ю.А., Сыроежко А.М., Майданова Н.В., Васильев В.В. Выбор полимера для приготовления, полимерно-битумного вяжущего с улучшенными показателями качества //Известия Санкт-петербургского государственного технологического института. - 2013. - № 19/45. С.61-63.

СБС Л 30-01А МАРКАЛЫ СТИРОЛ-БУТАДИЕН-СТИРОЛДЫ БЛОК-СОПОЛИМЕРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП БИТУМДЫ ТҮРЛЕНДІРУ

Аккенжеева А.Ш., Сыдыков С.У. - Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекетік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада зерттеулер нәтижелері бойынша термоэластопласт модификаторының негізінде полимерлі-битумды тұтқырдың рецептурасын таңдау келтірілген. Модификаторларды қолдану арқылы кең интервалды иілгіштікке, тозуға тұрақты, жоғары механикалық беріктікке ие мұнай битумдарын алуға мүмкіндік береді. Зерттеулер негізінде, рецептураны дұрыс таңдағанда полимерлі-битумды тұтқырдың көрсеткіштері жақсаратындығы көрсетілген. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, SBS -модификаторы (СБС Л 30-01А маркалы стирол-бутадиен-стирол блок-сополимері) көптеген көрсеткіштер бойынша Испания, Германия, АҚШ және Қытай шетелдік түрлендіргіштерден асып түседі.

Түйінді сөздер: битум, модификатор, гудрон, созылғыштығы, серпімділігі, пенетрация, созылымдылығы.

MODIFICATION OF THE BITUMEN USING THE STYREN-BUTADIENE--STYRENIC BLOCK SOPOLIMER SBS L 30-01A

Akkenzheyeva A.S., Sydykov S.U. - Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan,

Annotation. The article presents the results of studies on the selection of composition of polymeric-bitumen binder based on a thermoplastic elastomer. The use of modifiers makes it possible to obtain petroleum bitumen with an extended plasticity interval, resistance to aging, and high mechanical strength. Based on the research, it has been shown that if the formulation is correctly selected, the parameters of the polymeric- bitumen binder are improved. Also, the results of the research showed that the modifier - styrene-butadiene-styrenic block copolymer of SBS L 30-01A brand surpasses the foreign modifiers of Spain, Germany, the USA and China in many respects.

Key words: bitumen, modifier, tar, plasticity, elasticity, penetration, expansibility.

**Актуальные проблемы социально-
экономического развития и правового
регулирувания**

МРНТИ 10.23.43

Косжанов К.Б.¹

¹Сулейман Демирель Университетінің магистранті

**ЖОСЫҚСЫЗ БӘСЕКЕЛЕСТІК АКТІЛЕРІН ШЕТЕЛ ЗАҢНАМАЛАРЫ
БОЙЫНША САРАЛАУ**

Аңдатпа. Мақалада жосықсыз бәсекелестіктің актілерін саралау қарастырылады, негізгі белгілері келтіріледі.

Жосықсыз бәсекелестік актілерін саралау арнайы бір қызығушылық тудырады сөзсіз, өйткені жосықсыз бәсекелестік, монополиялық қызмет, мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері сынды монополияға қарсы заңнама құқық бұзушылық түрлерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда, халықаралық тұрғыда жалпы мемлекеттердің қабылдаған жосықсыз бәсекелестіктің ұғымы мен актілер тізбесі жоқ. Бірақ бұл, жосықсыз бәсекелестіктің ұғымы мен актілер тізбесін шығаруды шектемейді. Осыған орай, автор, бұл мақалада шетел заңнамаларына сай, жосықсыз бәсекелестік актілерін саралайды.

Түйінді сөздер: бәсекелестік, жосықсыз бәсекелестік, актілер, шатастық, бойкот, демпинг, коммерциялық тыңшылық, параға сатып алу, дискредитация.

Қазіргі таңда нарықтық экономика – әртүрлі өндірістік, коммерциялық, қаржылық, ақпараттық және т.б. құрылымдардан тұратын, әртүрлі бизнес салаларымен байланысқан, нарық атты бір ғана түсінікте бірігетін өзін (ауқымды) бір организм ретінде көрсетіп келеді. Нарықтық қатынастардың болмысын көрсететін негізгі ұғым, ол – бәсекелестік (competition).

Өкінішке орай бәсекелестік пайда болғаннан бері теріс пиғыл арқылы бәсекелестікке қол жеткізгісі келетіндер біршама. Бұл ретте халықаралық және отандық заң шығарушылар құқықтық тұрғыда бұған жосықсыз бәсекелестік терминін беріп, жосықсыз бәсекелестікті заңмен тыйым салған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26- бабы 4 - тармағында, Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады, деп көрсетілген.

Өкінішке орай қазіргі таңда жосықсыз бәсекелестік актілеріне қатысты тек қана доктриналық классификация берілген, және бұл мәселеде ғалымдардың ғылыми шығармаларын қоса алғанда әртүрлі болып келеді.

Мысалы революцияға дейінгі кезеңдегі атақты заңгер В. А. Гольденберг жосықсыз бәсекелестікке қатысты барлық әрекеттерді алаяқтық жарнама деп топтастырған. Яғни ол, теріс жарнама, теріс пиғылды әрекеттермен бәсекелестің жұмыстарын немесе тауарларын тым мақтап жібереді немесе жұмыс пен тауарларын дискредитацияға жібереді. Жосықсыз бәсекелестіктің ерекше әрекеттері ретінде, В. А. Гольденберг, жалған жарнама деп тұтынушыларды алдау әрекеттер деп саралаған. Теріс жарнама деп В. А. Гольденберг бәсекелестің мүддесін, тауарын немесе жұмысын диффамациялау (дискредитация) деген. Жосықсыз бәсекелестіктің бөлек формалары деп мекемелердің бір бірімен араластырылуы, сауда және өндіріс құпияларын жариялау және бәсекелестің өндіріс құпияларын білу мақсатында жұмысшыларын алдау деп бөлген [1, 69-140 б.].

Неміс ғалымы Эрнст Иоахим Местмекер, жосықсыз бәсекелестікті саралаудың бірде біреуі логика тұрғысынан дұрысынан саралауға келмейді деген пікірге келген. Дегенмен ғалымның ойынша жосықсыз бәсекелестікті саралау керек, өйткені ол жосықсыз бәсекелестік түрін барынша анықтауға көмектеседі. Ғалым жосықсыз бәсекелестік белгілерін төрт топқа топтастырған:

- 1) Бәсекелестің тауарларын өткізуде кедергі келтіру, оларды дискредитациялау және бойкот
- 2) Алаяқтыққа жетелейтін және жалған жарнама
- 3) Араластырылатын паразитті бәсекелестік (патенттелмеген тауарларды, тіркелмеген өнімдерді және өзгеге тиесілі тауар белгілерін қолдану)
- 4) Демпинг (бәсекелестердің тауарларына қарағанда тауарларды тым төмен бағада сату) [1. 80-81 б].

Танымал неміс заңгері Иосиф Колер де жосықсыз бәсекелестіктің логикалық тұрғыдағы саралаудың анықтамасын бере алмай тек қана белгілерін көрсететін әрекеттерді тізіп берген [2.62-64 б].

Осы тұрғыда саралаудың әртүрлі болуының бірден бір себебі бұл мемлекеттердегі заң жүйелерінің әртүрлі болуымен де ұштасады.

Сонымен, жосықсыз бәсекелестікке түрлері және оларды саралаудағы шетел заңнамаларын зерттей келе, оларды келесідей бес топқа топтастыруға себеп болды.

1. Бәсекелестердің өндірістік меншіктегі құқықтарын бұзатын әрекеттер.

Яғни, бұл топқа келесідей әрекеттер жатады: мекемелердің, тауарлардың, бәсекелестің сауда қызметімен араластырылуы; сауда және өндірістегі құпияларды жариялау.

1. Араласу, араластырылу болып жосықсыз бәсекелестің мекемесінің, тауар немесе өнім белгілері өзіне қарағанда әлдеқайда сәтті болған бәсекелестің мекемесінің, тауар немесе өнім белгілеріне ұқсауы танылады.

Аталмыш жосықсыз бәсекелестіктің түрі қазіргі нарық заманында кең таралған, өйткені нарықты «жаулаудың» оңай түрі болып табылады. Сондықтан бұл әрекет көптеген экономикалық дамыған мемлекеттердің заңнамаларында тыйым салынған, және бұл әрекетті жасаған субъектілерге азаматтық құқықтық, әкімшілік құқықтық және қылмыстық құқықтық жауапкершілік көзделген.

Германияда бұл әрекеттермен күресетін арнайы жосықсыз бәсекелестік туралы 2004 жылғы Заң бар. Ол заң өндірістіктік меншікті қорғауға байланысты арнайы заңмен тең дәрежеде қолданылады.

Мысалы фирмалық атауларды қорғау 2004 жылғы заңның § 16 [3] және Неміс сауда уложениясының § 12 жүзеге асырылады. 2004 жылғы

§16 Заңның 1 тармағына сәйкес, «Тұлға, сауда айналымында коммерциялық немесе өндіріс мекемесінің атауын қолданатын болса, және бұл әрекет толық құқықты өзге тұлғаның мекемесімен араласатын болса, соңғысының талабы бойынша қолдануды тоқтатуға тиіс» деп жазылған[4]. Құқықтық нәтиже ретінде алдыңғысының алдағы уақытта бұндай әрекеттерді тоқтатуы және бұл әрекеті үшін шығынды өндіріп беруі болып табылады.

1991 жылғы «Жосықсыз бәсекелестік туралы» Испания Заңының 6-бабына сәйкес, бәсекелестердің қызметтерді ұсыну барысында немесе мекемелерін араластыру тыйым салынады делінген (Acto de confusión). Яғни бұл әрекеттер бұндай заңбұзушылықты саралауға жетерлік.

Араластыруды тудыратын Жосықсыз жарнаманы дегеніміз, Испан жалпы Жарнама туралы Заңының 6-бабына сәйкес, бәсекелестің мекемелерін, қызметтерін, тауарларын, тауар белгілерін, тауар атауларын және өзге де белгілерді негізсіз атаудың, аббревиатураны, географиялық орнын немесе тауар белгілерін айырмашылығы болмайтындай немесе айырмашылығы сәл ғана болатындай әділеттілікке (Buena fe), этикалық нормаға және сауда дәстүріне қайшы жарнама болып табылады.

Кеткен шығынға байланысты санкция ретінде жосықсыз әрекеттерді істегеннен шығынды өндіру болып табылады.

2. Коммерциялық құпия өндірістік құпияға қарағанда қылмыстық заңнамамен қорғалмайды. Оларды заңсыз алу мен жайып салудан қорғаудың бірден бір жолы жосықсыз бәсекелестік нормаларын қолдану болып табылады. Сауда құпиясын жайған қызметшінің әрекеті жосықсыз бәсекелестік болып табылады, егер оның әрекетінде келесідей жағдайлар болса: егер ол бәсекелестің қызметшісі болып ауысса, бәсекелестің қызметшілерін алдаса, өз ісін бірігіп бастаған екінші өндіріс иесінің коммерциялық құпияларын қолданса.

Жоғарыда келтірілген елдердің заңнамаларына қарағанда, Қытай Халық Республикасының 1993 жылғы «Жосықсыз бәсекелестікке қарсы» Заңында (Law of the People's of China for Countering Unfair Competetion), «коммерциялық құпия» сөзіне анықтама береді.

Заңға сәйкес, коммерциялық құпия деп бәріне бірдей жайыла бермейтін техникалық және шаруашылық ақпарат, яғни ол иелеріне экономикалық пайда әкелетін және оны қорғау үшін иелері барын салатын ақпаратты түсінген жөн.

Сонымен қатар Қытай Заңнамасы да Ұлыбритания, Франция, Германия секілді, коммерциялық құпияны жаю, қылмыстық заңнамалармен жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Коммерциялық шпионаж үшін тыйым Испанияның 1991 жылғы Жосықсыз Бәсекелестік туралы Заңында да жазылған. Аталмыш заңның 13 -бабында, кәсіпкерлік қызметті жүргізуге байланысты өндірістік немесе өзге де құпияны иесінің рұқсатынсыз қолдану немесе жаю, егер жайған немесе қолданған субъект заңды негізде сол ақпаратқа қол жеткізген, бірақ үшінші тұлғаға жаймау туралы шарт жасасқан болса немесе шпионаж немесе соған ұқсас әрекеттер нәтижесінде қол жеткізген болса, бұндай әрекеттер тыйым салынады деген.

2. Кәсіпкерлердің жеке құқығы болып табылатын іскерлік беделін, атағын, абыройын бұзатын бәсекелестік әрекеттер.

Жосықсыз бәсекелестіктің бұл категориясына шетел заңнамалары әдетте дискредетация және салыстырмалы жарнаманы жатқызады.

Дискредетация (кейбір мемлекеттердің заңнамаларында бұл әрекет диффамация деп аталады) бұл жанамада түрде өз өнімдерін, тауарларын мақтай отыра бір бәсекелестің екінші бәсекелестің өнімдерін, тауарларын компраамацияға ұшыратуды мақсат тұтатын жарнаманың түрі [5. 484 б].

Зерттеліп отырған көп елдердің заңнамаларында бәсекелестің әрекетін дискредетация деп тану үшін негізгі төрт жағдай қажет: алдымен бәсекелес туралы ақпарат сауда немесе өндіріс ортасында тарауы тиіс; екіншіден таратылып жатырған ақпарат

жалған болуы тиіс; үшіншіден таратылып отырған ақпарат бәсекелеске зиян тигізу мақсатында болуы тиіс; төртіншіден ақпаратты тарату жазбаша немесе ауызша түрде болуы тиіс.

Ұлыбританияда 1952 жылы дискредетацияны және жосықсыз бәсекелестік актілерін жоюға арналған арнайы заңдар қабылданған (defamation act). Аталмыш заңға сәйкес жауапкершілік туындауы үшін (азаматтық құқықтық немесе қылмыстық құқықтық) тек қана жалған ақпараттың таратылуы жеткілікті, сондай ақ таратып отырған субъект өзінің таратып отырған ақпараттың жалғандығын білмегені немесе абайсызда жасағаны маңызды емес.

Германияда кәсіпкерлердің және өндірістің беделі Германияның азаматтық уложениясымен және жауапкершілігі бар арнайы заңдармен, сондай ақ жосықсыз бәсекелестік туралы арнайы заңымен және қылмыстық заңнамамен қорғалады.

Мысалы Германия азаматтық уложениясының 824 параграфында келесідей норма қарастырылған: Өгенің өндірістік немесе сауда кредитін бұзатын жалған ақпарат таратудан келген зиян қайта өндірілуге жатады. Бұдан бөлек бәсекелестің беделіне залал келтіретін шын ақпарат та азаматтық заңнамаға сәйкес өндірілуге жатады (Германия азаматтық уложениясының 826 параграфы).

Германияның 2004 жылғы Жосықсыз бәсекелестікке қарсы заңында дискредетация үшін қылмыстық жауапкершілік көзделетіні қарастырылған. Онымен қоса қылмыстық заңнаманы бұзу, қылмыстық санкциямен қатар азаматтық санкцияны да қосады, яғни бұдан әрі ондай ақпаратты тыйым салумен қатар келген залалды өндіру туралы.(6)

Италия азаматтық кодексінің 2596-бабының 2 бөлігінде дискредетацияға заңды түсінік берілген. Аталмыш нормаға сай, дискредетация ол «бәсекелесті дискредетация жасайтын ақпаратты тарату немесе баға беру». Италия доктринасы бойынша, бәсекелесті дискредетация жасайтын ақпаратты тарату тек қана жазбаша емес, сонымен қатар көпшілікке мәлім болған ақпаратты ауызша тарату дискредетация болып табылады [7].

Дискредетацияға санкция ретінде Италия азаматтық кодексімен сот арқылы оның ізін кесу және келген залалды өндіру шаралары қарастырылған.

Италиялық заңнамаға қарағанда француздық заңнама дискредетация әрекетіне құқықтық анықтама бермейді. Аталмыш әрекеттің ізін кесу әдетте соттың қарауы арқылы жүзеге асады. Яғни дискредетация деп бәсекелестің атына, тауарына, өніміне немесе қызметін төмендететін кез келген ақпарат.

Қазіргі таңда француз заңгерлері дискредетацияның екі түрге бөледі: тұлғаны және мекемені. Тұлғаның беделін түсіру саяси немесе діни жолмен, немесе тұлғаның мекемесі

банкроттық үстінде деген сияқты жолмен жүргізіле алады. Сондай-ақ клиентурасын алу мақсатында белгісіз тұлғаны дискредитациялау да заңсыз болып табылады.

Мекеменің (өндірістің) беделін түсіру болып, бәсекелестің мекемесі өзгенің өндірістік құқықтарын бұзып жатыр, яғни өзгенің тауар белгісін қолданып жүр т.с.с. немесе оның қызметі қылмыстық топпен қаржыландыруда деген сынды жалған ақпаратты тарату болып табылады. Бұндай алып қашпа әңгімелерді тарату тек қана Францияда емес, сондай-ақ Қытай, Жапония сияқты мемлекеттерде де бар.

Егер таратушы тұлға, жалған ақпаратты таратуды қасақана жасаған болса, бұл орайда оған қылмыстық және азаматтық заңнамалар нормасы қолданылады. Ал егер ақпарат расталса, бірақ іскерлік беделіне нұқсан әкелген болса, онда Франция заңнамасы бойынша бұл әрекет үшін жосықсыз бәсекелестікке қарсы нормалардың азаматтық жауаптылық тудыратын нормалары жүзеге асады.

Бедел түсірудің тағы бір түрі ол салыстырмалы жарнама болып табылады. Аталмыш құқықбұзушылықтың ізін кесу ережелері, Францияда сот тарапынан жүзеге асқан. Бәсекелестің әрекетін салыстырмалы жарнама деп саралау үшін, бәсекелестің тауарының сапасы немесе сапасының төмендігі туралы немесе оның бағасына қатысты өзінің тауарымен тікелей тауарымен салыстыруы жеткілікті.

Сондай-ақ сот практикасы фавнитикалық жарнама яғни салыстыруға шақыру жарнамаларын салыстырмалы жарнамаға жатқызған. Мысалы айтсақ «біздің тауарды «А»ның тауарымен шатастырмандар» деген жарнамалар, әдетте осы жарнаманы таратқан кәсіпкерге артықшылық береді.

Германияда салыстырмалы жарнамаға Жосықсыз бәсекелестікке қарсы Заңның он төртінші параграфымен тыйым салынады. Аталмыш норма негізінен дискредитациямен, яғни беделін түсірумен күресу үшін арналған, яғни сауда қызметіне залал келтіретін ақпаратты тарату тыйым салынған. Келтірілген залал өндірілуге жатады. Бұдан бөлек салыстырмалы жарнамада сот практикасы, жарнама бағытталған бәсекелестің атауы есімі айқындалмай, тек қана салыстырылып жатырған объектті шығарушысы немесе өндірушісімен теңестірсе немесе ұқсатса жеткілікті деген тұжырымға келген. Егер жарнамада жоғарыдағыда ақпарат болмаса онда ол жарнамаға рұқсат етіледі.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, кей жағдайларда салыстырмалы жарнамаға рұқсат беріледі. Ондай кездер, адал бәсекелестің қызметіне теріс пиғылды әрекеттер жүзеге асқанда. Мысалыға айта кетсек, «А» кәсіпкердің тауар белгісін «Б» кәсіпкер қолданып өз тауарларын нарықта өткізіп жүр. Осыны білген «А» кәсіпкер тауарын салыстыра отыра жарнама жасай алады, яғни шынайы тауарды көшірмелі тауардан ажырату үшін.

Италия сот практикасында да бұл мәселе кеңінен қарастырылған. Сот практикасының ережесіне сәйкес, салыстырудың тыйым салудағы басты белгісі бұл бәсекелестің өнімін түсіру немесе кемшілігін арттырудағы субъективті ниеті.

3. Нарықтағы үстем жағдайға орнықтыру мақсатындағы бәсекелестік әрекеттер.

Жосықсыз бәсекелестік әрекеттердің бұл категориясына біз бойкот және демпингті жатқызамыз.

Бойкот, бәсекелесті қорқытуы немесе оны бәсекелестік күрестен мүлде шығарып жіберуді көздейтін жосықсыз бәсекелестіктің қауіпті түрлерінің бірі болып табылады. Сонысына қарамастан сот практикасы бұл әрекетке барынша сақтықпен баға беруде. Бұған себеп, қазіргі таңда азаматтық құқықтың негізгі қағидаларының бірі болып шарт еркіндігі қағидасы орын алуда, сондықтан сауда қатынастарында қатысушылардың бірі мәмілелерден бас тартса бұл құқық бұзушылық болып саналмайды. Егер бәсекеге қатысушы «іскерлік айналымды» немесе «әділ әдет ғұрыпты» бұзатын әрекеттер жасағанда, теріс пиғылды әрекет, яғни бойкот болып саналады. Мысалыға айтар болсақ, бәсекелестерді жолдан ығыстыру мақсатында бағаны негізсіз көтеру, бойкоттың бір түрі болып саналады. Сондықтан сот практикасы осы сынды істерді қарағанда, көбіне субъектінің нарықтағы үлесіне қарайды, яғни үстем жағдайға сай келе ме, келмей ме, егер үстем жағдайға ие болса онда бұл ретте антитресттік яғни монополияға қарсы заңнама қолданылады, яғни монополияға қарсы заңнама жосықсыз бәсекелестікпен күресте жосықсыз бәсекелестікке қарсы заңнаманы толықтырып тұрады [8. 211 б].

Әсіресе бұндай жағдайлар Германияда орын алады, ол жерде сот практикасы проблеманы шешуде келесідей жолды таңдаған: әділ бәсекелестікті жүргізу ережелерін бұзу, монополияға қарсы заңнама бұзу фактілеріне негізделеді, осы орайда олардың ізін кесу үшін монополияға қарсы заңнамамен қатар жосықсыз бәсекелестікке қарсы заңнаманы да қолдану керек деген шешімге келген.

Жосықсыз бәсекелестікке қарсы неміс заңнамасына сәйкес, егер әрекет бәсекелесті сауда қызметінен шектеуге алып келсе, және «нарықтағы қарым қатынасты» бұзса, онда бұл әрекет бойкот деп сараланады.

Неміс заңгерлерінің ойынша, Аталмыш заңның ережелері сәйкес бойкотты жосықсыз бәсекелестіктің түрі деп саралаумен қатар монополияға қарсы заңнамамен де саралануы тиіс.

Сонымен Германияда жосықсыз бәсекелестіктің түрі бойкотпен күрес, монополияға қарсы заңнама бұзушылықтар фактісі негізінде жүзеге асырылады, сондықтан жосықсыз бәсекелестікке қарсы заңнама, монополияға қарсы заңнама нормаларымен қатар субсидарлы түрде қолданылады.

Францияда бойкот ұғымы кең мағынада түсініледі. Бұл түсінікке кәсіпкерлердің немесе олардың бірлестігінің бәсекелесті нарықтан шығару мақсатындағы кез келген әрекеті жатады. Жосықсыз бәсекелестіктің бұл түріне қарсы күрес, әлі күші жойылмаған 30.06.1945 жылғы №451483 Ордонанс негізінде жүзеге асады.

Францияда бойкот жосықсыз бәсекелестіктің қауіпті түрлерінің бірі ретінде есептеледі, сондықтан оны жасауда Ордонанс азаматтық құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгілеген.

Италия, Испания, Жапония секілді мемлекеттердің заңнамалары Франциялық заңнамаларға қарағанда жұмсақ болып келеді, тек қана келтірілген зиян үшін оны өтеу үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік белгілейді. Мысалыға Италия Азаматтық кодексінің - бабының бөлігіне сәйкес, егер бәсекелестік қарым қатынас қатысушы «өзге тұлғаның мекемесіне зиян тигізу қаупі болуы мүмкін және кәсіби этикаға сай емес тәсілдермен тікелей немесе жанама түрде пайда тапса» онда бұл жағдайда оған азаматтық құқықтық жауапкершілік белгіленген.

Бәсекелестік қатынастарды реттеу бойынша шетел практикасында, бәсекелестік қарым қатынас қатысушыларына бойкоттан бөлек, демпинг сынды жосықсыз бәсекелестік түрі де кездеседі. Демпинг нарықта үстем жағдайды иеленіп алатын сондай ақ нарықта максималды көп тұтынушыларды тартып алатын жосықсыз бәсекелестіктің кең таралған түрі.

Экономикалық тұрғыдан алып қарасақ, демпинг табиғаты бұл тауар өндірушінің тауарды өз бағасынан арзан бағаға сату болып табылады. Алғашқыға қарасақ бұл біртүрлі көрінуі мүмкін, алайда бұл тәсіл әлдеқайда эффективті болып келеді, және көптеген компаниялар шығынға кетсе де бұны қолдануда. Мысалыға айта кетсек 1970 жылы жапондық Sony компаниясы, өзінің жоғары сапалы Жапонияда шығарылған телевизорларын ішкі нарықта \$333 сата отырып, Америка халқына \$180 сатты. Яғни сол кез үшін бұлардан артық ешкім ұтыс ұсынысын бере алған жоқ. Осы арқылы олар өздеріне атақ жинап, Sony компаниясы біраз жылға дейін «баға сапа» бойынша негізгі эталондардың бірі болды [9.164-165].

Бұдан бөлек, шетелдердің экономикалық және құқықтық доктринасы «кәсіпкер өз тауарларының және өнімдерінің бағасы үшін жалғыз сот» деген қағиданы негіздейді. Алайда кейде доктрина, белгілі бір дәрежелерде қабылданған заңнамалардан аса алмай шектеліп қалады. Мысалы И. Колердің айтуы бойынша «әрекет жосықсыз бәсекелестік деп сараланбайды, егер коммерсант немесе өндіруші жүйелі түрде шынайы бағасынан арзан сатып тұрса» деген. Бірақ қазіргі таңда көптеген мемлекеттердің заңнамаларында тауарды

өз құнынан төмен сату немесе шығынға сату жосықсыз бәсекелестік деп танылады [10.728 б].

Демпингпен күрес үшін алғаш болып көңіл бөлген Франция елінде баға қоюда еркіндік берілген. Алайда, бағаны спекулятивті көтеріп түсіру Франция қылмыстық кодексіне сәйкес тыйым салынған. Өйткені ол нарыққа арзан сапасыз заттардың келуіне, бағаны түсіреді, бәсекелестерге зиян алып келеді және тауардың ақиқи бағасы, сапасына қатысты тұтынушыларды алдайды.

Германияда да Франция еліндегідей баға қоюда еркіндік берілген. Бәсекелестік қатынастарға қатысушылар арасында кейбір тауарлар үшін келісіп баға қоюға болады, алайда шарттың басты міндеттерінің бірі ол баға максималды немесе минималды болмауы тиіс. Бұл міндетті бұзу азаматтық тәртіпте жауапкершілік алып келеді, және бұзған субъект(ілер) қалғандарына келген залалды өтеуі тиіс.

4. Бәсекелестің өндірісін таратуға бағытталған бәсекелестік әрекеттер. Бұл құқық бұзушылықтарға сауда мен өндіріс құпиясын білу мақсатында бәсекелестің жұмысшыларын алдау мен сатып алу жатады.

Бәсекелестің жұмысшыларын алдау, қазіргі таңда доктринада және заң шеңберінде де жүзеге асырылмайтын жосықсыз бәсекелестіктің түрі. Яғни бұл мәселе, рұқсат берілген және тыйым салынған жағдайларды реттеу қиынға соғады. Әр жағдайда бұны сот шешеді.

Шетелдік жалпы көзқараста қабылданған доктринасына келсек, жұмысшының еңбек шарты бітпей жатып бәсекелестің мекемесіне ауысу, бәсекелестің теріс пиғылды әрекеттері, жұмысшының кетуіне байланысты келтірілген залал секілді жағдайлар орын алғанда ғана бұл әрекеттің жосықсыздығын дәлелдеуге болады. Және аталмыш жағдайлардың сипаты болғанда ғана бұл әрекет мекемені таратуға бағыттаған деген шешімге келуге болады.

Италия доктринасы бұл әрекетті, біздің ойымызша, жақсы зерттеген. Италиан заңгерлерінің ойынша, нақты емес әрі ең қиын анықталатыны, бұл бәсекелестің жұмысшысын алдап өзінің жұмысына алу болып табылады. Негізінен бәсекелестің жұмысшысына жұмыс ұсыну бұл жосықсыз бәсекелестік болып табылмайды, бірақ бәсекелестің жұмысшысын өзіне тарта отырып, бәсекелестің мекемесіне залал келтіру, әсіресе шаруашылық қызметіне залал келтіру болса бұл жосықсыз бәсекелестік әрекеттері болып табылады [11.212 б].

Зерттеліп отырған әрекеттің айрықша белгілері ретінде жұмысшының ауысуымен қатар бәсекелестің экономикалық инициативасының көрінуі; жұмысшыларда бәсекелеске деген, оның ішінде қаржылық сенімсіздікке азғыру; жұмысшыларды кейін жұмысқа

орналастыру мақсатымен емес, керісінше олардың қаржылық, экономикалық, коммерциялық құпияны білу мақсатында көндіру және сол сияқты т.б. әрекеттер.

Аталмыш әрекеттер шетел заңнамаларында келген залалды өтету мақсатында азаматтық құқықтық жауапкершілік белгілейді.

Бәсекелестің жұмысшыларын алдап өзіне алумен қатар қызметкерлерді сатып алу әрекеті тығыз байланыста.

Жосықсыз бәсекелестікке қарсы Германия заңнамасы жұмысшыларды сатып алу әрекетін екі түрге бөледі. Біріншісі, ол сауда және өндіріс құпияларын анықтау мақсатындағы сатып алу. Сатып алудың бұл түрі, бәсекелестің мекемесін тарату мақсатында жұмыскерді алдап өзіне алумен қатар, пара бере отырып құпияны жаюды көздейді. Екіншіден, бәсекелестің клиентурасын тартып алуды көздейтін, сауда және мәміле операцияларында артықшылық алу мақсатында сатып алу әрекеті болып есептеледі.

Сатып алудың қай түрі болмасын неміс заңнамасында ол қылмыстық жауаптылықты көздейді, яғни пара берген де алған да қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Жұмысшыларды сатып алу және алдап өзінің жұмысына алу, жеке жосықсыз бәсекелестік түрі ретінде Қытай және Франция заңнамаларында да көрсетіледі.

5. Бұдан бөлек жоғарыдағы тізімнен бөлек жосықсыз бәсекелестіктің өзге де түрлері кездеседі.

Өзге түрлеріне алдымен жалған жеңілдіктер өткізу әрекетін жатқызуға болады. Аталмыш әрекет кей мемлекеттерде жеке өз алдына жосықсыз бәсекелестік түрі болып танылады. Бұндай әрекет әсіресе Германия, Италия заңдарында көрінеді.

Клиенттерді теріс пиғылмен тартып алу да жосықсыз бәсекелестіктің ерекше түрлерінің бірі болып келеді. Бұл әрекеттің ерекшелігі әр сатып алушыға фирманың флаерлерін бере отырып басқа сатып алушыларды тарту болып табылады. Адам тартқаны үшін, белгілі бір мөлшерде тауарларға жеңілдік немесе сыйақы беріледі. Кей мемлекеттерде бұл әрекет үшін қылмыстық құқықтық жауапкершілік белгіленеді.

Жоғарыда айтылғандары жалпылай келе, жосықсыз бәсекелестіктің шетел заңнамалары бойынша саралану жолдары көп екенін аңғаруға болады. Біздермен, әлем практикасында көп таралғандары және отандық бәсекелестікте қолданып жүргені зерттелінді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Гольденберг В А Недобросовестная промышленная конкуренция // Вестник права СПб 1901 №6 С 4 8 - 81. № 7 С 96-140

[2]. Unfair Competition Some comparative aspects of the laws of the United States, Germany, France and the United Kingdom A report of a Symposium held on May 20, 1965 by the British Institute of International and Comparative Law at the Law Society London Ed by Thomas D , 1966 P 62

[3]. Burgerliches Gesetzbuch / Германское гражданское уложение / Паландт 59-е, перераб изд Мюнхен Beck, 2000 2715

[4]. Торговое уложение Германии Закон об акционерных обществах Закон об обществах с ограниченной ответственностью Закон о производственных и хозяйственных кооперативах М ВолтерсКлувер. 2009

[5]. Pirovano A La concurrence deloyale en droit francais // Revue international de droit compare P. 1974 № 3

[6]. Strafgesetzbuch mit Erläuterungen / Уголовный кодекс Германии с постатейным материалом / сост К Лакнер, К Кюль 23-е, перераб изд Мюнхен Beck, 19

[7]. Зиненкова О.Н. Правовое регулирование борьбы с недобросовестной конкуренцией в ЕЭС и в странах -членах сообщества дис канд юрид наук 12 00 03 / Зиненкова Ольга Николаевна М, 1984

[8]. World Unfair Competition Law An encyclopedia, vol 1 Leyden Ed by Pinner H L, Sijthoff. 2013

[9]. Линдерт П Экономика мирохозяйственных связей пер с англ М Прогресс, 1992

[10]. Reimer D La repression de la concurrence Del ovale en Allemagne P Ed Economica, 1978

[11]. Meucci M Storno dei dependent! e concorrenza sleale // Lavoro e previdenza oggi 1996

ВНЕШНЯЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ИНОСТРАННОЙ ВАЛЮТНОЙ ЭКСПЕРТИЗАЦИИ

Косжанов К.Б. – магистрант Университета Сулейман Демирель, г. Алматы, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются квалификация актов недобросовестной конкуренции, приводятся ее основные признаки.

Квалификация актов недобросовестной конкуренции представляет определенный научный интерес, так как недобросовестная конкуренция является одним из распространенных видов нарушений антимонопольного законодательства наряду с такими видами, как монополистическая деятельность и антиконкурентные действия государственных органов.

В настоящее время, на международном уровне не имеется четкого определения и перечень актов недобросовестного конкуренции общепринятой государствами.

Это, однако, не означает, что невозможно выработать какое-либо общее определение понятия и перечень актов недобросовестной конкуренции.

В связи с чем, в настоящей статье автор квалифицирует актов недобросовестной конкуренции в соответствии с законодательствами зарубежных стран.

Ключевые слова: конкуренция, недобросовестная конкуренция, акты, смешение, бойкот, демпинг, коммерческий шпионаж, подкуп, дискредитация.

EXTERNAL COMPETITIVENESS ACTIVITIES IN FOREIGN CURRENCY EXAMINATION

Koszhanov K.B. - magistr of the University Suleiman Demirel, Almaty, Kazakhstan.

Annotation. The article considers forms of qualification of unfair competition, and shows its main features.

The qualification of acts of unfair competition represents a certain scientific interest, because unfair competition is one of the most common types of violations of the antimonopoly law, along with such types as monopolistic activity and anticompetitive actions of state bodies.

Currently, at the international level, there is no clear definition and list of acts of unfair competition by generally accepted by states.

This, however, does not mean that it is impossible to work out any general definition of the concept of unfair competition.

In addition, in this article the author classifies the acts of unfair competition in accordance with the laws of foreign countries.

Key words: competition, unfair competition, acts, confusion, boycott, dumping, commercial espionage, bribery, discrediting.

УДК 330.33:360

**Бакыткаликызы Н¹., магистр
Естурлиева А.И¹., научный руководитель**

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА РЕСУРСНО-ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРЕДПРИЯТИЙ НЕФТЕГАЗОДОБЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

Аннотация. Статья посвящено экономической оценке ресурсно-производственного потенциала предприятий, а также ресурсного сырья и нефтегазодобывающей промышленности в Казахстане.

Ключевые слова: рост экономики, Оценки развития глобальной экономики, Глобальные проблемы, перспективы развития, прогноз развития Республики Казахстан.

Экономическая оценки развития ресурсной экономики основываются на том, что ее восстановление будет происходить медленно. В связи с ослаблением мирового спроса конкуренция на экспортных рынках усилится, а цены на товары не будут иметь условий для устойчивого роста или, по крайней мере, будут расти заметно медленнее, чем в предыдущее десятилетие. [1] Казахстан останется одним из крупнейших производителей углеводородного сырья. Вместе с тем, Республика примет участие в решении проблемы глобального потепления, ускоряя технологическую модернизацию энергетики и развитие энергосбережения. Имея стабильную политическую среду, значительный экономический и человеческий капитал, богатые природные ресурсы, основную производственную инфраструктуру, устойчивую финансовую систему, Казахстан способен трансформировать вызовы, созданные текущим мировым экономическим кризисом, в новые возможности для достижения сбалансированного и устойчивого развития энергетики. [2].

Учитывая, что реализация масштабных планов столкнется с ужесточением бюджетных ограничений, будет обеспечен высокий уровень доходности государственных инвестиций и повышена эффективность реализации принимаемых программ.

Сама нефтегазовая отрасль Казахстана в 2018 году традиционно уже обеспечила сильную поддержку бюджету страны, вновь продемонстрировав его зависимость от нефтяных доходов.

Согласно данным Министерства энергетики Казахстана, объем добычи сырой нефти в республике по итогам года достиг 86,2 млн тонн, что на 10,5% больше по сравнению с 2016 годом и на 2% превысило плановый показатель, равнявшийся 84,5 млн тонн. Прошлогодняя добыча – рекордная за всю историю развития нефтегазовой отрасли страны.

Добыча природного газа в Казахстане в минувшем году была зафиксирована на уровне порядка 52,9 млрд кубометров, на 14% превысив показатель предыдущего года и на 10% плановую цифру, составлявшую 48,1 млрд кубометров. Кроме того, было произведено 2,9 млн тонн сжиженного газа и 31,6 млрд кубометров товарного газа – оба показателя продемонстрировали рост относительно 2016 года – на 8,2% и 10,9% соответственно. [3].

В прошлом году экспорт нефти составил 69,8 млн тонн нефти, или 112,4% к предыдущему году, газа – 17,3 млрд кубометров, или 126,3% соответственно.

Объем переработки нефти на казахстанских НПЗ в 2017 году в сравнении с предыдущим годом вырос на 2,8%, а к плану – на 2,6%, достигнув отметки в 14,9 млн тонн.

В истекшем году впервые за последние несколько лет на фоне, пусть неуверенного, но все же роста мировых нефтяных цен, отрасль сумела продемонстрировать подъем. Ранее, три года подряд показатель по нефтедобыче в стране падал: в 2016 году он равнялся 78 млн тонн, в 2015-м – 79,5 млн тонн, в 2014-м – 80,8 млн тонн; в 2013 году в сравнении с предыдущим годом отрасль подросла на 3,2% – до 81,731 млн тонн с 79,2 млн тонн соответственно, при том, что и в 2012-м добыча была на 1,1% ниже, чем в 2011-м.

Традиционно основной объем нефтедобычи в прошлом году пришелся на тройку гигантов – Тенгиз, Карачаганак, Кашаган, а также на месторождения, эксплуатируемые «дочкой» национального нефтегазового холдинга «КазМунайГаз». [4].

По информации Министерства энергетики РК, лидер казахстанской нефтедобычи ТОО СП «Тенгизшевройл»(ТШО), разрабатывающее гигантское нефтяное месторождение (Атырауская область), в 2017 году обеспечило наибольший показатель производства сырой нефти в структуре общереспубликанского объема – 28,7 млн тонн (33,3% всей добычи страны). Данный показатель на 4,1% больше, чем в 2016 году. Кроме того, по данным самого ТШО, в минувшем году компанией было реализовано порядка 1,38 млн тонн сжиженного газа; 7,45 млрд кубических метров сухого газа, а также 2,49 млн тонн серы., смотрите рисунок 1.



Рисунок 1 - Доля нефти и газового конденсата

В течение всего года на Тенгизе продолжалась реализация Проекта будущего расширения и Проекта управления устьевым давлением скважин (ПБР-ПУУД), благодаря

которым, как известно, добыча нефти на месторождении увеличится на 12 млн тонн до 38 млн тонн в год. По сведению ТШО, по итогам года ПБР-ПУУД отработал 25 млн человеко-часов без потери рабочих дней. Результатом проведенных в разные месяцы прошлого года форумов строительных компаний и поставщиков услуг стало увеличение в ПБР-ПУУД казахстанского содержания. Помимо этого, в 2017 году на воду были спущены 10 судов, специально построенных для перевозки модулей (СПМ) по внутренним водным путям Российской Федерации, и 3 – для перевозок по Каспийскому морю. Также в прошлом году для обеспечения транспортировки грузов завершились строительство морского канала, дноуглубительные работы, установка причальных свай, отбойников и связывающих платформ, земляные работы по прибрежному каналу и разворотному бассейну. [5]

Международный консорциум Karachaganak Petroleum Operating B.V. (КРО) – разработчик крупнейшего Карачаганакского нефтегазоконденсатного месторождения (Западно-Казахстанская область) – в 2017 году, по данным Министерства энергетики, добыл 12,5 млн тонн жидких углеводородов, что на 9,5% превысило показатель по добыче 2016 года.на примере рисунок 2.



Рисунок 2 - Разработка консорциум [5]

Другой международный консорциум – North Caspian Operating Company (NCOC), ведущий добычу нефти на каспийском супергиганте Кашаган, – зафиксировал свою добычу нефти в минувшем году на уровне 8,3 млн тонн. На уровень коммерческой добычи – более чем 75 тыс. баррелей в сутки (напомним, Кашаган, где нефтедобыча началась 28 сентября 2016 года) вышел уже спустя месяц – 1 ноября.

Несмотря на разразившийся в прошлом году скандал, связанный с арестом Bank of New York Mellon Corp. около \$22 млрд Национального фонда Казахстана по иску рассматриваемого в международных судах дела обиженного казахстанским правительством молдавского бизнесмена Анатолия Стати, в числе которых акции Фонда национального благосостояния (ФНБ) «Самрук-Казына» на \$5,2 млрд в голландской компании KMG Kashagan B.V., нефтяники весь год заверяли, что это решение никак не повлияет на реализацию Кашаганского проекта и что все платежи и иные обязательства KMG Kashagan B.V. перед третьими лицами выполняются в полном объеме, за исключением одного вида платежей – выплаты дивидендов в пользу ФНБ. По мнению чиновников, Стати, которого несколько лет назад правительство лишило казахстанских нефтегазовых проектов и который, по слухам, собирается просить голландский суд обязать «Самрук-Казына» продать долю в Кашагане для возмещения ему убытков, пытается создать ажиотаж вокруг больших сумм, но не имеет шансов на их получение. [6]

По оценкам, 600 миллионов человек — почти каждый десятый человек в мире — заболевают после употребления загрязненных пищевых продуктов и 420 000 человек ежегодно умирают, что приводит к потере 33 миллионов лет здоровой жизни (ДАЛИ).

Заболевания пищевого происхождения являются препятствием для экономического развития, поскольку они создают нагрузку на системы здравоохранения и наносят урон национальной экономике, туризму и торговле. [13].

Сегодня цепи поставок продуктов питания носят международный характер. Эффективное сотрудничество между правительствами стран, производителями и потребителями продуктов питания способствует обеспечению безопасности пищевых продуктов.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Распоряжение Правительства РФ от 25.10.2010 № 1873-р «Об утверждении Основ государственной политики Российской Федерации в области здорового питания населения на период до 2020 года».

[2] Распоряжение Правительства РФ от 17.11.2008 № 1662-р «Об утверждении Концепции долгосрочного социально-экономического развития Российской Федерации на период до 2020 года» (в редакции распоряжения Правительства РФ от 08.08.2009 № 1121).

[3] Кузнецова Л.В. Потребительский потенциал рынка продуктов питания: экономические, социальные и демографические аспекты маркетинга. – М.: Экономика, 2011. – 184 с. – С. 163.

[4] Постановление Правительства РФ от 27.11.2010 № 946 «Об организации в Российской Федерации системы федеральных статистических наблюдений по социально-демографическим проблемам и мониторинга экономических потерь от смертности, заболеваемости и инвалидизации населения».

[5] Минздрав получил ценный совет [Электронный ресурс]. – Режим доступа:

<http://www.kommersant.ru/doc/1797495?stamp=63472084820743805>.

[6] Раздел «Общество» [Электронный ресурс]. – Режим доступа:

<http://www.inosmi.ru/social/20110804/172200405>.

[7] Арсеньева Т.П., Баранова И.В. Основные вещества для обогащения продуктов питания // Пищевая промышленность. – 2007. - №1. – С. 6-10.

[8] Наука в рекламе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.advertology.ru/article8210htm>.

[9] Батулин А.К., Мендельсон Г.И. Питание и здоровье: проблемы XXI века // Пищевая промышленность. – 2005. - №5. – С. 38-40.

[10] Богатырев А.Н. Качество пищи и культура питания // Пищевая промышленность. – 2006. - № 7, 8.

[11] ЕС запретил рекламу, рассказывающую о пользе продуктов для здоровья [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://soconline.ru/?p=1606>.

[12]. Еганян А.Г. Улучшение качества продуктов питания как основа повышения конкурентоспособности // Пищевая промышленность. – 2006

[12] Богатырев А.Н. Обогащение продуктов витаминами – актуальная тема XXI века // Пищевая промышленность. – 2010. - № 9. С. 72-73.

БАҒАЛАУ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Нурнепесов Ш., Аманиязова Г. Д. - Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Мақала арналды Мақала мәселесіне әсерін маркетинг азық-түлік сапасына тұтынушылардың өмір сүру. Автор мүмкіндігін қарастырады қоғамда стандарттарын тіршілікті қамтамасыз ету тұрғысынан өмір сүру деңгейін және ынталандыру, тұтынушылардың салауатты тамақтану, сондай-ақ бағалау маркетингтік зерттеулер мен қауіпсіздігін азық-түлік нарығында Маңғыстау облысы

Түйінді сөздер: Азық-түлік, тиімділігі азық-түлік тауарларымен, қауіпсіздік, тамақтану, бағаның өсуі, маркетингтік зерттеулер, экологиялық таза өнім. өмір сапасы, маркетинг азық-түлік, салыстырмалы кедейшілік, тағамдық мінез-құлық стандарты, тіршілікті қамтамасыз ету.

EVALUATION OF MARKETING RESEARCHES AND SAFETY OF FOOD PRODUCTS ON THE MARGINA REGION MARKET

Nurnepesov Sh.K., Amanyazov G.D. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Abstract. The article is devoted to the problem of the influence of marketing food products on the quality of life of consumers. The author considers the possibilities of forming life standards in the society in terms of the standard of living and motivation of consumers for healthy nutrition, as well as the evaluation of marketing research and food safety in the market of Mangistau region

Key words: Food products, food products efficiency, food safety, price increase, marketing research, environmentally friendly product. Quality of life, food marketing, relative poverty, food behavior, standard of life support.

Гуманитарные и естественные науки

ӘОЖ 535(045)

Таймуратова Л.У¹, Жангалиева А.¹

¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан

**«ЖАРЫҚ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯСЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ДЕҢГЕЙЛІК
ЕСЕПТЕР**

Аңдатпа. Жалпы жарықтың интерференциясы физика курсының оптика бөлімінің тақырыптарына жатады. Бұл тақырып толқындық оптикаға жатады. Когерентті жарық көздері болғанда ғана интерференция құбылысы байқалатынын оқушылар білуі керек. Жарық интерференциясы құбылысын түсіну үшін, осы құбылысты сипаттайтын параметрлермен танысу керек. Жарықтың фазасы, амплитудасы, оптикалық жол айырмасы, интерференция құбылысының максимум, минимум шарттарын білу және түсіну қажет, есеп шығарғанда тиісті формулаларын қолдана білуі қажет. Және де осы құбылысты түсіну үшін есептер шығара білу керек. Оқушылар есептерді шығарғанда, математикалық амалдарды қолдана білген жөн. Қысқартылған көбейткіштерді де шама келгенше дұрыс пайдалану керек. Интерференция құбылысын дұрыс түсіну үшін, деңгейлік есептер ұсынылып отыр. Оқушылардың білім деңгейін білу және бағалау үшін деңгейлік есептердің маңызы зор.

Түйінді сөздер: интерференция, когерентті толқындар, фаза, монохромат.

Жарықтың толқындық қасиетін зерттейтін оптиканың бөлімін толқындық оптика деп атайды. Толқындық оптикада жарықты толқын ұзындығы $380 \div 760$ нанометр аралығында жататын электромагниттік толқын деп қарастырады. Жарықтың толқындық қасиеті көрінетін құбылыстарға жарықтың интерференциясы, диффракция, поляризациясы, дисперсиясы жатады [1].

Екі немесе бірнеше жарық толқындары кеңістіктің белгілі бір нүктесінде қабаттасқанда сол нүктедегі қорытқы жарық тербелісінің интенсивтілігінің артуын немесе кемуді жарық интерференциясы деп атайды.

Мысалы қарастырылатын нүктеде амплитудалары A_1 және A_2 , тербеліс фазалары φ_1 және φ_2 болатын екі жарық тербелістері қабаттассын.

$$E_1 = A_1 \cos(\omega t - kx_1) \quad (1)$$

мұндағы: $\varphi_1 = \omega t - kx_1$, $k = \frac{2\pi}{\lambda}$ – толқындық сан.

$$E_2 = A_2 \cos(\omega t - kx_2) \quad (2)$$

мұндағы: $\varphi_2 = \omega t - kx_2$.

1) Жарық толқындарының фазалар айырмасы тұрақты болмаған жағдайда, яғни

$$\Delta\varphi = \varphi_2 - \varphi_1 \neq const :$$

$$\langle A \rangle^2 = \langle A_1 \rangle^2 + \langle A_2 \rangle^2 \quad (3)$$

Жарықтың интенсивтілігі тербеліс амплитудасының квадратына тура пропорционал екенін ескерсек, яғни $I \sim A^2$:

$$I = I_1 + I_2 \quad (4)$$


2) Жарық толқындарының фазалар айырмасы тұрақты болған жағдайда, яғни

$$\Delta\varphi = \varphi_2 - \varphi_1 = const, A^2 = A_1^2 + A_2^2 + 2A_1A_2 \cos \Delta\varphi \quad (5)$$

$$\text{Бұл жағдайда жарық интенсивтілігі: } I = I_1 + I_2 + 2\sqrt{I_1I_2} \cos \Delta\varphi \quad (6)$$

Фазалар айырмасы $\cos \Delta\varphi < 0$ болса, берілген нүктедегі жарық толқыны кемиді, ал фазалар айырмасы $\cos \Delta\varphi > 0$ болса, жарық толқыны күшейеді [2].

Интерференция құбылысы байқалуы үшін қабаттасатын жарық тербелістерінің фазаларының айырмасы тұрақты болу қажет. Мұндай жарық толқындарын когерентті толқындар деп атайды.



Сурет 1 - Екі жарық көзінен таралған
толқындар

Суретте көрсетілгендей S нүктелік жарық көзінен шыққан S_1 және S_2 екі жарық толқындары абсолют сыну көрсеткіштер сәйкесінше n_1 және n_2 екі орталарда таралсын. Бұл толқындардың теңдеулері

$$E_1 = A_1 \cos(\omega(t - \frac{S_1}{v_1})) \quad (7)$$

$$E_2 = A_2 \cos(\omega(t - \frac{S_2}{v_2})) \quad (8)$$

$$\text{Олардың тербеліс фазаларының айырмасы } \Delta\varphi = \omega \left(\frac{S_2}{v_2} - \frac{S_1}{v_1} \right) \quad (9)$$

$$v_1 = \frac{c}{n_1}, \quad v_2 = \frac{c}{n_2} \quad \text{екенін} \quad \text{ескерсек}$$

$$\Delta\varphi = \omega \left(\frac{n_2 S_2}{c} - \frac{n_1 S_1}{c} \right) \quad \text{немесе} \quad \Delta\varphi = \frac{\omega}{c} (n_2 S_2 - n_1 S_1).$$

$L = nS$ шамасын жарық сәулесінің жүрген жолының оптикалық ұзындығы деп атайды. Сонда:

$$\Delta\varphi = \frac{\omega}{c} (L_2 - L_1) \quad (10)$$

мұндағы: $\Delta = L_2 - L_1$ жарық сәулелерінің жүрген жолдарының оптикалық ұзындықтарының айырмасы немесе қысқаша оптикалық жол айырмасы.

$\frac{\omega}{c} = \frac{2\pi}{\lambda}$ қатынасын ескерсек жарық сәулелерінің жүрген жолдарының оптикалық ұзындықтарының айырмасы мен фазалар айырмасы арасындағы байланысты анықтайтын формула алынады:

$$\Delta\varphi = \frac{2\pi}{\lambda} \Delta \quad (11)$$

1) Егер жарық сәулелерінің жүрген жолдарының оптикалық ұзындықтарының айырмасы (оптикалық жол айырмасы) жұп санды жарты толқын ұзындығына тең болса, онда кеңістіктің бұл нүктесінде жарық тербелістері бірін-бірі күшейтеді (максимум шарты).

$$\Delta = \pm 2m \frac{\lambda}{2} \text{ немесе } \Delta = \pm m\lambda \quad (12)$$

мұндағы: $m = 1, 2, 3, \dots$ бүтін сандар, интерференциялық көріністің реті деп аталады.

2) Егер жарық сәулелерінің жүрген жолдарының оптикалық ұзындықтарының айырмасы (оптикалық жол айырмасы) тақ санды жарты толқын ұзындығына тең болса, онда кеңістіктің бұл нүктесінде жарық тербелістері бірін-бірі әлсіретеді (минимум шарты).

$$\Delta = \pm (2m + 1) \frac{\lambda}{2} \text{ немесе } \Delta = \pm (m + \frac{1}{2})\lambda \quad (13)$$

Интерференция құбылысы кезінде кеңістіктің берілген нүктесінде жарық энергиясы қайта таралып орналасады. Максимум байқалатын нүктедегі қорытқы жарық энергиясы қабаттасатын жеке жарық энергияларының қосындысына тең болады.

Юнг тәжірибесіндегі максимум байқалатын нүктенің орны $x_{\max} = \frac{ml}{d} \lambda$ формуласымен, минимум байқалатын нүктенің орны $x_{\min} = (2m + 1) \frac{l}{d} \cdot \frac{\lambda}{2}$ формуласымен анықталады.

Көршілес екі минимумның ара қашықтығын интерференциялық жолақтың ені деп атайды.

$$\Delta x = x_{\min_2} - x_{\min_1} = \frac{l}{d} \cdot \lambda \text{ немесе } \Delta x = \frac{l}{d} \cdot \lambda \quad (14)$$

Осыған байланысты оқушыларға деңгейлік есептер қарастырылады:

А деңгейі

1. Жиілігі $\nu = 5 \cdot 10^4$ Гц монохроматтың жарықтың ұзындығы $\ell = 1,2$ мм қашықтыққа қанша толқын ұзындығы сияды?

2. Судағы $L_2 = 3$ мм қашықтыққа қанша толқын ұзындығы сиса, вакуумде l_1 ұзындықта тура сондай толқын ұзындығы сияды?

3. Суда ұзындығы $\ell_2 = 1$ мм жолды монохроматтық жарық фронты қанша уақытта жүріп өтсе, тура сондй уақытта вакуумде жарық қандай жол жүреді?

Б деңгейі

1. Ауада келе жатқан жарық толқынының алдына қалыңдығы $h = 1$ мм шыны пластина қойылды. Жарық толқыны пластинаға түскенде жарықтың оптикалық жолының

ұзындығын қаншаға өзгереді? 1) Жарық пластинаға нормаль түседі. 2) Жарық пластинаға $i = 30^\circ$ бұрышпен түседі.

2. Толқын ұзындығы $\lambda = 0,6$ мм монохроматты жарықтың жолына қалыңдығы $d = 0,1$ мм жазық параллель шыны пластина қойылады. Жарық шыныға нормаль түседі. Оптикалық жол ұзындығы $L = \lambda/2$ -ге өзгерген болса, пластина қандай φ бұрышқа бұрылған?

3. I және II екі параллель жарық сәулелері сындырушы бұрышы $\theta = 30^\circ$ шыны призмаға түседі және сына отырып, одан шығады. Жарық толқындары призмадан сынғаннан кейінгі Δ оптикалық жолдарының айырмасын табындар.

С деңгейі

1. Интерференцияланатын монохроматты жарық толқындарының Δ оптикалық жол айырмасы $\Delta = 0,3\lambda$. $\Delta\varphi$ фазалар айырмасын анықтаңдар.

2. Көрінетін жарық толқынының (0,7 мкм –ден 0,38 мкм-ге дейін) оптикалық жо айырмасы $\Delta = 1,8$ мкм болғандағы: 1) максимум күшейетін; 2) максимум әлсірейтін интерференцияланатын толқын ұзындықтарын табындар

3. Екі когерентті жарық көздерінің ($\lambda = 0,5$ мкм) ара қашықтығы $d=0,1$ мм. Экрандағы интерференциялық жолақтардың ара қашықтығы $b=1$ см. Жарық көздерінен экранға дейінгі ара – қашықтықты анықтаңдар [3].

Жарықтың толқындық қасиеті негізінен 11-сыныптағы «Оптика» тарауында қарастырылады. Жарықтың толқындық қасиетін оқушылардың тербелістер мен толқындар және геометриялық оптика жөнінде алған білімдеріне сүйене отырып оқытамыз. Тақырыпты оқыту барысында табиғаты әр түрлі тербелістер мен толқындар туралы оқушылардың түсініктері жалпыланып, қорытындыланады және олар жарықтың табиғаты жөніндегі көзқарастың дамуымен танысады. Оқушылардың диалектика-материалистік көзқарасын қалыптастыруда да тақырыптың маңызы өте зор [4].

Толқындық оптиканы оқытуға жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбында 6 сағат бөлінген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Жұманов К.Б. Оптика негіздері. Алматы: Қазақ университеті.1,2-бөлім.2004.
- [2] Жұманов К.Б., Сарсенбинов Ш.Ш. –Оптика, оқу құралы Алматы :Print-s 2007. – Т2. – С.538б.
- [3] Чертов А.Г., Воробьев А.А. Задачник по физике. М.: Высшая школа:, 2005, -496

стр.

[4] Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. - Алматы, «Рауан», 2000 . – 310 б.

УРОВНЕВЫЕ ЗАДАЧИ ПО ТЕМЕ «ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ СВЕТА»

Таймуратова Л., Джангалиева А. – Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. Интерференция света относится к разделу оптики общей физики. Эта тема относится волновой оптике. Учащихся должны знать, что явления интерференции наблюдается только тогда, когда источники света должны быть когерентным. Чтобы понять явления интерференции света, надо знать соответствующие параметры характеризующие данные явления. Должны знать и понять фазы света, амплитуды колебаний, оптическая разность хода, условия максимумов, минимумов явления интерференции. Чтобы решать задачи, необходимо правильно применять формулы. Учащихся при решении задачи, должны использовать математические действия. Применять сокращенные множители по мере необходимости. Чтобы правильно понять явления интерференции, предлагается уровневые задачи. Для определения уровни знания, учащихся важны уровневые задачи.

Ключевые слова: интерференция, когерентные волны, фаза, монохромат.

LEVEL TASKS ON THE THEME "INTERFERENCE OF LIGHT"

Taimuratova L., Jangalieva A. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Abstract. The interference of light refers to the section of optics of General physics. The theme wave optics. Students should be aware that interference occurs only when the light sources must be coherent. To understand the phenomena of light interference, it is necessary to know the appropriate parameters characterizing these phenomena. They should know and understand the phases of light, vibration amplitudes, optical path difference, conditions of maxima, minima of the interference phenomenon. To solve the problem, you must correctly apply the formula. Students in solving the problem should use mathematical actions. Apply reduced multipliers as needed. To properly understand the phenomenon of interference, suggested the level of the task. To determine the levels of knowledge, students are important level tasks.

Key words: interference, coherent waves, phase, monochromate.

ӨОЖ 82 –3'894. 342

Абишева Ш.С.¹¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан**Б. МАЙЛИН ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ**

Аңдатпа. Мақалада сөз зергері Бейімбет Майлин жазушылық шеберлігі, әдебиет әлеміндегі суреткерлік қолтаңбасы, туындыларының көркемдік әлемі жан-жақты сөз болады. Әсіресе, «Шұғаның белгісі» повесі мен «Айранбай», «Қадір түнгі керемет», «Сексен сом», аштық тақырыбына арналған «Күлпаш» т.б. әңгімелеріндегі қазақ даласындағы тарихи әлеуметтік-саяси жағдай айтылады. Сонымен қатар, кейіпкерлердің мінез-құлық, бітім-болмыс, табиғатын шебер бейнелеуде, сол тұстағы кезең көрінісін, заман талабын шынайы суреттеуде көркемдік амал-тәсілдердің бірі диалог, ішкі диалогті қаламгердің шебер қолданғандығы айтылады.

Түйінді сөздер: повесть, әңгіме, бейнелеу тәсілдері, психологиялық тартыс, кейіпкер әлемі, характер табиғаты, образ, идея, диалог, пейзаж, оқиға, авторлық ремарка, реплика.

Б. Майлиннің шығармалары белгілі бір кезең суреттерін, заман шындығын өзінің құнарлы тіл өрнегімен халықтың биік идеясын ту етіп көтеруімен ерекшеленеді.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасын әлемдік деңгейдегі классикалық шығармалар қатарына жеткізген суреткер өз туындыларында көркемдік амалдарды шебер қолдана білген. Мәселен, күні бүгінге дейін қазақ хикаятының шебер үлгісі саналған «Шұғаның белгісі» әсем пейзаждан басталса, қаламгердің өзге туындысында монолог, ішкі монолог, диалог, ішкі диалог, полилог т.б. көркемдік амалдар шебер қоюласып, шығарманың бояуын қанықтыра түседі.

Автор қаһармандарды таныстырмас бұрын мезгіл-мекенді, оқиға орнын суреттей келе, тартысты тұсқа келу үшін диалогке кезек береді.

«– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп, аттарын байлап жатыр екен.

Біреуі орысшалау киінген. Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, - дедім.

– Әбдрахманың кім?

– Қазақбайдың баласы.

– Иә, әлгі учитель баласы ма?

– Иә.

Жап-жас жігіт екен ғой – деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның сығалап, бізге қарап тұрғаны білінді...». Автор Шұғаның аузына «жап-жас жігіт екен ғой» деген сөзді салып, оны киіз үйдің сықырлауығынан сығалатып қояды. Бұл сығалау, бұл таңырқау оқиғаның шиеленісуіне апарар жол іспеттес.

Шығарманың шарықтау шегі Шұғаның қатты құса боп, ауруға шалдығуы, қызының оңалмас түрін көрген Есімбектің Әбдірахманды амалсыз тұтқыннан босатуы.

«Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап, Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп, аяндап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып, кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады. Жүгіре басып жандарына келгенімде «Құдай рахмет етсін!...» деп беттерін сипап, бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

– Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым... Жиналған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты:

– Әй, Шұға десе – Шұға еді-ау!... – десті».

Авторлық ремаркадағы «суық суды төбемнен құйып жібергендей болды», «Тұрған орнымда қаттым да қалдым», «Жиналған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты» секілді бейнелі сөздер кейіпкерлер әрекетін дараландырып, шығарманың эсерлілік сипатын күшейтіп тұр. Олардың түр-тұлғасын бейне бір көз алдыға алып келгендей. Санадағы күресті, адамның рухани әлеміндегі өзгерістерді ретіне орай, кейіпкерлердің өз сөздері, диалогтері арқылы жеткізуді мақсат еткендігі көрінеді. Осы тұста «шағын репликамен, тапқыр диалогпен, авторлық ремаркамен характерді танытып тастайтын Бейімбет өнерінің күші» көрінеді [1].

Кейіпкер мінезін оқиға-сюжет серпінімен емес, психологиялық тебіреністер арқылы сипаттау мақсатындағы диалогтерді шебер қолдану – Бейімбет Майлин қолтаңбасын да айқындайтын көркемдік тәсіл. Себебі «геройлардың ішкі әлемі бір қырынан емес, қыруар қырынан көрініс беріп, характері қарекет, қақтығыс, толғаныс үстінде ашылмақ» [2].

Мәселен, Б. Майлиннің «Айранбайы» (1924) – еңбегі қаналған, байға жем болған момын шаруаның ашынып, бұрынғыдан түңілу арқылы санасының оянуы туралы әңгіме. Кейіпкердің жылдар бойына жан түкпірінде шөмен боп қатқан байға деген өкпе-наласы бір-ақ күнде бұрқ етіп сыртқа шығады. Оны жазушы болмашы ғана детальдар арқылы

жеткізеді: «көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, қабағы бір түрлі тұнжыраңқы, әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қоятындай болып отыратын» Айранбай бір сәттегі кейпі арқылы шығарманың түп-төркінінен хабардар етеді. Осы орайда Т.Сыдықовтың: “Шығарманың идеялық мазмұнын ұсақ детальдар арқылы түйіндеу кейіпкер психологиясын білгірлікпен тәптіштей отырып, образдың жан сырын ашу жазушының айнымас «тәсілі» болып қалыптасқандығымен ерекшеленеді», – деген пайымдауы осының дәлелі [3].

«Айранбай» әңгімесінде жазушы диалогтерді ұтымды пайдаланған. Тірлік істеп отырғанда тізесіне жабыса берген қызымен диалогі, қайыс бермеген Кемелбайдан көргісі келмей, оның бар-жоқтығын сұраған әйелімен екеуінің арасындағы диалог үлкен мән атқарып тұр:

« – Еріндегі насыбайын қолымен секіртіп жіберіп:

– Кемелбай үйінде жоқ па екен? – деді.

– Үйінде.

– Бер демеді ме?

– Иә, «бер деді!...» дымымызды қоймайтын шығар, деп сары уайымды салушы сол туғаның... Өзің ешнәрсені де сезбейсің. Нәләкті салып отырған осы ініңнің өзі көрінеді ғой. Кеше Маржан келін барып қымыз ішкен екен, сонда інің айтып отыр дейді: «Он пұт астық көп болушы ма еді, тізімнен бар астығымызды жиып алды... деп. Несін алдық екен, өткен өмірінде тігінен тіктіріп сабақты ине-жіп беріп көрген жоқ.

Айранбай күрсінді:

– Қазақ ит қадір білер ме, – деді» [4].

Мұндағы әйелдің сөзінде бұрыннан жасырынып, бүркемеленіп келген сыр диалогте жария болып, Кемелбайдың ішкі ызасын өршітіп жібереді.

Әр жазушының өз кейіпкерлерінің ішкі дүниесін зерттеуі өзінше бір әлем екендігін Б. Майлиннің діни тақырыпқа жазылған әңгімелері дәлелдей түседі.

Б. Майлиннің әңгімелерінде дін өкілдерінің істері аяусыз әшкереленіп, күлкі, әжуаға айналады. Мәселен, «Қадір түнгі керемет» (1925) әңгімесінде жазушы тақырыпты ашуда тың тәсілдерге барған. Жазушы осыған байланысты оқиға өрілімін де өзгеше өрбітеді. Бүкіл құдіреттің иесі болып, өзіне қарсы шыққандарды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағысы келген» молданы өң мен түстің ортасында қалдырып, «киелі күштермен тілдестіреді». Бұл – көне фольклорлық тәсіл. Оны жазушы көркемдік мақсатта жұмсайды. Мұндағы «диалог» – молданың жасырын сырын ашудың кілті. Себебі, сырттай қарағанда моп-момақан діншіл адамның іші алай-дүлей арамдыққа толы. Оны сыр беріп, білдірмейді. Тек өзіне ғана мағлұм жан сырын жазушы осы сырға толы диалог арқылы береді:

«Байқан молда: «өңім бе, түсім бе», – деп басын көтерді. Әлдеқайдан майда, жұмсақ дауыс естілді. «Азған дүниеде азапты көп тартқан құлым едің. Сен болмасаң, дүниені әлем-тапырақ қылып жіберетін, бір сенің құрметің үшін қалдырдым. Енді мына азғындарды тура жолға салу үшін сені бас қылдым: еліңді үгітте, мұсылмандыққа шақыр! – деді».

Бұдан әрі Байқан молданың диалогі беріледі.

«– Құдіреті күшті құдай. Тапсырған жұмысыңды толық орнына келтірер едім, бірақ қамсамол дегендері іске керте болады, дінді мазақтап, ойына келгенін істейді, мені мазақтап тақпақ айтады, – деді.

– Оларды көндіріп берейін, – деген дауыс естілді.

– Кәрімімді ше?

– Кәрімімді қолыңа берейін.

– Мұғалімді ше?

Дауыс біразға шейін семіп барып:

– Мұғалімге құдіретім жетпейді. Менің қол астымда емес, оның құдайы басқа..., – деді» [4].

Осы жерде молданың жан қалтарысына үңілу арқылы жазушы Байқан сезімінің түбі шикі екендігін тереңдете түседі. «Алланың қолынан бәрі келеді деп жүрсем...» күмәндана бастаған ол қалайда мына кездесуден өзіне пайдалы істі бітіріп қалғысы кеп, бірді ойлап, бірге кетеді. Кейіпкердің періштелерімен кездесуі де жеңіл юмормен өрнектеледі. Авторлық ремарка арқылы ес-түсінен айырылған молданың ішкі әлемі түгел ашылады.

Әңгімеде дінді мазақ еткен тоғышар жандардың бейнесімен қатар Кәрім секілді өз ойындағысын атқара алмай, заман қысымына көніп жүрген адамдардың мінез қырлары да жұртқа жария болады. Бұл – адамның жандүниесіндегі сыртқа көріне бермейтін қалтарыстарын диалог арқылы ашудың әдемі үлгілері.

Бұған әдебиетші-ғалым Ш. Елеукуеновтің: «Адамның қасиетін ашуға талпынған жазушы қашанда өз геройының мінез бейнесіне кіріп алып, оның жан түкпіріндегі ең аяулы дірілін басып, қуанышы мен мұңын, күдігі мен қайшылығын, ойы мен арманын, өз-өзімен не жан-жақынымен сырласушы бәрі-бәрісін суреттеуге тырысады», – деген пікірі дәлел [5].

Қазақ халқының басынан кешірген зұлматты шақ – ашаршылық кесірінің ауыр суреттері Б. Майлин шығармаларында кеңінен суреттеледі. Жазушы бір отбасындағы ерлі-зайыптының хал-күйін, сол кездің ауыр жағдайын «Күлпаш» әңгімесі негізінде көрсетеді.

Мысалы:

«Күлпаштың қажығанын, бұрынғыдай қарысып кетпейтіндігін сезіп, Раушан сөзді кесіп айта бастады:

– Мына күйеумен ұзаққа бармай өлесің. Сені өлімнен құтқаратын бізде де әл жоқ. Өзіміз де сол Жұмағазыдан күн көріп отырмыз... Енді сөзді қойып, соған ти! – деді.

Күлпаш күрсінді.

– Қалижанды қайтем?

– Ойбай, апа, баланың басы құрысын, әуелі өз қамыңды же, артынан алдыра жатарсың, – деді» [4].

Адамды ежелден келе жатқан ұрпақ қамы, ел қамы дейтін киелі ұғымдардан ажыратып, қарақан басының қамын күйттеген заманның суық лебі бойынды қарып өтеді. Ішерге ас таба алмай, күндер бойы өзегі талған әйел басына небір ойлар келіп-кетеді:

«Жамаулы көрпеге оралып бүрісіп жатқан Қали жыбырлап:

– Әже! – деді.

– Ау, қарағым! – деді Күлпаш.

– Әкем келді ме?

– Қарағым-ау, әкеңнің қарасы батсын» [4].

Осы ана мен баланың шағын ғана диалогінде үлкен бір шешімнің, психологиялық түйіннің сыры аңғарылады. Қилы заманның ащы шындығы көрінеді. Тумысынан ұрпағы үшін жанын құрбан етуге даяр қазақ әйелінің табиғаты енді арын да сатуға мәжбүр. Бірақ – ол азапты да ауыр жол. Жазушы әйелдің осы жолды аттар алдындағы бүкіл жан тебіренісін шебер суреттеген. Екі жақты қыспақта қалған адамның халін оқырман жүрегіне жеткізерде диалогтің түрлерін ұтымды пайдаланған.

Б. Майлиннің шағын жанрдағы шеберлігі жайында ғалым Қ. Ергөбек: «Биаған қаламы тиіп кеткен жері өмірдің өзіне айналып жүре береді. Кейіпкерлері өмірден қалыпқа қалай көшсе, кітаптан өмірге дәл солай қоныс аударып, тірі адамға айналып өзара айтысып-тартысып, болыстыққа таласып, ерлі-байлы екеуі ренжісіп қалып, байқаусызда ерінен «талақ» деген епетеісіз сөз шығып кетіп, екеуінің де зәре-құты қашып жүріп жатады», – деп қаламгердің шебер суреткерлігіне жоғары бағасын береді. [6].

«Бейімбет қазақ прозасына хан-қазына боп қосылған ең тандаулы әңгіме хикаяттарының қай-қайсысында болсын, шындықты оқырманға құр түсіндірмеген, түйсіндірген, өмір туралы жай сөйлемеген, сөзбен сурет салып бейнелеген». [7]. Кейіпкерлерін сөйлету арқылы сол тұста болып жатқан өзгерістерді оқырман алдына жайып салады.

Мәселен, «Өзі шомына айналып тастаған көңнің үстіне шығып жайлап салып жатқанда, біреу келіп:

– Ассалаумағалейкум! – дейді.

Егеубай кенет шыққан дауыстан шошып кеткендей, басын көтеріп алды:

– Әликсалам... Е, Тынышбаймысың, үйде ме едің?

– Бір-екі күннен бері неғып көрінбей жүрсің?

– Кеше жиналыстан келдім ғой – деді Тынышбай.

Егеубай шомның басынан түсіп, күрегін таяна тұрып сұрай бастады:

– Е, жиылыстан келдім дейсің ба, Не жаңалық бар?

Бөтен хабар жоқ. «Алашорда ашылды» дейді. Бес-алты делегат келген екен, ішінен бір сұсты жігіт бар, сірә, бастығы болса керек. Олар Найзалыға жүріп кетті. Болысқа «тез ақша жиып қой» деген екен, сол ақшаны ауылнайларға бөліп... Біздің ел кедей деп ақшаны басқа ауылға ауыстырады. Сонымен, қалған ақшаны үй басына бөлгенде сексен сомнан келді.

– «Сексен сом» дегенде Егеубайдың таянып тұрған күрегі жерге түсіп кетті. Өзі безгек болған кісідей қалтыранып, аузы жыбырлап қайта-қайта «сексен сом» деп айта берді...» [4].

«Сексен сом» әңгімесінде бас кейіпкердің кедей екендігі айтылмайды, көрсетіледі. «Егеубай ертеңгі шайын ішіп тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда көк шолақ ат, күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қояды». Бұлай баяндауды автор жайдан-жай беріп отырған жоқ. «Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ» деген бір ауыз сөздің өзінен-ақ Егеубайдың хал-жағдайын анық түсінуге әбден болады.

Үй басына сексен сомнан салық жинауға келгендердің ел ішіндегі әрекеттері Егеубаймен екі арада болған мына диалогтен анық көрінеді.

«– Қане, отағасы, ақша шығарыңыз, – деді қара бұжыр.

– Ойбай, шырағым, ақша жоқ!

– Ақша жоқ деген не сұмдық! Біз ондайды есітпейміз!

– Не көрмеген көктұқыл дейсің, жалтаруын қарашы, – деп, жолдасы күңкілдеді.

– Отағасы, ақша тап!

– Қарағым-ау, соқыр тиыным жоқ, жерден қазайын ба?!»

Ақыры бұлар қоймайды, ақша орнына Егеубайдың көк шолағын тартып әкетеді. Осы арадан әңгіме дереу аяқталады да, автор айтар идея тағы да «саусақпен нұсқалмайды» өзінен-өзі көркемдік амалдар – диалог, монолог арқылы өріле береді.

Қорыта айтқанда, сөз зергері шағын әңгімелері арқылы шын мәніндегі әдеби шеберліктің мектебін қалыптастырып, осы жанрдағы шынайы реализмнің үлгісін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1966. 34-38 б.
- [2] Елеуменов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жазушы, 1997. 23-24 б.
- [3] Сыдықов Т. Мұрат пен міндет. – Алматы: Жазушы, 1987. 31 б.
- [4] Майлин Б. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1987. 30-32 б.
- [5] Елеуменов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. 45-46 б.
- [6] Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Қазақ қара сөзі жайында. – Астана: Таным, 2003. 60-68 б.
- [7] Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1983. – Т2. 45-48 б.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ МИР Б. МАЙЛИНА

Абишева Ш.С. - Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан.

Аннотация. Статия говорится о писательском мастерстве, художественном почерке мастера слова Беимбета Майлина в мире литературе, всесторонне раскрывается художественный мир его произведений. Более подробно говорится о таких произведениях писателя, как повесть «Шұғаның белгісі», рассказы «Айранбай», «Қадір түнгі керемет», «Сексен сом», а также «Күлпаш», посвященной теме голода, где показывается историческое социально-политическое положение в казахской степи.

Вместе с тем, говорится о мастерстве использования писателем раскрытии характера, сущности персонажей одного их художественных способов – диалоге, внутреннем диалоге.

Ключевые слова: повесть, рассказ, методы описания, психологический спор, мир персонажа, природа характера, образ, идея, диалог, пейзаж, рассказ, авторский ремарк, реплика.

LITERARY WORLD OF B. MAILIN

Abisheva Sh.S. - Sh. Yessenov caspian state university of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article runs about the literary skills, the master's artistic handwriting of Beimbet Mailin's words in the world of literature, the artistic world of his works is comprehensively revealed. More details about works of the writer such as the story "Shuganin belgisi", "Ayransai" stories, "Cadartungi keremet", "Sexon som", and "Kulpash", devoted to the famine, which shows the historical socio-political situation in the Kazakh steppe.

At the same time, the article is said about the writer's using skills to reveal the character, the essence of the characters one of their artistic ways – in dialogue and internal dialogue.

Key words: prose, story, psychological analysis, psychological dispute, character, figure, idea, dialogue, screen, story, authors' remark, speech.

ӨОЖ 379(85)

Байискакова К. А.¹

¹Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

БЕЛСЕНДІ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы әлемдегі елдердің ішінде аумағы бойынша тоғызыншы орында, қарлы мұздақтардан бастап құмды бархандар мен тау шыңдарына дейін барлығы бар. Қазақстанның жеке аймақтарында таңқалдыратын түрлі табиғи ландшафттар мен адам қолы тимеген жабайы табиғат, бай тарихи және мәдени мұрасы, белсенді демалудың таусылмайтын мүмкіндіктері бар. Осының бәрі Қазақстанда ішкі туризмді дамытудың және шетелдік туристерді қабылдаудың үлкен әлеуеті бар екендігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: белсенді туризм, физикалық төзімділік, экстремалды туризм, экстремалды туризмнің экзотикалық түрлері, спелестология.

Кіріспе. Жұмыстың өзектілігі: Туристік индустрия туристерге, әсіресе жастарға туризмнің жаңа түрлерін ұсынып тұрақты түрде дамып жетілдірілуде. Туризмнің дәстүрлі жайлылыққа толы қонақ үйдегі тыныш демалыстың орнына белсенді демалыс үшін жағдай жасау қажеттілігі туындауда.

Мәселенің тұжырымы: белсенді туризмнің қалыптасуы мен дамыту үдерісі болып табылады.

Жаңалық: Белсенді туризм түсінігіне, оның түрлеріне нақты сипаттамалар беріліп, таралу географиясы мен шетелдік дамуына талдау жасалды.

Зерттеу әдістері: салыстырмалы-сипаттамалық, жүйелік талдау.

Зерттеу нәтижелері: Жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу арқылы белсенді туризм түрлерін дамыту;

Қорытынды: Қазақстанның да белсенді туризм түрлерін дамытудың болашағы зор.

Демалыстың белсенді түрлері туристер арасында жылдан-жылға танымалдыққа ие болып келеді. Халықаралық туризмі дамыған елдерде белсенді туризм түрлерімен айналысудың жарнамалық ұсыныстары бар.

Белсенді туризм физикалық дайындықты талап етеді, сондықтан туристердің барлық категориясына қолжетімді бола бермейді. Батыста әуесқой туристерге жұмбақ қызық оқиғалы турлар ұсынады, турист оның бағдарламасымен алдын-ала таныспайды, сондықтан ұйымдастырушылардың айтуынша өте қызық болады. Белсенді экстремалды туризмді мына түрлерге бөлінеді: су, жер беті, тау, әуе, ерекше түрлерге[1].

Белсенді туризм – көптеген демалу түрінің бір түрі болып есептеледі. Белсенді [туризм](#) түрлері жай [туристер](#) ортасында үлкен танымалдылықта болып жүр. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана [жағажайдағы](#) демалу емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділікте көмектеседі.

Белсенді туризм және табиғатта демалу – табиғатқа жақын демалыс түрі.

Белсенді турлар қозғалыс түрлеріне қарай:

- Жаяу, треккинг туристік маршруттары немесе серуендеу. Маршруттың ұзақтығы 2-ден 6 кмге дейін, тіпті 20-50км және одан да ұзақ болады.
- Жануарлармен қозғалу: піл, түйе, есек, жылқы, бұғы, ит. Ең танымалы салт атты маршруты, туристер көлікпен шыға алмайтын қиын жерлерге аттың көмегімен шығады.
- Теміржол туристік маршруттары, сапар барысында туристер әртүрлі жерлермен танысады, олар жайлы вагондағы купелерде тұрып, тамақтанады. Күндіз туристер бағдарлама бойынша қонақжай орындарды аралап, түнде жүріп отырады.

Кейбір турлар 14 күнге дейін созылады. Мысалы, Канаданың танымал туры: Ванкувер-Вистлер- Принц Георг-Джаспер - Банф – Камлупс – Ванкувер. АҚШ- тың, Канаданың, ОАР, Аргентинаның ұлттық саябақтары мен көрікті табиғатына поздбен сапарлар таралған. Ресейде де Санкт-Петербург – Новгород – Псков – Москва немесе Санкт- Петербург – Омск – Иркутск теміржол маршруты танымал. Туристік поездар құрамына ұйықтайтын вагондардан басқа вагон – клуб, вагон – душевая, вагон – мейрамхана тіркеледі. Мұндай келушілер туристік статистикада ресми түрде саналмайды.

- Автобуспен жасалатын маршруттар, онда туристер мемлекеттердің аумағын кесіп, бір пункттен екінші пунктке бірнеше қалаларды басып барады. Мұндай маршрутта туристер автобуста сирек ұйықтайды, көбінесе түнеу қымбат қонақүйлер мен мотелдерде қарастырылады, бірақ ұйықтауға арналған арнайы автобустар да болады.

- Жеке меншік немесе жалға алынған велосипедтермен, мотоциклмен, автомобильмен жасалатын турлар. Өздерінің көлігімен жазғы демалыс кезінде де жүре беретін адамдар болады, олар үшіктерді жалғап, бірнеше виза аштырып, бірнеше елдің аумағы арқылы күрделі маршрутпен жүреді. Қозғалмалы үйшіктеріне ас дайындап, тамақтанып, түнеп отырады. Мұндай туристерді арнайы автокемпингтар мен караванға арналған тұрақтар қанағаттандырады. Спорттық мақсатта күрделі туристік маршруттар мен

жарыстар өткізіледі, мысалы, автомобильмен өте қиын түр «Camel Trophy» жорығын атауға болады, онда туристке жалға автомобиль алып немесе өзінікімен келісілген маршрутпен жүріп отырады. Туристік агенттік туристерге кемпингтерден тұрақ, қонақүй, тамақтану жағын қамтамасыз етіп, виза рәсімдеп, көлігін сақтандырып, нақты карта береді. Осы карта арқылы турист жылжи отырып өзіне қажетін алады, егер жолда көмек керек болса, қажетіне қарай көмек ұйымдастырады.

Кемпинг туризмі еуропаның жолдарында дамып, оны жайлылығы үшін туристер жақсы көріп кеткен. Германияда 1985 жылы ұзақ саяхат пен бірнеше адамға арнап алғашқы автокаравандарды шығара бастаған. Сауалнама бойынша осы елдің әрбір үшінші тұрғыны өздерінің жазғы демалыстарын кемпингтермен өткізгенді қалайды. Еуропада кемпингтің еуропалық федерациясы құрылған, оның құрамында 50 000 қала-кемпингтері бар [2].

Су тасымалының маршруттары. Ең танымалына кеменің кез-келген түрімен жүзу танымал болып отыр. Маршрут адамдар тұрмайтын жерлермен өтіп, категориялы болуы мүмкін. Туристердің басым бөлігі өзен немесе теңіз саяхаттарын жайлы лайнерлерде өткізгілері келеді. Олардың алыптарына – 3500 туристерге дейін сыйып кетеді. Мұхит лайнерлері танымал портты қалаларды аралатып, көптеген аралдарды көрсетіп қайтады. Аляска мен Антарктиданың аралдарына жасалатын маршруттар өте танымал. Балтық теңізімен және Скандинавия айналасына жасалатын маршруттар сұранысқа ие. Теңіз жағасында катермен немесе пароходпен жасалатын экскурсиялар танымал. Теңіз круизи бұрыннан танымал және көптеген туристер үшін құрметке ие. Теңіз круизи – өте қымбат, элиталық және беделді саяхаттың бірі болғандықтан оның тұтынушылары да қалталы адамдар. Сондықтан теңіз круиздері компанияларының тұтынушы болып АҚШ – ры тұрғындары болып қала береді. Ресейліктер үшін теңіз круизи қызмет көрсету бағасына байланысты қолжетімсіз. Жеке-дара туристер үшін теңізге жолаушылар емес, кәдімгі қайықпен сапарға шығуға болады, қалыптасқан тәжірибе бойынша кез-келеген сауда кемесі жолаушылар регистрісіз жүзуге 12-ге дейін жолаушылар ала алады.

Желкенді қайықтармен саяхат тартымды болып келеді, Әлемде бірнеше ірі желкенді қайықтар: «Седов», «Крузенштерн», «Мир», «Товарищ», «Паллада» және шетелдік «Fredrik Copin», «Falken», «J.S. De Eigamo», «Arc Goria», «Iskra» курсанттарды теңіз оқуларына дайындайды. Олардың ең ірілері Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген, ол ресейдің төртмачтовты баркі «Седов»- Мурманск портынан, ұзындығы 117,5 метр, ені 14,6 метр, биіктігі 58 метр, жылдамдығы 17 узел. 1921 жылы Германияда жасалған, әлі күнге дейін жүзуге шығады.

Регатамен жүзудің арнайы турлары да сұранысқа ие, ол жерде шетелдік курсанттар оқу тәжірибесінен өтеді. Батыс Еуропаның көптеген елдерінде жасы 14-18 – дегі жас

бозбалалар міндетті түрде желкенді қайықтарда элиттік оқыту курстарынан өтеді. Мұндай жүзудің орташа бағасы 100-120 АҚШ доллары күніне 10-14 күнге есептеледі. Оқу соңында оларға сертификат беріледі. Регатамен жүзу Германияда өте танымал болғандықтан, «Tall-Ship News» журналы шығып тұрады. Арнайы туристік фирмалармен желкенді қайықпен бағдарламалар ұйымдастырылған демалыс, бизнес-бағдарлама, презентациялар түрінде:

- 1-3 күндік марапаттау жүзулер. Қайық бортына 50-60 туристерді алып су жағалауларымен көңіл көтеретін саяхат жасап, бір-екі күнде кейін қайтады;
- 3 күннен 5 күнге дейінгі жүзу. Туристер кеменің кестесімен порттар арасына жүзеді;
- Кеменің бортында халықаралық конференциялардың, іскерлік кездесулердің, семинарлардың өтуі. «Седов» кемесінде 180 адамға арналған, заманауи аудио-видео техникамен жабдықталған және синхронды аудармасы бар акт залы бар. Сонымен қатар виза, рейстің бағдарламасы, 4-рет тамақтану, шет елдің порттарына кіру, қайықтағы экскурсиялық қызмет, халықаралық байланыспен қамтамасыз етеді.

- әуе тасымалы. Құрлықаралық әуе тасымалы көпүлеске ие. Ірі жылдам қозғалысты және қауіпсіз әуе лайнерлері жасалғаннан кейін құрылық аралық туристердің ағыны көбейді. Туристік тасымалдар үшін рейстік маршруттар, чартерлік желілер пайдаланылады. Ішкі рейстерде маңызды болып табылады. Оңтүстік Африканың негізгі турлары әуе көлігімен іске асырылады. Йоганнесбургке барып, Претории ауданында экскурсияларға шығады, Санситиге барады, табиғи парктерге барып сафариге қатысады, ұзақтығы – 3 күн. [3].

АҚШ-да әуе тасымалы тасымал саласында жетекші орында. Әуе тасымалы туристерінің саны 1 миллиардтан асады. Ішкі авиациясы да қатысып, туристерді адам жүре алмайтын жерлермен алып жүреді. Жергілікті туристік орталықтармен экскурсиялық ұшулар таралған.

Әуе шарларымен ұшуды ерекше атап кетуге болады. Бұл Еуропа мен АҚШ-да таралған өте қымбат тұратын көңіл көтеру. Өздерінің жеке меншік ұшу шарлары бар адамдардың элиттік клубтары бар. Маусымына қарай мындаған ұшу шарлары бір мезетте шығып, оны тамашалайтындар саны көбеюде. Ауа шарларын шолуэкскурсияларына қолданады. Мұндай ұсыныстар Намибияда да бар, онда саванналардың үстімен ұшады. Виктория сарқырамасының үстімен де ұшатын әуе экскурсиялары танымал [4].

Көптеген туристік сапарларда бірнеше тасымал түрлері қарастырылады. Өз автомобильдерімен жүретін британдықтар, еуропаның танымал курорттарына барады. Еуропа елдерінде автомобильдер қозғалысы оң жақты, ал ұлыбританияда сол жақты. Олардың үйреншікті әдетін өзгерту қиын болғандықтан және жол апаттарының алдын алу үшін туристердің автомашиналарын теміржол платформаларынан тиеп тасымалдайды. Ла-

Манш бұғазы арқылы туристердің автомашиналарын Stena Link теңіз паромына әкеледі, ара қарай теміржол платформалары арқылы баратын жеріне дейін жеткізеді, ал туристер сол поздармен өздері де ұйықтайтын купелермен барады. Автомашиналарды жалға алу да кеңінен тараған. Туристерді самолетпен тасымалдап, әуежайға келгенде, жалға алынған машина күтіп тұратын да туристік пакеттер бар. Автомобильдерді прокатқа алу көптеген елдерде дамып кеткен. Ресейде де автомобильдерді прокатқа алуға болады [5].

Экстремалды туризмнің әуе түрлері дамып жатыр. Соның бірі парашюттік туризм. Парашютизмнің техникасын жетілдіріп, топтық акробатика жасаушылар бар. Классикалық парашютистердің тобында 4-8 адам болса, енді 16 спортсмендерден тұрады. Гиннестің кітабына енген рекордты секіру, 296 парашютистерден тұрған топпен жасалған. Әуеде жасалатын саптар бірінші алдын-ала айтылады. Төрт адамнан тұратын топ 30 фигураға дейін жасай алады. Ішіндегі ең қауіпті түрі куполды акробатика болып табылады.

Фристайл – парашюттің ең дамып жатқан түрі. Мұнда да спортсмендер әртүрлі фигураларды жасайды, бұл жерде әдемілік, элементтердің күрделілігі, спортсменді ауада суретке түсіретін әуе операторының шеберлігі бағаланады. Фристайлдың жаттығуларын жерде орындау үшін арнайы құрал-жабдықтары болады.

Скайсерфинг – шаңғымен әртүрлі фигуралар жасап секіру. Топ екі адамнан тұрады. Шаңғысы спортсмен және спорттық оператордан. Спорттық оператор шаңғышының әуеде жасаған қимылдарын суретке түсіріп үлгеруі керек. Оның түсірген видеосын сосын арнайы жюри мүшелері бағалайды. Алғашқы 50 секунд қана сынаққа қабылданады.

Бэйс-джампинг. Оларға кез келген спортпен айналысу үшін самолет немесе басқа ұшатын техниканың қажеті жоқ. Ол ғимараттың үстіне шығу үшін кәдімгі лифтіні немесе альпинистік жабдықтарды қолданады. Сол жерден секіреді. Бұл спорттың ең қауіпті түрі. Бұл экстремалды турлар тек шетелдерде ғана ұйымдастырылады.

Әуе экстремалды туризм түрлеріне дельтапланеризм мен әуе шарлары да жатады. Әуе шарлары желдің жылдамдығына қарай 1000 метрге дейін биіктікке ұша алады.

Экстремалды туризмнің ерекше түрі ретінде космостық туризмді атауға болады. Ол экстремалды туризмнің ең қымбат және экзотикалық түрі. Жердің орбитасына саяхат жасалады. Қазіргі таңда космостық туристерді саусақпен ғана санауға болады.

Кайтсерфинг те экстремалды туризмнің экзотикалық түріне жатады. Тақтайда тұрған адам әуе жыланының көмегімен алдыға жылжиды. Арқан оның қолында болады. Кайтсерфингпен тауда, желді жазық жерлерде айналыса беруге болады. Ең танымалы сумен сырғанау. Онда мезгілділік деген жоқ, қыста да, жазда да айналыса беруге болады.

Жайлау туризм – туристке малшының киіз үйінде бірге тұру және тағамға қой еті мен қымыз ұсынылады. Тауға және жайылымға атпен серуендеу ұйымдастырылады. Бұл туризм үлкен қалалардан демалып, стресстен арылу үшін таптырмас ем.

Соңғы кездері солтүстік және оңтүстік полюстерге турларға бару көбейіп келеді. Арктикамен мен Антарктика круиздері арқылы экстремалды климаттық жағдайда болып, оның экзотикалық жануарларын көруге барады. Осы жерлер жер бетінің ең таза экологиялық аймақтары болып табылады.

Чернобыльге немесе джунглилерге апаратын турлар да болады [6].

Туризмнің экстремалды түрлерінің дамуымен бірге халықаралық экстремал саяхатшылар арасында танымал жерлер пайда болды [7]. Белсенді туризмнің тынымал түрлерінің дамыған аймақтары 1 кестеде берілген.

Кесте 1 - Белсенді туризмнің танымал түрлерінің дамыған аймақтары

№	Белсенді туризм түрі	Дамыған аймағы
1	Дайвинг	Оңтүстік – Шығыс Азия – Малайзия, Филиппин, Индонезия. Қызыл теңіз де сұранысқа ие.
2	Серфинг	Америка мен Австралияда танымал.
3	Рафтинг	Солтүстік Америка, Канада мен Алясканың өзендері.
4	Тау шаңғы курорттары	Швейцарияның, Австрияның, Германияның, Францияның, Италияның тау шаңғы курорттары танымал.

Жер бетіне жасалатын экстремалды туризм түріне маунтинбайкинг жатады. Бұл экстремалды туризмнің қымбат түрі, соған қарамастан әлемде тау велосипедінен апта сайын ондаған халықаралық жарыстар өтіп жатады. Бұл осы спорттың көптеген жанкүйерлерін жинайды.

Спелеологияны да экстремалды туризм түріне жатқызады. Үңгірлерге түсуде үлкен физикалық және техникалық, тіпті психологиялық дайындықты қажет етеді. Спелеология бұл ғылым саласы. Жаңадан келген туристерді алдымен оқу-жаттығу экспедицияларында оқытады. Сонымен қатар тек көңіл көтеруге баратын командалар да болады.

Спелестология – жерасты үңгірлеріне саяхат. Оларды үңгірлер қызықтырмайды, олар жерастындағы қала құрылымын, басқалар бара алмайтын жерлерге барады. Мысалы, істен шыққан шахталар, құдықтар, жерасты мешіттері, храмдары [8].

Жер бетіне жасалатын экстремалды туризм түріне Х-жарыстарды да жатқызуға болады. Бұл да спорттық жарыс түрі, тауға да шыға алатын, атқа да міне алатын, каякпен де жүзе алатын, тау велосипедін игерген, сарқырамалардан арқанмен өте алатын, бір сөзбен айтқанда физикалық дайындығы мықты әмбебеп адамдардың жарысы. Олар топ құрып, жарыстарға қатысады. Мақсаттары өздерінің шеберліктерін арнайы дистанцияда көрсетіп, жеңіске жету.

Джипинг немесе джип турлар. Джипингте бүгінгі таңда шетелде дамыған туризм түрі. Ресейде Камчатка мен Карелияда дамыған.

Тауға жаяу жорық түрі – трекинг. Еуропаның альпі елдерінде, негізінен Австралияда жақсы дамыған. Осы елдерде нордвокинг дамыған. Ол тау жолымен шаңғы таяғымен жүру.

Тау туризмінің дамыған түрі альпинизм. Бүгінгі таңда альпинизмнің өзіндік индустриясы бар, өте жақсы дамып жатқан туризм түрі.

Тау шаңғысы мен сноубордингте таудағы демалыстың белсенді түріне жатады. Тау шаңғысының да қызмет көрсетуі жылдан-жылға дамуда. Әлемнің танымал тау шаңғы курорттарында инструктор жалдауға, саунаға тапсырыс беруге, трансфер, экскурсияларға жазылуға болады. Арнайы абонементтер алуға болады.

Экстремалды су туризмі түрлерінен дайвинг танымал. Ол су ыстына 40 метрге, одан да тереңге оттегі бар баллондармен түсу.

Соңғы жылдары шет елде вейкбординг танымалдыққа ие., ол өзіне су шаңғысы, сноубординг, скейт пен серфингтің элементтерін біріктіреді. Катер 30-40км/сағат жылдамдықпен жүріп отырып, артына толқын туғызадырейдер осыны трамплин ретінде қолданып, әртүрлі жаттығылар жасайды. Вейкбордингке арнайы қымбат тұратын катер керек. Сондықтан бұл туризм түрі де шетелдерде дамыған.

Су шаңғысы судағы белсенді туризм түрі. Ол 1922 жылы пайда болған. Америкалық Р.Самульсән кәдімгі тау шаңғысымен суда сырғанауды ойлайды. Тау шаңғысымен айналысу үшін төрт нәрсе қажет: су шаңғысы, құтқару жилеті, перчатка мен гидрокостюм.

Рафтинг – тау өзенімен каноэда немесе арнайы қайықпен түсу.

Каньонинг – тау өзендерінің жарқабақтарына түсу, үлкен емес сарқырамалардан секіру. Қауіпсіздік шаралары үшін гидрокостюм, каска, арнайы жилеттер киеді [9].

Қорыта айтқанда, туризмнің белсенді түрлері қазіргі таңда шетелдерде жоғары қарқынмен дамып жатыр. Бірақ кейбір түрлерінің құрал-жабдықтарының қымбат болуына байланысты бұл туризм түрлері елімізде, тіпті Ресейде әлі дамымаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Косолапов А.Б. География российского внутреннего туризма: Учебное пособие.-М.: КНОРУС, 2009. 48-51с.
- [2] Филиппова И.Г. География туризма. Учебник-Спб.: «Бизнес-пресса», 2007.- 101с.
- [3] Котлер Ф. Основы маркетинга. М.:Флинта-Наука, 2004. 13-15с.
- [4] Маринин М.М. Туристские формальности и безопасность в туризме. М.: Финансы и статистика, 2003. 125-129с.
- [5] Туризм, гостеприимство, сервис: справочник М.: Аспект пресс, 2002.58с.
- [6] Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері: Оқу құралы.-Алматы:Қазак университеті, 2004.-112-118б.
- [7] Вуколов В.Н. Халықаралық туризмнің тарихы және теориясы.-Астана: «Парасат әлемі» баспасы, 2005.-145-148б.
- [8] Никитинский Е.С., Вуколов В.Н. Формирование индустрии туризма в Казахстане за годы государственной независимости// Агентство Республики Казахстан по туризму и спорту, Казахская академия спорта и туризма. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана, 2006. С. 215-220.
- [9] Федотов Ю.Н., Востоков И.Е. Спортивно-оздоровительный туризм. М.: Советский спорт, 2013. – 364 с.

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ РАЗВИТИЯ АКТИВНОГО ТУРИЗМА

Байискакова К. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан.

Аннотация. Республика Казахстан - девятая по величине страна в мире: от снежных ледников до песчаных дюн и горных вершин. Существуют различные природные ландшафты и нетронутая дикая природа, богатое историческое и культурное наследие и неисчерпаемые возможности активного отдыха в Казахстане. Все это показывает, что Казахстан имеет большой потенциал для развития внутреннего туризма и иностранных туристов.

Ключевые слова: активный туризм, физическая выносливость, экстремальный туризм, экзотические виды экстремального туризма, спелестология.

FOREIGN EXPERIENCE OF ACTIVE TOURISM DEVELOPMENT

Baiiskakova K. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The Republic of Kazakhstan is the ninth largest country in the world: from snow glaciers to sand dunes and mountain peaks. There are various natural landscapes and untouched wilderness, rich historical and cultural heritage and inexhaustible opportunities for active recreation in Kazakhstan. All this shows that Kazakhstan has great potential for the development of domestic tourism and foreign tourists.

Key words: active tourism, physical endurance, extreme tourism, exotic types of extreme tourism, speleology.

ӘОЖ 82-7

Қобланов Ж.Т.¹

¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ДРАМА ЖАНРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРДІ ИГЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Драматургиядағы фольклорлық негіздерге қалың көпшілік қана емес, сонымен бірге әлемдік әдебиеттану ғылымы саласындағы ғалымдардың соңғы жылдары ерекше назар аударуы, бұл проблеманың аса маңызды мәселенің бірі екендігін айқындап берді. Фольклорлық негіздерді анықтау, оларға баға беру, талдау – түркі тілдес халықтардың әдебиеттану ғылымында да өзекті мәселе болып отыр. Қазақ-қарақалпақ әдебиетінде драма жанрындағы фольклорлық сипаттар салыстырмалы зерттеу әдіснамасы аясында арнайы зерттеліп келеді.

Жалпы өмірдегі өзекті мәселелерді көтерер көсемсөз сияқты өтімді, өткір жанрлардың әдеби аренаға толық шықпай, шыққанның өзінде бүкіл халыққа мол дәрежесінде жетпей жатқан кезде халықты елдікке, бірлікке шақыруда ғибраттық сарынды драма жанрының халық үшін маңызы ерекше.

Мақалада туысқан халықтар драматургиясының қалыптасуындағы фольклорлық негіздердің мәнін көрсету, тарихи жырлар мен аңыз-эпсаналар тақырыбына жазылған пьесалардың табиғатын ашу мәселелері қарастырылады. Жеке қаламгерлердің суреткерлік шеберлігі, өзіндік ерекшеліктері талданып, шығармаларына ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: ұлттық драматургия, фольклор, эпос, конфликт, поэтика, сюжет.

Ғасырға жуық уақытты қамтыған драматургияның өсу, даму бағыты қай деңгейде, жетістік, кемшіліктерінің сыры неде?! Халық мұрасының бүгінгі драматургиядағы көрінісі

мен өзара үндестігі, тиісті мәселелерге жауап іздеу қазіргі кезде аса маңызды. Жалпы қарақалпақ-қазақ драматургиясын зерттеу ісі әдебиеттану ғылымында назардан тыс қалған жоқ. Жекелеген сөз шеберлерінің өмірі мен шығармашылық ерекшелігін зерттеу барысында, сондай-ақ қазақ-қарақалпақәдебиетінің тарихын зерттеген еңбектерде де драма қарастырылды.

Мысалы, қазақ әдебиеті тарихында профессор С.Ордалиевтың «Қазақ совет драматургиясының очеркі»[1], «Конфликт және характер», профессор Р.Нұрғалиевтың «Айдын»[2], «Телағыс», Ә.Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы»[3], сонымен бірге Р.Рүстембекованың бірнеше ғылыми еңбектерін атап айтуға болар еді. Қарақалпақ әдебиеті тарихында драматургияны зерттеген еңбектерге Қ.Айымбетовтың«Қарақалпақ совет драматургиясының тарихынан»[4], Т.Алланазаровтың «Некоторые вопросы истории каракалпакской советской драматургии»[5], М.Нурмухамедовтың «Қарақалпақ әдебиетіне орыс әдебиетінің әсері», «Қарақалпақ кеңес әдебиетінің қысқаша очеркі» және Н.Дәуқараевтың, А.Бегимовтың, Ы.Юсуповтың жеке ғылыми мақалалары жарық көрді.

Осы жоғарыда аталған еңбектерден Қ.Айымбетовтың монографиясында 1925-1957 жылдардағы қарақалпақ драматургиясы арнайы талданған болатын. Ал,Т.Алланазаровтың еңбегінде 1917-1970 жылдардағы қарақалпақ драматургиясы қарастырылған.Қай кезде де фольклор әлемдік драматургияның қалыптасуында, дамуында үлкен маңызға ие болып келгендігі бізге мәлім. Ол тек қана таусылмас материал кені болып қалмай, сонымен бірге драма жанрындағы жаңалықтың қайнар көзі де болды. Фольклорлық дәстүрдің әрқандай биік шыңға көтерілген әйгілі классик-драмашылардың қай-қайсысының да осы дәрежеге жетуіне себепші болғандығы белгілі.

Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш– Баян сұлу» трагедиясы – қазақ драматургиясының шоқтығы биік шығармаларының бірі. Бұл трагедия – реалистік, классикалық туындылардың үлгісінде жазылған құнды пьеса. Драмашы қазақ фольклорындағы белгілі жырдың аясында қалып қоймай, оның шешімін өзінше шешеді. Адамгершілік пен жауыздық арасындағы тартысты жаңа белеске көтеру нәтижесінде драманың идеясын тереңдете түседі.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» - адал махаббат жайлы трагедиялық жыр. Қаламгер жастардың махаббатын суреттеумен қатар екі жастың өз заманында озбырлық көріп, қиянаттың құрбаны болғанын асқан шеберлікпен бейнелейді. Махаббат еркіндігіне ұмтылған жастардың сол қоғамдағы зұлым күштердің әділетсіздігінен азап тартуын кертартпа заманның трагедиясы түрінде суреттейді.

Ғабит Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын драмаға айналдыру үшін оған көп өзгерістер енгізіп, жаңа шешім табады. Трагедиядағы образдардың барлығы да жырдағы кейіпкерлерден әлдеқайда терең, характерлері айқын. Пьесадағы басты қаһарман тек Қозы мен Баян ғана емес. Мақпал, Күнікей, Қарабай, Қодар, Жантаық сияқты кейіпкерлер де трагедияның негізгі идеясын ашатын басты образдарға жатады. Олардың әрбірінің өзіне тән кескін-келбеті, ой-өрісі бар. Бұл жағдайлар драмалық тартыс үстінде анық байқалады.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясында драмашының шығармашылық еркіндігін көреміз. Драмадағы барлық образдардың драмалық қасиеті тартыс үстінде шынайы ашылады. Пьесадағы Баян жырдағы Баяннан едәуір биік тұр. Трагедиядағы Баян бойында нәзіктік, сұлулықпен қатар өжеттік, қайсарлық қасиеттер де сезіледі. Қарабайдың малын Қодар зорлықпен айдап алып кеткенде, намысқа шыдамаған Баян атқа мінеді. Жолда оған Қозы кездесіп, Қодардан Қарабайдың малын қайтарып алып келеді. Міне, бұл оқиға трагедиядағы драмалық тартысты өрістетуге мақсатында енгізілген.

Осылайша, трагедиядағы Баян образы сол дәуірдің барлық жақсы қасиеттерін өз бойына жинақтаған типтік образ дәрежесіне көтеріледі.

Қозының образы да пьесаның идеясына сай сәтті шыққан. Онда батырға тән қара күш пен аңғалдық та, ғашықтық сезімге берілген жастық албырттық та бар. Алдын сырттай ғашық болған Қозы, кейін Баянмен кездескенде махаббаты бұрынғыдан да өрши түседі, сол махаббаты жолында көптеген қиыншылықтарға төзеді. Ақыры арманына жете алмай мерт болады. Осының барлығын да жазушы драмалық тартыс барысында өте нанымды суреттейді. Оның Баянға ғашықтығын көрермен алғашқы көріністе-ақ байқайды. «Жасырмашы, жан анам! Бүгін жер бетінде жалғыз-ақ ауыз сөз жүр!.. Ол Баян! Жел Баян деп ызындайды, көл Баян деп теңселеді, өзен Баян деп ағады, тау Баян деп күңіренеді, көк Баян деп күрсінеді!.. Анам Баян деп мұңаяды, балаң Баян деп толғанады» деп мұңын шағады Қозы алғашқы көріністе.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасына берген бағасы мынадай еді: «... Туған мезгіліне және өзінің қазақ совет драматургиясында алатын орнына қарағанда, осы он бес жыл ішіндегі қазақ драматургиясының ең зор табысы, біздің талантты жазушымыз Ғабит Мүсірепов жазған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» [6].

Қарақалпақ драматургиясы да өзінің тарихи даму жолында осы халықтық мол қазынадан озық және үздік дәстүрлерді өз бойына сіңіріп, пайдаланып келді. «Фольклордың ерекше түрлеріне халықтық жанрлар мен эпостық шығармалар жататындығы даусыз. Ал енді драма жанрында оның дәстүрлерін игеру өте қиын шаруа»[7]. Мұның күрделілігі сонда, ауыз әдебиеті жанры тек қана тыңдауға арналған дүние. Оны

сахна тіліне аудару көп тәжірибені қажет етеді. Эпикалық материалдарды жаңа драма жанрында игерудегі әдеби талпыныстар қарақалпақ әдебиетінде 1938 жылдары басталды. Бұл игілікті істің негізін салушылар біз жоғарыда әңгімелеген Н. Дәуқараев, мұнан басқа М. Дәрібаев, Ә. Шамуратов, А. Бегимов т.б. болды.

Эпикалық материалдарды игеру үдерісі қарақалпақ әдебиетінде әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бұған мысал ретінде Ә.Шамуратов пен И.Юсуповтың «Қырық қыз» пьесасын, С.Хожаниязовтың «Ақымақ патша» пьесасын атасақ болады. «Қырық қыз» - халық дастаны, ал «Ақымақ патша» - Бердахтың поэмасы.

Эпос құрамында драмалық элементтері болғанымен, ол драмалық шығарма емес. Өзінің табиғаты жағынан эпос драмадан өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Біріншіден, эпостың көлемі кең, уақыт кеңістігі мен оқиғаны қамтуда аялы, кейіпкерлер саны шексіз. Сонымен бірге бір оқиғадан екінші оқиғаға ауысуы өте шапшаң, жедел болады. Драма сахналық жанр болғандықтан, бұл әдістердің ешқайсысынан пайдалана алмайды. Өйткені мұндағы кеңістік пен уақыт шектеулі. Драманың тағы бір ерекшелігі, автор елеспесіз қалып, кимыл-әрекетті кейіпкерлеріне табыстайды.

Драманың осы ерекшеліктері драмашылардың оқиғаға материал таңдап, талдауында үлкен жауапкершілікті болуын талап етеді. «Көптеген дастандарда мазмұнның халықтығы батырлардың әрекеттері арқылы беріліп, тарихты жасаушы халықтың өзі көлеңкеде қалады. Мұнан біз өте ертедегі дәуір саясатын, эстетикалық, қоғамдық тұрмыс тынысының ізін сезінеміз»[8]. Ескі әдеби әдістер бұл күнде өзінің маңыздылығын, тазалығын жойып отыр. Бүгінгі оқырманға ол қызықсыз. Анау немесе мынау дастанды сахналастырғанда жазушыдан үлкен тәжірибе, көп білімділік және жоғары көркемдік мәдениет қажет етіледі. Осылардың бірінсіз дастанның сахналасуы мүмкін емес. Сонымен бірге шығармашылық, даралық және жаңашылдық қатынас та керек.

Мысалы, Ә. Шамуратов пен И. Юсуповтың «Қырық қыз», С. Хожаниязовтың «Ақымақ патша» пьесаларын талдап көрейік. Егер бұл пьесаларды алдыңғы талдаған пьесалармен салыстырсақ, айтарлықтай шығармашылық әдістер, жаңалық дәстүрлер, идеялық-тақырыптық, сюжеттік-композициялық қырларынан еш нәрсе байқалмайды. Тек қана дастанның оқиғасына жаңаша өң беруге тырысу, кейбір кейіпкерлердің характерлерін өзгерту сияқтыларды атауға болар еді. Мысалы, «Ақымақ патша» драмасында жазушы поэма жанрын өзгертеді. Егер поэманың түпнұсқасы сатиралық түрде жазылып, Хиуа ханының ақымақтығы өткір күлкімен әшкереленсе, пьесада жазушы барлық оқиғаны қаһармандық түрде суреттеп, осы арқылы назарымызды Хиуа үкіметіне қарсы бағытталған халық күресіне аударғысы келген. Осы мақсатта драмашы пьесаға жаңа кейіпкерлерді әкеліп қосып, оларды осы көтерілістің бел ортасында көрсетеді. Бұл кейіпкерлер - Балташ,

Айдар, Нарым, Сайым. Олар еңбекші халықтың мүддесін қорғап, халық атынан қолдарына қару алып, барлық абыройдан жұрдай болған Хиуа ханына қарсы күреседі. Дастандағы мотив шындыққа өте жақын. Хиуа ханы өз қызына ғашық болады. Өйткені, хан өз қызын әлдеқашан өлді деп ойлайды. Бердах оның ақымақтығын өте тапқыр жолмен келеке қылады. С.Хожаниязов бұл оқиғаны сахналастырғанда бояуды қалыңдата түседі. Пьесада хан бұл іске біле тұра қол ұрады. Гүлзардың өз қызы екенін білсе де, оны ойнас болуға зорлап көндіреді. Осы себепті де жазушы бұл мотивтің нанымдылығын жоғалтып, адамдардың жеккөрушілік сезімін оятады.

Пьесада драмашы Анар мен Гүлзар образдарына ерекше көңіл бөледі. Олар Хиуа ханына қарсы көтерілген халық жауынгерлеріне айналады. Пьесадағы басты мақсат әлеуметтік және таптық мәселелерді шешу болғанымен, өте қарапайым түрде орындалған.

«Қырық қыз» пьесасы да дәл осындай сюжеттік-композициялық өзгеріске түскен. Мұнда қосылған кейіпкерлер Жиен жырау мен Жорға дәруіш. Жиен жырау – аңызшы, ол автор ретінде пьесаның өн бойында оқиға барысына түсінік беріп отырады. Оның әңгімесі халықтың келбеті іспетті.

Жорға дәруіш – елші. Қалмақ ханы Сұртайшының елші-уәзірі. Жорға дәруіш қырық қыз еліне елші болып емес, ал жансыз ретінде келеді. Дастанды сахналастыруда жазушылар Аллияр бай, Ақсұлу, Отбасқан, Жұрынтаз бейнелерін жаңалауда біраз жақсы қадамдар жасаған. Сонымен бірге, қырық қыз характерлерін де жаңалауға ұмтылушылық байқалады. Мысалы, Гүлайым, Сарбиназ, Гүлсім т.б. бейнелері.

Дастаннан гөрі пьесада хорезм батыры Арыслан бейнесі толық ашылған. Ол тек Гүлайымды ғана сүйіп қоймай, оның елін де сүйеді. Гүлайым елінің қайғысына ортақ болып, Иран шахы Надирдің әрқилы азабына төзеді. Пьесада отанға деген махаббат, достық, туыскандық, адалдық, ерлік, азаматтық борыш мәселелері өте өткір қойылады. Бұл қасиеттердің барлығы да жеке бас қамынан жоғары тұрады.

Осы тұрғыдан алғанда «Қырық қыз» пьесасының соңғы жылдардағы басқа пьесалардан сапалы шыққаны бізді қуантады. Айта кететін бір нәрсе, пьесада қолданылған әдістерде жаңалық жоқ. Аты аталған екі пьесада да оқырман үшін рухани азық өте аз.

Мұнан келіп шығатын қорытынды, бұл драмашыларда әлі де болса шеберлік жетіспейді. Фольклорлық материал негізінде жаңа көркем шығарма жасаушы жазушының шығармашылық қиялы да өте қажет нәрсе. Демек, олай болса талданып отырған шығармалардағы қиял байлығы мен мәдени дәреже дастандардағыдан жоғары емес. Көбінше мұны С.Хожаниязовтың «Ақымақ патша» пьесасынан сезінеміз. Бердах дастан негізін Хиуа ханының тұрпайы әрекеттерін кекесінмен әжуалауға құрады. Хан мерез ауруымен ауырса да, оның гаремінде қырық сұлу әйел қамаулы тұрады. Қандай да бір емші

«осы аурудан жазылу үшін жас қызға үйленуіңіз керек» дейді. Сол себепті де ол «халық ішінен ең жас сұлуды менің гареміме алып келің» деп бұйырады. Дастан оқиғасы осылай басталады. Бердах сюжеттің осылай дамуын саналы түрде таңдап алады. Дастан оқиғасының дамуында Бердах ханның келеңсіз әрекеттерін дәлелді суреттеп отырады. Бұл істің соңы ханның өз қызына ғашық болуына алып келеді. Оқырмандар мен тыңдаушыларда ешқандай күман қалмайды.

Дастанды сахналастырғанда мұның барлығы астын-үстін болып кетеді. С.Хожаниязов болса зорлыққа қарсы халық наразылығына баса назар аударады. Қаһармандық, қарулы қарсылық пьеса сюжетінде басты орынға шығады. Соңында түпнұсқаның тарихи және көркемдік мазмұнын бұрмалап жібереді. Сондықтан пьесаның сюжеті өмірден алыс, нанымсыз, әрі жасанды болып шыққан.

Сонымен, халықтық жырларды драмаға айналдырудағы жағдай соңғы жылдары «Алпамыс», «Ғаріп ғашық» пьесалары дәрежесінде қалып отырғанын көреміз. Бірақ айта кететін бір жағдай – қарақалпақ ұлттық драматургиясында «Қырық қыз», «Ақымақ патша» пьесаларының пайда болуы үлкен маңызға ие деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Ордалиев С. Қазақ совет драматургиясының очеркі. – Алматы: 1964. – 276б.
- [2] Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы: 1985. – 400 б.; Телағыс. – Алматы: 1986. – 440 б.
- [3] Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: 1971. – 416 б.
- [4] Айымбетов Қ. Қарақалпақ совет драматургиясының тарихынан. – Нукус: 1956.
- [5] Алланазаров Т. Некоторые вопросы истории каракалпакской советской драматургии. – Нукус. 1987. – 186 б.
- [6] Ордалиев С. «Конфликт және характер». – Алматы: 1976. – 204 б.
- [7] Нурмухамедов М. Краткий очерк каракалпакской советской литературы. – Ташкент: 1959. – 148 б.
- [8] Сагитов И. Каракалпакский героический эпос. – Ташкент. 1962. – 179 б.

ПРОБЛЕМА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ФОЛЬКЛОРНЫХ ТРАДИЦИИ В ЖАНРЕ ДРАМЫ

Кобланов Ж.Т. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова. г.Актау. Казахстан.

Аннотация. Уделение особого внимания в последние годы фольклорным основам в драматургии не просто большинством, а вместе с тем учеными в сфере мировой литературоведческой науки, уточняет его как один из очень важных вопросов этой проблемы. Определение фольклорных основ, их оценка, анализ – является актуальной проблемой и в литературоведческой науке тюркоязычных народов. В казахско-аракалпакской литературе фольклорный характер в жанре драмы исследуется в рамках сравнительной исследовательской методологии.

В то время, как такой острый жанр, как публицистика, поднимающий актуальные вопросы жизни вообще не полностью выходит на литературную арену, а даже если выходит, не доходит в полной степени до всего народа, важное значение для народа имеет поучительный мелодичный жанр драмы, призывающий народ к единству.

В статье рассматривается роль фольклорных основ в формировании народной драмы, определяются природы пьес, написанных на тему исторических эпосов и легенд. Анализируются и оцениваются с научной точки зрения творческие навыки и особенности отдельных писателей.

Ключевые слова: национальная драма, фольклор, эпос, конфликт, поэзия, сюжет

THE PROBLEM OF USING FOLKLORE TRADITIONS IN THE GENRE OF DRAMA

Koblanov Zh.T. - Sh.Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. Paying special attention in recent years to the folklore foundations in drama is not simply a majority, but at the same time scientists in the field of world literary science, and specifies it as one of the very important issues of this problem. The definition of folklore foundations, their evaluation, analysis - is an actual problem in the literary science of Turkic-speaking peoples. In the Kazakh-karakalpak literature the folklore character in the genre of drama is explored in the framework of comparative research methodology.

While such an acute genre as journalism that raises pressing questions of life does not fully reach the literary arena, and even if it does not reach the full extent to the whole people, an instructive melodic genre of drama that calls on the people to unity.

The article examines the role of folklore foundations in the formation of folk drama, determines the nature of plays written on the theme of historical epics and legends. Analyzed and evaluated from a scientific point of view, the creative skills and characteristics of individual writers.

Key words: national drama, folklore, epic, conflict, poetry, plot

ӨОЖ 53:372.8

Туркменбаев Ә.Б.¹, Мамбетов О.К.¹¹Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан**ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҮДЕУ ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

Аңдатпа. Бұл мақалада негізгі мектепте физика пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың түсінуіне қиындық туғызатын үдеу ұғымын векторлық сипаттау, проекцияларға амалдар қолдану, векторлық түрде жазылған тендеулерді скалярлық түрге көшіру, есептерді координаталық тәсілмен шығару жолдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: лездік жылдамдық, үдеу, ұғым, векторлық және скаляр шамалар, бірқалыпты қозғалыс

Кіріспе. Үдеу - аса маңызды физикалық ұғымдардың бірі. Бұл ұғым 9-сынып оқушылары үшін мүлде жаңа, сондықтан толығырақ түсіндірілуі керек. Бұл ұғымды енгізудің өзектілігін былайша негіздеуге болады. Оқушылар бірқалыпты қозғалыс бағыты мен модулы бойынша қозғалыстың барлық уақытында өзгеріссіз қалып отыратын жылдамдықпен сипатталатынын бұрын да біледі (бірқалыпты түзусызықты қозғалыста лездік жылдамдық тұрақты). Айнымалы қозғалыстың жылдамдығы уақыт өтуіне қарай өзгеріп отырады, траекторияның түрлі нүктелерінде жылдамдық әр түрлі болады. Мысалы, станциядан жаңа қозғалған поездың жылдамдығы арта береді де, ал мұзда сырғанап бара жатқан шайбаның жылдамдығы азая береді және т.б.

Айнымалы қозғалыстың түрлі жағдайында жылдамдық уақыт өтуімен түрліше өзгереді. Мысалы, ауыр жүк тиелген поезд белгілі бір жылдамдықты бірнеше минуттан кейін алады, ал жеңіл автомобиль дәл сондай жылдамдыққа бірнеше секундтан кейін жетуі мүмкін. Сондықтан айнымалы қозғалыстарды салыстыру үшін тек жылдамдықтың өзгерісін ғана емес, сонымен бірге жылдамдықтың бірлігі ішіндегі өзгерісін де (үдеуді) табу керек [1].

Негізгі бөлім. Үдеуді білу үшін уақыт бірлігі ішіндегі жылдамдық векторы өзгерісін табу керек: $\frac{\vec{g} - \vec{g}_0}{t}$. Үдеуді a әрпімен белгілеп, формуласын жазамыз: $\vec{a} = \frac{\vec{g} - \vec{g}_0}{t}$. Оқулықта келтірілген үдеудің анықтамасын береміз.

Үдеу деп жылдамдықтың өзгеру шапшаңдығын сипаттайтын физикалық векторлық шаманы айтамыз. Бірқалыпты айнымалы қозғалыс кезіндегі үдеу жылдамдық өзгеруінің сол өзгеріс болып өткен уақытқа қатынасына тең [2].

Бұл жерде әңгіме орташа үдеу туралы болып отыр: $\bar{a}_{opt} = \frac{\Delta \vec{g}}{t}$. Орташа үдеуді біз көбіне тек үдеу деп атаймыз. Бірқалыпты үдемелі қозғалыста үдеу тұрақты: $\bar{a} = const$.

Халықаралық бірліктер жүйесінде үдеу бірлігіне дене қозғалысының жылдамдығы әрбір секунд сайын бір метр өзгеріп отыратын бірқалыпты үдемелі қозғалыстың үдеуі алынады.

Енді дене қозғалысының жылдамдығы мен үдеуінің қалай бағытталатынын анықтайық. Егер дене модулы бойынша артып отыратын жылдамдықпен қозғалатын болса, онда үдеу оң және қозғалыс жағына қарай бағытталған болады. Егер де модулы бойынша кеміп отыратын жылдамдықпен қозғалатын болса, онда үдеу теріс болады.

Есептер шығарғанда, формулалардың векторлық жазбасынан алгебралық жазылуына көшеді. Алынған x өсіндегі проекцияда үдеудің формуласы былай жазылады:

$$a = \frac{g - g_0}{t} \quad (1)$$

мұндағы a , g , g_0 - $\bar{a}$, $\bar{g}$, $\bar{g}_0$ векторларына сәйкес x өсіндегі проекциялар. $g - g_0 > 0$ болғанда үдеу оң, $g - g_0 < 0$ болғанда - теріс болады [2].

Бірқалыпсыз қозғалыстың жалпы жағдайында үдеуді табу қиын. Сондықтан да 9 сыныптың физика курсына тек қана ең қарапайым жағдай - бірқалыпты үдемелі қозғалыс қарастырылады. Егер кез-келген тең уақыт аралығындағы лездік жылдамдықтың өзгерісі бірдей болса, қозғалыс бірқалыпты үдемелі қозғалыс деп аталады. Мұндағы маңызды нәрсе лездік жылдамдықтың өзгерісін көрсету болып саналады.

Үдеуді білу бірқалыпты үдемелі қозғалыстың лездік жылдамдығын табуға мүмкіндік беретініне ерекше көңіл аудару керек. Оның практикалық маңызы да осында.

Шынында да, (1) формуладан оқушылар бірқалыпты үдемелі қозғалыстың лездік жылдамдығының формуласын алады:

$$g = g_0 + at \quad (2)$$

Бұдан бірқалыпты үдемелі қозғалыстың кез-келген уақыт мезетіндегі жылдамдығын анықтау үшін бастапқы жылдамдық пен үдеуді білу керектігі көрінеді.

Егер бастапқы координатасы белгілі болса $\vec{r}$ жылдамдық қозғалыстағы нүктенің кез-келген уақыт мезетіндегі координаталарын табуға мүмкіндік беретіні сияқты, $\vec{a}$ үдеуді де жылдамдыққа қатысты табуға болатынын атап айту керек. Сөйтіп, механиканың негізгі есебін шешу үшін үдеуді табудың қандай маңызы бары анықталады.

Оқушылар (2) формуладағы ϑ , ϑ_0 және a - $\vec{\vartheta}$, $\vec{\vartheta}_0$, $\vec{a}$ векторларының қандай да бір координаталар өсіндегі проекциялары екенін, яғни олар оң да теріс те болуы мүмкін екенін жақсы түсінулері керек.

«Үдеу» сөзінің күнделікті тұрмыстағы ұғымы оның физикадағы мағынасынан анағұрлым тар екендігін оқушыларға түсіндіру қажет. Физикада үдеу ұғымы баяулауды да (теріс үдеу) қамтиды. Күнделікті практикада әдетте оң үдеулі қозғалысты үдемелі деп санайды. Физикада өзгеріп отыратын жылдамдығы кез-келген қозғалысты үдемелі қозғалыс деп атау қабылданған. Өйткені кез-келген мұндай қозғалыс үдеуінің болуымен сипатталады. «Баяу» қозғалысты да үдемелі, бірақ үдеуі теріс қозғалыс деп, яғни қозғалысқа қарсы бағытталған үдеулі деп есептеу керек.

«Қисық сызықты қозғалыс» тақырыбында үдеудің неғұрлым кең мағынасы ашылады. 9 сыныптың физика курсында тек үдеуі тұрақты ($a = const$) қозғалыс толық оқылады. Үдеуі тұрақты қозғалыс қана бірқалыпты үдемелі қозғалыс болып табылады.

Сөйтіп, үдеудің анықтамасынан бірқалыпты үдемелі қозғалыстың екі маңызды белгісі шығады: мұндай қозғалыста кез-келген тең уақыт аралығында лездік жылдамдық бірдей өзгереді және үдеуі тұрақты. Табиғатта бірқалыпты қозғалыстың болмайтыны сияқты, нақты бірқалыпты үдемелі қозғалыстың да болмайтынын атап көрсету керек. Алайда, шамамен азды-көпті қысқа уақыт аралығында $a = const$ болатын қозғалысты байқауға болады. Мысалы, вокзалдан жолға шығып бара жатқан кездегі поездың, құлаған тастың, ұрғаннан кейінгі мұзбен сырғанап бара жатқан хоккей шайбасының, көлбеу жазықтықпен домалаған шар центрінің қозғалыстары және т.б. сондай қозғалыстар болып табылады. Бірқалыпты үдемелі қозғалысты оқып үйрену осындай практикалық мақсаттар үшін керек [3].


Табиғат пен техникада кездесетін үдеулердің мәні туралы нақты түсінік алу үшін үдеулердің орташа мәндеріне мысалдар келтірген жөн.

Осы мәселені оқып үйренуді бірқалыпты үдемелі қозғалысқа ($a > 0$ және $a < 0$ болғандағы) арналған жылдамдық графигін сызумен аяқтаған орынды.

Материялық нүктенің кез-келген траекториямен болатын қозғалыс жылдамдығының уақытқа байланысты өзгерісін тік бұрышты координаттар жүйесінде көрсеткен қолайлы.

Жоғарыда айтылған бойынша, оң бағыт ретінде бастапқы жылдамдықтың берілген траекториядағы бағыты алынады [2].

Материялық нүктенің бірқалыпты айнымалы қозғалыс жылдамдығы модулінің уақытқа байланысты сызбасы түзу сызық болады (1 суретке сәйкес).



Сурет 1 - Материялық нүктенің бірқалыпты айнымалы қозғалыс жылдамдығы модулінің уақытқа байланысты сызбасы

Осы түзудің уақыт өсімен жасайтын α бұрышының тангенсі материялық нүктенің a үдеуіне тең ($a = tg \alpha$). Егер үдеу оң болса, үдеудің бағыты v_0 бастапқы жылдамдықпен бағыттас, онда $tg \alpha > 0$ (1, а және 1, б суретке сәйкес), ал егер үдеу теріс болса, онда $tg \alpha < 0$, олай болса, бұл – кейбір уақыт мезеттерінде жылдамдықтың мәні v_0 бастапқы жылдамдықтан кем болуы мүмкін (1, в суретке сәйкес).


Жаңа материалды пысықтау үшін оқушыларға төмендегідей есептерді шығаруды ұсынамыз [4].

1-есеп. Автомобиль бақылаушының тұсынан 10 м/с жылдамдықпен жүріп өтеді (2 суретке сәйкес). Сол мезетте жүргізуші тежеуішті басады, сонда автомобиль модулі бойынша 1 м/с^2 үдеумен қозғала бастайды. Автомобиль тоқтағанға дейін қанша уақыт өтеді?

Шығарылуы: Санақ басы ретінде бақылаушы тұрған жердің координаттарын таңдап аламыз да, ал координат өсін автомобиль қозғалған жаққа қарай бағыттаймыз. Автомобильдің бақылаушы жанынан өткен мезеттегі жылдамдығын $\bar{v}_0$ арқылы, ал тежеуішті қосқаннан кейінгі үдеуін $\bar{a}$ арқылы белгілейміз.

$v_x = v_{ox} + a_x t$ формуласын пайдаланамыз. Мұндағы v_x , v_{ox} және a_x - X өсіндегі ақырғы жылдамдық $\bar{v}$, бастапқы жылдамдық $\bar{v}_0$ және $\bar{a}$ үдеуінің сәйкес проекциялары.

Автомобильдің жылдамдығы X өсімен бағыттас, сондықтан $\vartheta_{ox} = \vartheta_0$, ал оның жылдамдығы кемитіндіктен $a_x = -a$. Токтаған мезетте $\vartheta_x = 0$. Демек, $0 = \vartheta_0 - at$ немесе $at = \vartheta_0$. Бұдан $t = \frac{\vartheta_0}{a}$. Осы өрнектегі ϑ_0 мен a -ның орнына мәндерін қойып, мынаны аламыз: $t = \frac{10 \text{ м/с}}{1 \text{ м/с}^2} = 10 \text{ с}$.



Сурет 2 - Есеп шығаруға арналған жұмысшы сурет

2-есеп. Дене түзу сызықты біртіндеп кемитін жылдамдықпен қозғалып келеді. $\vec{a}$ үдеуі тұрақты және модулі жағынан 4 м/с^2 -қа тең. Осы мезеттен кейін $t_1 = 4 \text{ с}$ және $t_2 = 8 \text{ с}$ өткендегі дененің жылдамдығын табу керек.

Бер :	
$a = 4 \text{ м/с}^2$	
$t_1 = 4 \text{ с}$	
$t_2 = 8 \text{ с}$	
$T/\kappa : \vartheta_1, \vartheta_2.$	

Шығарылуы: X координат өсін $\vec{\vartheta}_0$ жылдамдық векторының бағытымен бағыттаймыз. Сонда $\vec{\vartheta}_0$ проекциясы оң және $\vec{\vartheta}_0$ векторының модуліне тең: $\vartheta_{ox} = \vartheta_0$. Дененің жылдамдығы кемитін болғандықтан, үдеудің a_x проекциясы теріс және ол $-a$ -ға тең: $a_x = -a$.

Есепте көрсетілген уақыт мезеттеріндегі ϑ_x жылдамдықтың проекциясын табу үшін, $\vartheta_x = \vartheta_{ox} + a_x t$ формуласын пайдаланамыз. Бұдан t уақыт мезеті үшін табатынымыз:

$$\vartheta_{1x} = \vartheta_0 - at_1; \quad \vartheta_{1x} = 20 \text{ м/с} - 4 \text{ м/с}^2 \cdot 4 \text{ с} = 4 \text{ м/с},$$

$$\text{Ал } t_2 \text{ уақыт мезеті үшін: } \vartheta_{2x} = \vartheta_0 - at_2; \quad \vartheta_{2x} = 20 \text{ м/с} - 4 \text{ м/с}^2 \cdot 8 \text{ с} = -12 \text{ м/с}.$$

Минус таңбасы 8-секундтың ақырында дененің бастапқыға қарама-қарсы бағытта қозғалғанын көрсетеді.

Әрине, дене кері бағытта қозғалмас бұрын, әуелі тоқтауы керек. Бұның қай t' мезетте болғаны? ϑ_x проекциясы нөлге тең, сонда $\vartheta_{0x} = -a_x t'$.


$$\text{Бұдан } t' = -\frac{\vartheta_{0x}}{a_x}; \quad t' = -\frac{20 \text{ м/с}}{-4 \text{ м/с}^2} = 5 \text{ с}. \text{ Дене қозғалысының бағыты оның жылдамдығы}$$

20 м/с -қа тең болған мезеттен 5 с өткеннен кейін қарсы бағытқа өзгерген.

Дененің бұл есепте айтылғандай, қозғалысы, оған бастапқы жылдамдық беріп, өзін көлбеу жазықтықпен жоғары қарай итерген жағдайда ғана болар еді.

Дәл осындай есептердің біреуін график қолданып шығарылуын қарастырайық.

3-есеп График бойынша (3 суретке сәйкес) материялық нүкте қозғалысына сипаттама беріндер. Қозғалыстың жеке бөліктеріндегі үдеуді (орташа) табындар.



Сурет 3 - Материялық нүкте қозғалысының графигі

Шығарылуы: Бастапқы мезетте жылдамдық 5 м/с -қа тең. $t_1 = 10 \text{ с}$ бойына үдеуі

$a_1 = \frac{\vartheta_1 - \vartheta_0}{t_1}$ бірқалыпты үдемелі қозғалыста болды. Одан әрі $t_2 = 5 \text{ с}$ -та нүкте бірқалыпты

қозғалды. Келесі $t_3 = 5 \text{ с}$ -та үдеуі $a_2 = \frac{\vartheta_2 - \vartheta_1}{t_3}$ үдемелі қозғалыста болды. Ақырында келесі

$t_4 = 10 \text{ с}$ -та орташа үдеуі: $a_3 = \frac{0 - \vartheta_2}{t_4}$, (мұндағы a_1 , a_2 және a_3 - таңдап алынған өстегі

үдеулердің проекциясы) бірқалыпты үдемелі қозғалыста болды.

$$\text{Есептелуі: } a_1 = \frac{20 \text{ м/с} - 5 \text{ м/с}}{10 \text{ с}} = 1,5 \text{ м/с}^2, \quad a_2 = \frac{10 \text{ м/с} - 20 \text{ м/с}}{5 \text{ с}} = -2,0 \text{ м/с}^2,$$

$$a_3 = \frac{0 - 10 \text{ м/с}}{10 \text{ с}} = -1,0 \text{ м/с}^2.$$

Қорытынды. Оқыту үдерісінде үдеу ұғымын қалыптастыру үшін мақалада талдаған есептерге ұқсас есептерді оқушылар шығарған жөн. Мақалада қарастырылған 1, 2-есептер бірқалыпты үдемелі қозғалыс және үдеу ұғымын алғаш оқып үйрене бастаған кезде оқушылардың шамасы әбден жететін орташа деңгейдегі есептер, 3-есеп мазмұны жағынан да, шығару әдісі жағынан да қиын. Оны есеп шығаруға арналған келесі сабақтарда талдау керек. Бұндай есептерді талдаған кезде орын ауыстыру мен жол графигін келтіруді ұсынамыз. Графиктік иллюстрацияны пайдалану есептердің физикалық мәні мен оны шығару әдісін түсінуді жеңілдетеді. Үдеу ұғымы туралы теориялық материалды меңгеруге дұрыс ұйымдастырылған есеп шығару сабақтары жақсы көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Теория и методика обучения физика в школе. Частные вопросы. Учебное пособие для студентов пед. вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. - М: Издательский центр «Академия», 2010. - 386 с.

[2] Физика және астрономия: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Өнд., толықт. 2-бас. / Р.Башарұлы, Д. Қазақбаева, У.Токбергенова, Н.Бекбасар. - Алматы: Мектеп баспасы, 2009. - 240 б.

[3] Башарұлы Р., Қазақбаева Д., Токбергенова У. Физика және астрономия – 9. Әдістемелік нұсқау. – А.: Мектеп, 2010. – 91 б.

[4] Балаш В.А. Задачи по физике и методы их решения. - М.: Просвещение, 2012. - 434 с.

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ПОНЯТИИ УСКОРЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ

Туркменбаев А., Мамбетов О. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье рассматривается способы решения задач координатным методом, векторных уравнений с переводом на скалярный вид, приемы использования проекции, векторное описание понятия ускорения, которое затрудняет восприятие у школьников при процессе обучения предмета физики в основных школах.

Ключевые слова: мгновенная скорость, ускорение, понятие, скалярные и векторные величины, равномерное движение.

THE METHOD OF FORMING THE CONCEPT OF ACCELERATION IN THE PROCESS OF TEACHING PHYSICS

Turkmenbayev A., Mambetov O. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. In this paper, was considered methods of solving problems by a coordination method, vector equations with translation into a scalar form, techniques of using projection, a vector description of the concept of acceleration, which makes difficult understanding for schoolchildren in the process of teaching physics in basic schools.

Keywords: instantaneous speed, acceleration, concept, scalar and vector quantities, uniform motion.

УДК 371.851:33 (043.3)

Кошанова Г.Р¹., Шаленова С.М.¹

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им.Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ПРИ РЕШЕНИИ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Аннотация. Математика занимает одно из центральных мест в любой современной системе общего образования, это отмечает уникальность данной предметной области знаний. Это наука, позволяющая объяснить сложные законы и правила природы, которые тесно взаимосвязаны.

В статье рассматривается вопрос использования на уроках математики задач с экономическим содержанием. Такие задачи позволяют ввести в школьный курс математики базовые экономические понятия, тем самым повышая экономическую грамотность школьников и подготовить их к решению практических задач, возникающих в повседневной жизни человека. Таким образом, одновременно повышается мотивация к изучению математических моделей за счёт демонстрации реальной пользы от математического образования, и формируются компетентности, необходимые для полноценной жизни в современном обществе.

Ключевые слова: школьное математическое образование, экономическая грамотность, информационная культура.

Общее образование – это единственный обязательный и важнейший компонент всей системы образования, от качества которого во многом зависит как локальная успешность вхождения человека во взрослую жизнь, так и глобальная эффективность

функционирования социальных институтов страны. Образовательные государственные стандарты существенно расширяют представления о факторах развития ребенка и востребованных обществом результатах деятельности общеобразовательных учреждений. Развивая парадигму диверсификации системы общего среднего образования, ГОСО РК нормативно закрепляют понятие индивидуальной образовательной траектории и ориентируют школу на расширение спектра учебных предметов (курсов) как необходимого условия личностного роста обучающихся и повышения уровня их информированности и компетентности в различных областях современной жизни. На сегодняшний день экономическое образование — это одно из наиболее популярных направлений профессионального образования. Знания в области экономики, менеджмента и предпринимательства необходимы в самых разных областях человеческой деятельности, для формирования человека, способного не только быть достойным гражданином своей страны, но и быть успешным в современном глобальном сообществе.

Начальное экономическое образование школьники получают на уроках обществознания. Однако многими исследованиями убедительно показано, что элементы экономики также может имплантировать в себя школьное математическое образование [1, 2]. При этом математическая и экономическая составляющие курсы должны взаимно дополнять одна другую, с одной стороны, демонстрируя учащимся фундаментальность и математическое содержание экономических понятий, с другой — показывая полезность разнообразных математических моделей в плане познания экономических явлений.

Следует отметить, что даже самая простая экономическая задача потенциально содержит мотивацию к исследованию многих математических моделей. Рассмотрим в качестве примера конкретную и очень распространенную задачу о начислении процентов. Предположим, что мы положили сумму S_0 в некоторый банк на 1 год под 100% годовых с начислением и капитализацией процентов через равные промежутки времени. Последовательное рассмотрение различных временных промежутков приводит сначала к идее вычисления n -го члена последовательности $(1+1/n)^n$:

- если начисление процентов происходит раз в полгода, то за первое полугодие сумма вклада увеличится наполовину, а за год — еще раз наполовину, т.е. в $(1+1/2)^2$ раз;
- если начислять проценты раз в квартал, то нетрудно увидеть, что к концу года сумма вклада возрастет несколько больше — в $(1+1/4)^4$ раз, и т.д.

Дальнейшие рассуждения в том же направлении приводят к идее нахождения предела бесконечной последовательности $\lim_{n \rightarrow \infty} (1+1/n)^n$. Проведя ряд числовых экспериментов, школьники могут «заподозрить неладное» — оказывается, как бы часто в

течение года мы не начисляли проценты за $1/n$ часть года, при данной процентной ставке вклад «очень сильно» увеличиться не может. И следующим шагом будет знакомство с числом Эйлера: $\lim_{n \rightarrow \infty} (1 + 1/n)^n = e$.

Однако не следует забывать, что рассмотрен только лишь частный случай — процентная ставка составляет 100% годовых. А что будет при другой процентной ставке? Разумеется, рассмотрение этих вопросов выходит достаточно далеко за рамки школьной программы, однако именно в такой неопределенности, в «знании о своем незнании» заключены интерес к научному знанию, потребность в познавательной деятельности, готовность к продолжению экономического и углублению математического образования.

Вместе с тем было бы слишком формально сводить экономическое образование школьников только лишь к построению и исследованию математических моделей. Согласно концепции школьного математического образования, этот учебный предмет помимо образовательной функции призван реализовывать воспитательный потенциал науки математики. Осознание реального сосуществования в методической системе обучения математике различных функций позволяет рассматривать школьное математическое образование как с точки зрения конкретной математической подготовки, так и в ракурсе приобщения человека к математической культуре как к части общезначимой культуры человечества. В первом случае говорят о собственно математическом образовании, во втором имеют в виду образование с помощью математики [3].

Между тем, на уроках математики эти две функции можно и нужно совмещать. Так, например, уже в пятом классе школьники достаточно подготовлены математически и имеют достаточный собственный социальный опыт для того, чтобы освоить первоначальные представления о сути экономики. Приведем один пример. Методисты часто советуют, а учителя и сами часто практикуют применение техники оригами для формирования геометрических представлений школьников. При изготовлении бумажных фигурок активно используется геометрический словарь, выполняются действия по преобразованию геометрических фигур. При этом полученный результат можно рассматривать не только как продукт математической деятельности, но и как некоторую продукцию, произведенную:

- некоторыми производителями;
- с затратой определенных ресурсов;
- с целью удовлетворения определенных потребностей (например, эстетических).

И в этом смысле те же самые действия школьников — в данном случае, перегибания листа бумаги — становятся частью новой деятельности, осознание которой способствует

формированию важнейших экономических понятий — ресурсы, затраты, себестоимость, качество и т.п. В то же время дети учатся рассматривать один и тот же объект в различных информационных аспектах. Таким образом, наряду с освоением математических и социально-экономических понятий имплантация в курс математики задач из окружающей жизни способствует также формированию информационной культуры школьников как совокупности норм и стереотипов поведения, связанных с накоплением, обработкой и трансляцией информации. Поэтому экономическая грамотность может быть представлена как сочетание экономического образования с информационной грамотностью, позволяющей соотносить понятия экономики с реальными процессами и явлениями и на этой основе делать адекватные выводы.

На современном этапе социального и экономического развития, характеризующемся, в первую очередь, увеличением роли информации и знаний, бурными темпами происходящая информатизация общества облегчает информационное взаимодействие всего населения земного шара и обеспечивает доступ к мировым информационным ресурсам, приводя к колоссальным изменениям во всех социокультурных и экономических процессах. Это требует от социума формирования нового вида культуры — культуры информационной, поскольку именно универсальность информационных процессов позволяет применять к их изучению математические методы, выявляя фундаментальные характеристики и объясняя сущность процессов и явлений окружающей жизни — как природной, так и социально-экономической.

В то же время проблема представления и обработки социально-экономической информации математическими методами сопряжена с проблемой адекватной содержательной интерпретации полученных формализованных результатов, т.е. с оценкой вновь полученной информации об исследуемом процессе или явлении из реальной жизни школьника и его ближайшего окружения.

